



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№ 4 (42)

2012



ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ
№ 4 (42)



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

№ 4 (42)

2012 жылғы

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда № 2993-Ж қуәлігі берілген.

Редакциялық алқа:

Д. Мыңбай

Мемтерминком
төрағасы

- А. Қырықбаев – *Төрағаның орынбасары*
Ш. Құрманбайұлы – *Мемтерминком хатшысы*
К. Бұрханов
Қ. Сарыбай
М. Сқақов
К. Демеш
Д. Омашұлы
С. Абдрахманов
Ө. Айтбайұлы
М. Ахметов
С. Ақаев
Х. Әбішев
Е. Әбдірәсілов
С. Әлісжанов
Ж. Бейсенбайұлы
С. Ибраим
Ш. Пәтгеев
К. Юсуп

Бас редактор

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ РЕСМИ ҚҰЖАТТАРЫ

2012 жылғы 28 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мәжілісі болып өтті.

Мәжіліс күн тәртібінде бірқатар орталық атқарушы органдардан Мемтерминком қарауына келіп түскен салалық терминологиялық сөздіктер, сөздер мен сөз тіркестері қаралды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы салалық терминологиялық комиссиясының ұсынған сөздері мен сөз тіркестері, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған экология саласына арналған терминдер, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының төрт томдық «Орысша-қазақша-ағылшынша түсіндірме терминдер сөздігі», SAP AG компаниясының экономика, қаржы саласына байланысты ұсынған ағылшынша-қазақша терминдер топтамасы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің термині, 1971-2011 жылдар аралығындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдер жинағы баспаға шығару, «Педагогикалық ғылымдар академиясы» қоғамдық бірлестігінің қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер сериясының 10 томдығын әзірлеу жұмыстары.

Комиссия мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты талқылай отырып, тиісті шешім қабылдады.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының
ШЕШІМІ**

Астана қаласы

2012 жылғы 28 қыркүйек

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы күн тәртібінде ұсынылған мәселелерді талқылай келе, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы салалық терминологиялық комиссиясының ұсынған сөздері мен сөз тіркестері ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған экология саласына арналған сөздік ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, жетілдіру үшін қайта сараптауға жіберілсін.

3. Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының төрт томдық «Орысша-қазақша-ағылшынша түсіндірме терминдер сөздігі» ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, жетілдіру үшін қайта сараптауға жіберілсін.

4. SAP AG компаниясының экономика, қаржы саласына байланысты ұсынған ағылшынша-қазақша терминдер топтамасы ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, жетілдіру үшін қайта сараптауға жіберілсін.

5. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің «общественность» сөзіне байланысты «жұртшылық» баламасы бекітілсін.

6. 1971-2011 жылдар аралығындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдер жинағы баспаға шығаруға ұсынылсын.

7. «Педагогикалық ғылымдар академиясы» қоғамдық бірлестігінің қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер сериясының 10 томдығын әзірлеу жұмыстарына байланысты ақпараты назарға алынып, нақты шаралар қабылдансын.

**Мемлекеттік терминология
комиссиясының төрағасы**

Д. Мыңбай

**Мемлекеттік терминология
комиссиясының хатшысы**

Ш. Құрманбайұлы

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының
2012 жылғы 28 қыркүйектегі мәжілісінде қаралып,
бекітілген ҚР Әділет министрлігі жанындағы салалық
терминологиялық комиссиясының ұсынған сөздері мен сөз тіркестері**

№	Орыс тіліндегі нұсқа	Мемтерминком бекіткен нұсқа
1.	Служебное расследование	Қызметтік тексеру
2.	Приобретатель (имущества)	Иелікке алушы
3.	Позиция	Ұстаным
4.	Докладная (записка)	Баянағ
5.	Воспламенительно-разрывной (заряд)	Тұтанғыш-жарғыш (заряд)
6.	Умственно отсталые дети	Ақыл-есі кем балалар
7.	Ходатайство	Қолдаухат, өтінішхат
8.	Экспертный	Сарапшылық
9.	Судебно-экспертный	Сот-сараптамалық
10.	Судебно-экспертная деятельность	Сот-сараптама қызметі
11.	Депутатский запрос	Депутаттық сауал
12.	Оборотная сторона	Сыртқы жағы
13.	Молельная комната	Ғибадат бөлмесі
14.	В связи с рождением ребенка	Бала тууына байланысты

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры, з.ғ.д. Ж.Х. Қосановтың «Экологиялық терминдерді құқық салаларында біріздендіру», Астана медицина университетінің профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі М. Ахметовтің «Соттық медицина саласындағы кейбір терминдерді біріздендіру мәселесі», ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми қызметкері, з.ғ.к., полиция полковнигі И.В. Щепалиннің «Специфика юридических терминов», Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д. Ш. Мажитаеваның «Ахмет Байтұрсынұлының терминтүзім ұстанымдары», А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология бөлімінің бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., доцент Қ.Ж. Айдарбектің «А. Байтұрсынұлы терминологиялық ұстанымдарының қазіргі терминжасам талаптарымен сабақтастығы», Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к. Ж.Д. Рапишеваның «Мемлекеттік тілде термин жасаудың кейбір мәселелері», М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің доценті ф.ғ.к., аға оқытушы Ә.О. Ыбырайым мен К.Қ. Шилібектің «Техника ғылымдарындағы аударма мәселесі» атты мақалалары жарияланып отыр.

Ж.Х. Қосанов*ҚР Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының
профессоры, з.ғ.д.***Экологиялық терминдерді құқық салаларында біріздендіру**

Экологиялық терминдердің әртүрлі заңнама салаларында кеңінен тарауы және біріздендіруді қажет ететіндігі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді сипатынан туындайды.

Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында экологиялық мәселелерді табысты шешумен экологиялық апаттардың алдын алудың негізі кез келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық жүйесін экологияландыру болып табылатындығы ерекше аталған. Тұжырымдамада экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары экономиканы, заңнаманы және қоғамды экологияландыру деп көрсетілген [1, б. 28].

Ұлттық құқықтық жүйені экологияландыруда табиғатты қорғау туралы заңнаманың маңызы зор. Кеңес одағының кезінің өзінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдар қылмыстық және әкімшілік заңнамаларды экологияландыруға көп ықпал етті. Өткен ғасырдың 70-80 жылдары табиғатты құқықтық қорғау салаларының жетістіктері ескеріле отырып, қылмыстық заңнаманың экологиялық мазмұны жаңғыртылды. Қылмыстық кодекске жаңа экологиялық қылмыс құрамдары кіргізілді. Табиғатты қорғау туралы заңнамалардың қолдану тәжірибесін қорыту нәтижесінде кейбір қылмыс құрамдарының формулаларын нақтылау, өзгерту арқылы экологиялық сипат берілді. Қылмыстық кодекстің меншікті қорғауға, шаруашылық қылмыспен күресуге, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, тұрғындардың денсаулығы мен өмірін қорғауға арналған тарауларында шашыраңқы орналасқан экологиялық мазмұнды нормалар экологиялық қылмыстар жөніндегі ерекше тарауда жинақталып жүйеленді.

Қазіргі кезең экологиялық қылмыстың күрт өсуімен және сапалық өзгерістерімен сипатталады. Республикада қылмыстардың жаңа нысанда-ры қалыптасуда, экологиялық қылмыстар ұйымдасқан топтармен жасалуда. Қылмыстық топтардың халықаралық байланыстары нығая түсуде, олар жемқор лауазымды тұлғалармен бірлесуде.

Қазіргі кезде экологиялық қылмыстар трансұлттық сипатқа ие болуда. Криминалдық кәсіп ірі кірістер әкелуде. Экологиялық қылмыстардың құрамы мен түрлік ерекшеліктеріндегі елеулі өзгерістер бұл саладағы экологиялық тер-

миндер мен ұғымдардың жүйесін жаңа сапалық деңгейде жаңғыртуды қажет етеді.

Заң әдебиеттерінде экологиялық қылмыстың бүркемелі сипатына және әкімшілік құқықбұзушылықтан ажырату критерийлеріне аса назар аудару дәстүрге айналды. Экологиялық қылмыстардың бүркемелік сипаты қылмыстың куәгерлерінің болмауына, сырт көзден тыс жағдайларда жасалуымен байланысты.

Ал қазіргі кезеңде әкімшілік экологиялық құқықбұзушылықты экологиялық қылмыстан ажырату критерийлері жаңа сапалық деңгейде нарықтық заңдылықтарды ескере отырып жетілдірілді деуге толық негіз бар.

Бұл Қылмыстық кодексте құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік деңгейіне әсер ететін факторлардың айқынырақ реттеліп, қылмыстық кодекстің нормаларының диспозициясында тікелей көрсетілуімен байланысты. Қылмыстық жауапкершілік басқа да қоғамдық қауіптілік деңгейі жоғары экологиялық құқық бұзушылықтарға қолданылады: адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру; жануарлар және өсімдіктер дүниесінің жаппай қырылуы; алдын ала келісімнің болуы; қылмысты ұйымдасқан топпен жасау; лауазымды тұлғаның қылмысты өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып жасауы.

Табиғи ресурстардың шаруашылық айналымға кеңінен тартылуы экологиялық қылмыстар құрамына жаңа сапалық өзгерістер кіргізді.

Экологиялық қылмыстардың құрамында Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған түрлерінің үлесі арта түсуде. Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Экологиялық қылмыстардың құрамындағы сапалық өзгерістер ҚР ҚК экологиялық қылмыстарға арналған арнайы 11-тарауында өз көрінісін тапты.

Кеңестік кеңістіктегі әкімшілік заңнаманы экологияландырудың маңызды кезеңіне 1984 жылдың 22 наурызында Қазақ ССР «Әкімшілік кодексін қабылдауды жатқызуға болады. Кодекстің сегізінші тарауы табиғатты қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға арналды. Оның мазмұнын қырық құқықбұзушылық құрамы құрады. 2001 жылдың 30 қаңтарында ҚР әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі кодексінде, әкімшілік экологиялық құқықбұзушылық нормалары жаңа сапалық өзгерістерге ұшырады.

Біріншіден, кодекстің 19-ші «Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану» туралы тарауынан тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі нормалар алып тасталғаны оның тек экологиялық құқықбұзушылық нормаларын ғана қамтуға бағытталғанын көрсетеді.

Екіншіден, экологиялық құқықбұзушылық құрамдары тізілімі жаңа қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану саласындағы құқықбұзушылық жөніндегі нормалармен толықтырылды.

Үшіншіден, Кодекстің 31-бабына сәйкес экологиялық құқықбұзушылық үшін әкімшілік жауаптылыққа жеке тұлғалармен қатар заңды тұлғалар тартылады. Заңды тұлғалар әкімшілік жауаптылыққа кодекстің ерекше бөлімінде көзделген құқықбұзушылық үшін, егер әрекет органмен заңды тұлғаны басқару функциясын атқаратын тұлғамен жасалса, рұқсат етілсе, мақұлданса тартылады.

Әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі он тоғызыншы тарау алпыс жеті құқықбұзушылық құрамын қамтиды.

Сонымен қатар, қазіргі кезеңде заңнама салаларын әрі қарай экологияландыру Экологиялық кодекстің жетістіктерін ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Экологиялық кодекстің қабылдануы, ең алдымен, қоршаған орта туралы заңнаманың ұлттық құқық жүйесін тұтастай экологияландырудағы маңызын көтеру қажеттігімен байланысты.

Жалпыға мәлім, кодекске дейінгі қолданыста болған қоршаған ортаны қорғау туралы заң өзінің заңнама салаларын экологияландыруға бағытталған әлеуметтік санатын орындаудан қалған болатын. Ең алдымен бұл табиғи ресурстардың өмірді қамтамасыз ету функцияларын соны әлеуметтік тұрғыдан реттей бастаған және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнан иерархиялық жоғары деңгейдегі жер, орман, су кодекстерін қабылдаумен байланысты. Сонымен қатар, жер, су, орман кодекстеріндегі жеке объектілік тұғырнамалардың басымдылығы әр түрлі, бірақ бір-біріне жүйелі түрде әсер ететін объектілерден тұратын табиғи әлемнің объективтік бірлігіне толық сай емес. Сондықтан, Экологиялық кодексте экологиялық заңнаманың ғана емес, табиғи ресурстық салалардың нормалары да жаңа сапалық тұжырымдамалық деңгейде қорытылған.

Экологиялық кодекстің қабылдануы ең алдымен әкімшілік және қылмыстық заңнамалардың экологиялық мазмұнына елеулі өзгерістер кіргізуге жол ашты. Экологиялық кодекстің қабылдануы Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің арнайы тарауын 240-1 Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу талаптарын бұзу жөніндегі нормамен толықтыруға негіз болды. Экологиялық кодекс кейбір нормалардың атауларын кодекстің жаңа түсініктемелеріне сәйкес өзгертуге әкелді. Мысалы, 243-баптың аталуы Экологиялық рұқсатта көрсетілген қоршаған ортаға эмиссияның нормативтерінен асу немесе экологиялық рұқсаттың болмауы деп өзгертілді – бұрынғы атауы – атмосфераға шығындылардың мүмкін шегі жөніндегі нор-

мативтерден асу. Кейбір баптардың қалдықтарды орналастыруға жауаптылық жөніндегі нормалармен толықтырылуы Экологиялық кодексте Қалдықтар жөніндегі Базель конвенциясына сәйкес нормалардың болуымен байланысты.

Сонымен қатар, қазіргі кезеңде әлі де болса орын алып отырған әкімшілік және қылмыстық құқық салаларындағы экологиялық мазмұнды терминдердің экологиялық кодекстегі түсініктер мен қайшылықтары олардың қолдану тәжірибесінің тиімділігіне кері әсер ететіні сөзсіз.

Мысалы, ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің экологиялық құқық бұзушылыққа арналған тарауына мазмұны бойынша экологиялық құқық бұзушылыққа жатпайтын бірнеше құқықбұзушылық құрамдар кіргізілген. Оларға, Минералдық шикізатты өндіру мен өңдеу ұйымдастыру жобаларын әзірлеудің ережелерін бұзу жөніндегі 262-бапты, Су шаруашылығы объектілерін, өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін зақымдау, оларды пайдалану ережелерін бұзу жөніндегі 277-бапты, ҚР Континенталды шельфінде теңіздік ғылыми зерттеулерді жүргізу ережелерін бұзу жөніндегі 303-бапты жатқызуға болады.

Екіншіден, кейбір баптарда дербес құқықбұзушылықтың бірнеше құрамы біріктірілген. Мысалы, Орманға пайдалы фаунаны жою, орманды қалдықтармен, химиялық заттармен қоқыстандыру және орман қорының жеріне басқалай зиян келтіру жөніндегі 289-бапта үш экологиялық құқықбұзушылық құрамы көрсетілген – жануарлар әлемін қорғау мен пайдалану ережелерін бұзу, орман және жер құқықбұзушылығы.

Үшіншіден, тараудың кейбір баптарында терминдерді қолданудағы келеңсіздіктер назар аударады. Мысалы, фауна деген термин экологиялық заңнамаға тән емес, табиғи ғылыми түсінік.

Кейбір нормалардың экологиялық кодекстің ұғымдары мен терминдерінің мазмұнына сай келмеуі Қылмыстық кодексте де орын алған.

Мысалы, Қылмыстың 282 атмосфераны ластау жөніндегі бабындағы терминді атмосфералық ауаны ластау деген экологиялық заңнамада қолданылатын түсінікпен ауыстырған жөн. ҚР ҚК 283-бабында Теңіздік органы ластау үшін жауапкершілік қарастырылған, ал Су кодексінде теңіз деген термин кеңінен қолданылады.

ҚК 291 ормандардың барлық тобы деген ескі термин қолданылған, Орман кодексі ормандарды топқа бөлуден бас тартқан, тек қана ормандардың қорғау санаттары ғана қарастырылған.

Екіншіден, кейбір баптарда орынсыз қайталауларға жол берілген. Мысалы, кодекстің 283 Теңіздік органы ластау жөніндегі бабында жануарлар әлеміне және балық қорларына зиян келтіру жөнінде айтылған. Біріншіден, балық қоры жануарлар әлемінің құрамдас бөлігі, екіншіден, балық қоры

кеңес одағы кезінен балық шаруашылықтарында арнайы өсірілетін мүлік пен тенестіріледі.

Үшіншіден, тараудың кейбір баптарында экологиялық қылмыстардың ла-стау, жою, бүлдіру, сарқылту сияқты қоғамдық қауіпті салдары кейде процесс, әрекет ретінде қарастырылады.

Төртіншіден, тарауда болмысы, мазмұны жағынан экологиялық қылмысқа жатпайтын қылмыс құрамдары кездеседі. Мысалы, 280 Ветеринарлық ере-желерді және басқа да өсімдіктердің аурулары мен зиян әрекеттерімен күресу ережелерін бұзу жөніндегі баптың экологиялық қылмыстар жөніндегі тарауда орналасуы күмән туғызады. Бұл ережелердің қоршаған табиғи ортаны қорғауға қатысы жоқ, ауыл шаруашылық өндірісінде үй жануарлары мен өсімдіктерді қорғауға бағытталған.

Экологиялық кодекс ұлттық экологиялық мәселелермен ғана шектел-мей, қоғаммен табиғаттың өзара әсерін оның жаһандық деңгейін ескере оты-рып реттейді. Экологиялық кодекстің 7-бабына сәйкес атмосфералық ауаны, табиғи экологиялық жүйелерді, климат пен жердің озон қабатын тиісінше қорғау әлемдік қауымдастықтың бірлескен қызметінсіз мүмкін еместігі күмән туғызбайды. Осыған байланысты құқықтар салаларындағы халықаралық мәні бар терминдерді де біріздендірудің өзектігі арта түседі.

М. Ахметов

*Астана медицина университетінің профессоры,
медицина ғылымдарының кандидаты,
ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік
терминология комиссиясының мүшесі*

Соттық медицина саласындағы кейбір терминдерді біріздендіру мәселесі

Ресми құжаттарымызда, заңдарымызда терминдер қазақ тіліне қалай аударылып, қалай жазылып жүр? деген сұраққа жауап іздедік.

Мысалы, 2002 жылы «Ресми іс қағаздары» атты кітапта және 2006 жылы шыққан «Іс қағаздарын мемлекеттік тілде сауатты жүргізу мәселелері» атты кітапта «іс қағаз» сөзі бөлек жазылған. Ал «Тіл құралы» кітабында «Ісқағаздарының үлгілері» деп бірге жазылған. Осы авторлар 100 мың данамен шыққан «Орфографиялық сөздікке» қарамай ма деген ой туады. Орфографиялық сөздіктің 474 бетінде **ісқағаз, ісқағаз жүргізу, ісқағаз стилі** деп бірге жазылған. Демек, **ісқағаздарының емес, ісқағаздардың, ісқағаздың, ісқағазға, ісқағазбен** болып жазылуы керек еді ғой.

Еліміз тәуелсіздік алғанымен, тіліміз толық тәуелсіздік алған жоқ, әлі күнге орыс тіліне «тәуелді» аударма тіл болып тұр. Қазақ тіліне орыс тілінен құрылымдық интервенция күшейіп барады. Әсіресе, компьютерлік аударма программалары енгізілгеннен бері сөйлем құрылымымыз бұрынғыдан бетер бұзылды.

Дәрігерлердің кәсіби тіліне қатысты терминдердің бірізділенуі адамның денсаулығын қорғауға қызмет етсе, адамның құқығын қорғауға қатысты заң терминдері адамның да, бүкіл қоғамның да тағдырына әсер етеді. Заңнама мен медицинаға тең қызмет ететін терминдер «Судебная медицина» деп аталатын салада өте көп. Бірақ сол «судебная медицина» атауы әлі күнге «**сот медицинасы**» болып жазылып жүр. Бұл атаудан «соттың өзінің жеке медицинасы бар» деген сияқты ұғым туады. Неге медицинадағы сотқа қатысы бар саланы «соттық медицина» демейміз? Сонда «судебно-медицинская экспертиза» деген сөз тіркесін «соттық-медициналық сараптама» деп жатық аударған болар едік. Қолданылып жүрген **сот медицинасы** деген сөз тіркесі **судебная медицина** емес, **Медицина суда** болып тұр.

Мысалы, **криминальный аборт** – «**қылмысты түсік**» деп жазылып жүр, кейбір сөздіктерде «**астыртын түсік**» деп берілген. Осы сөз тіркесінен құралған терминнің әр сөзін бөлек түсіндірсек, **аборттың** қазақшасы **түсік** деп берілген. Латынша abortus – *процесс прерывания беременности*, ал **түсік** – не-

доносок (*преждевременно рожденный плод*), сондықтан аборт – түсік түсу, түсік тастау болу керек еді (*если процесс самопроизвольный*) немесе түсік түсіру, түсік тастату болу керек (*если процесс совершен насильственно*).

«Қылмысты түсік» «астыртын түсік» дегенді оқығанда, өзі өлі, тіпті кеудесінде жаны бар болған күнде де түсіп қалған шарана, яғни, **түсік**, жаңағы **недоносок** нендей астыртын қылмыс жасап қойды екен деген ойға қаласың. Егер **криминал+ды аборт** десек түсінуге болады, ал **криминал+ды полиция** дегенді қалай түсінеміз? Қылмысы бар полиция ма? Сөзжасам заңдылықтарын жетік білмейтіндігімізден, әйтеуір -лік, -лық, -дік, -дық, -тік, -тық деп жалғау-жұрнақты жапсырып терминдерді толғанып ізденбей, толғапшай шала-жансар туып жатырмыз.

2007 жылы шыққан «Заң терминдерінің сөздігінде» **судебный пристав** – сот приставы деп берілген. Бұл терминді 1997 жылы, яғни он жыл бұрын Мемтерминком **ЖАСАУЫЛ** деп бекіткен. Ожеговтың түсіндірме сөздігіне жүгінсек, **судебный приставтың** міндеті **судебный исполнитель** деген атауға мазмұндас. Ал жоғарыдағы «Заң терминдерінің сөздігінде» **судебный исполнитель – сот орындаушысы** деп берілгені орынды. Патшалық Ресей кезіндегі **судебный приставтың** міндеті өзгеше болған болса, неге **жасауыл** сөзін **приставқа** қимаймыз. Баяғы заманнан-ақ қазақ тілінде **жасауыл, айдауыл, қарауыл** сөздері бар емес пе?! Сол «Заң терминдерінің сөздігінде» **судимость – соттылық** деп жазылған, ал Мемтерминком 2002 жылы бұл сөзді **сотталғандық** деп бекіткен. Бір сөздіктерде: **побег подсудимого из-под стражи – сотталушының абақтыдан қашуы** деп берілген. Сонда **стража** абақты ма? Бұл: **сотталушының күзеттің қоластынан қашып кетуі** емес пе?! Сонда сөздік құрастырушылар Мемтерминком бекіткен терминдерді мойындамай ма? Көп жерде **подозреваемый – күдікті** деп берілген. **Подозрительный** мен **подозреваемый** арасында айырмашылық бар ғой. Кейде **сезікті** деп айтылып жүр. Осы баламаларды талқылап көрейікші. Қылмыс жасаған адам да күдіктеніп, қашып жүреді, оны іздеп жүрген полиция да күдіктенеді. Сонда осы екеуінің қайсысын күдікті деуіміз керек? Ал **сезікті** деген сөзді қалай түсінеміз? Екеуінде де **сезім** (сезік?) бар ғой. Орыстың **обвиняемый, подсудимый** деген атауларын **айыпталушы, сотталушы** деп жақсы аудардық қой. Осы тәсілмен **подозреваемый** сөзіне балама табылмады ма? Бүкіл терминдерімізді **біріздендіреміз** деп жазып жүрміз. Кейбіреулер **бірізділендіру** дейді. Сонда біз бірігіп алып **ізденіп** жүрміз бе, әлде тапқандарымызды **бірізді** етеміз деп жүрміз бе? Айтып, жазып жүргендеріміздің қайсысы дұрыс? Ойланайықшы.

Жалпы терминдерімізді біріздендіру үшін төмендегідей ұсыныс беремін.

Әрбір ғылым саласының қазақ тіліндегі терминдерін біріздендіру үшін қазақша сәтті эквиваленттерін тауып, жүйелеу үшін сол ғылым саласының

кәсіби біліктілігі жоғары мамандардан іріктеліп құрылған топ болуы қажет. Қазақ тіліндегі ғылыми терминдерді жинақтап, сөздіктер шығарумен әр саланың ғалымдары өздері айналысып жүр және бірін бірі мойындамайды.

Терминжасаммен айналысатын ғалымдарға қойылатын талап болу керек. Критерийлер жасау қажет. Мемлекеттік тілді еркін меңгерген ғалымдар тартылу керек. Олардың қазақ тілінде жазған көркем аудармашылық еңбектері болу керек. Ағылшын тілін, т.б. шетел тілдерінен хабары бар маман болғаны жөн. Көптеген терминдер латын тілінен алынғандықтан, сол атаулардың этимологиясын талдап, түсінетін қабілеті болғаны жөн.

Терминологиямен айналысатын топта міндетті түрде сөзжасам заңдылықтарын білетін тіл маманы терминолог ғалым болуы керек. Терминдерді тек сол саланың ғалымдары ғана емес, филолог-терминологтың талқылауынан өткізіп барып бекіту керек. Көп жағдайда терминдерді тек филолог ғалымдар ғана талқылап бекітіп жібереді, ал олар әр саланың терминдері қандай затты, құбылысты, процесті бейнелейтінін терең біле бермейді. Неғұрлым ғылыми атағы жоғары болса, сол ғалым сәтті термин табады деген пікір қате. Терминологтар полиглот болу керек.

Кез келген салалас ғылымдардың мемлекеттік тілдегі терминдерін біріздендіру үшін сол сала бойынша түркі тілдес халықтардың терминологиясын меңгерген мамандар іріктелуі керек.

И.В. Щепалин*Научный сотрудник**Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова,**кандидат юридических наук,**полковник полиции*

Специфика юридических терминов

Известно, что языку, помимо коммуникативной функции, свойственна и организующая: язык – средство распространения знаний, формирования сознания, в том числе и правосознания, средство воспитания и развития человека. Язык активно участвует в организации труда и многих других форм социальной жизни. Слово, таким образом, становится эффективным орудием общественной деятельности. Важно правильно и разумно его использовать.

Выполняемым языком всеобъемлющие функции коммуникации и накопления знаний, организации общественной жизни привлекают к этому уникальному социальному явлению не только лингвистов, но и представителей других специальностей, в том числе юристов. К сожалению, юристы крайне мало внимания уделяют проблемам, связанным с совершенствованием языка и стиля нормативных предписаний, часто неоправданно беззаботно относятся к терминологии законодательных актов. Потому в законах слишком много лингвистических погрешностей: неправильное употребление слов, неточность выражений, смысловая и синтаксическая избыточность, даже грамматические и пунктуационные ошибки.

Однако юридическая наука (как, впрочем, и филология) пока не располагает целостной концепцией, дающей систематическое объяснение лингвистическим феноменам в правовой сфере. В то же время языковые факты в праве и в правоправедении (хотя бы на уровне анализа используемых понятий и терминов) рассматриваются столь часто, что ссылки на словари В.И. Даля и С.И. Ожегова у большинства учёных-юристов оказываются едва ли не самыми распространёнными. Единственной монографией, специально посвящённой законодательной стилистике и анализу языка законодательства, была и до сих пор остаётся книга А.А. Ушакова, написанная более 30 лет назад.

Между тем проблема, лежащая на стыке юриспруденции и лингвистики, – составная часть многогранного вклада, который могут и должны внести учёные-юристы в совершенствование правовых основ государственной и общественной жизни, в обеспечение неукоснительного соблюдения законности и правопорядка. Эта работа предполагает прежде всего повышение качества

самих законов и подзаконных актов. В Государственной программе правовой реформы в Республике Казахстан подчёркивалось: «Необходимость глубокого реформирования юридической сферы общества вызваны тем, что осуществляемые преобразования экономической и политической системы общества требуют создания адекватной им правовой инфраструктуры. При этом правовая реформа должна проходить наряду с политическими и экономическими изменениями в республике и даже с некоторым опережением, чтобы удержать их в регулируемых рамках. Утверждение новых общественных отношений должно сопровождаться своевременной коррекцией их правового обеспечения, принятием качественного законодательства...». Понятно, что улучшение качества законов неразрывно связано с использованием наиболее рациональных языковых средств выражения юридических установлений и достижением тем самым максимальной точности, ясности, определённости нормативных документов. По данным Института государства и права АН СССР, около четверти всех нарушений законности вызваны несовершенством законодательных актов – их неполнотой, неясностью, противоречивостью. Поэтому в умелом использовании языкового инструментария заложен огромный резерв повышения качества правового регулирования общественных отношений.

Следует отметить проблему специфики языка права, методологически значимую в связи с такими фундаментальными категориями, как сущность права, преемственность и новизна в эволюции содержания и форм правового регулирования, юридическая техника и юридическая интерпретация. Общетеоретическое и отраслевые исследования этой проблемы обычно ограничиваются вопросами содержательной и юридико-технической стороны действующего законодательства: изучается конструкция соответствующих институтов и норм, их систематизация, логика и терминологии законов. При этом специфика языка права усматривается в его особой точности, доступности, логичности и строгой однозначности.

Специфика языка права определяется особенностями социального отражения юридически значимых аспектов человеческих взаимоотношений. В исторически длительном процессе освоения материальных и духовных ценностей, относящихся к правовой действительности, потребовались такие способы языкового выражения мысли, посредством которых можно оформить идеи концепции, восходящие не только к разуму (порядок, справедливость, свобода), но и к вере (правда-истина, совесть, судьба, жизнь, смерть, грех, наказание, святость, спасение).

Будучи продуктом человеческого общества, язык в свою очередь оказал огромное влияние на развитие прав. В законодательстве язык является единственным строительным материалом, первоэлементом, из которого оформля-

ются правовые категории. Функция языка законов состоит в том, чтобы с его помощью опосредовать в праве различные по своей природе отношения (экономические, политические, семейные и другие), довести до населения распоряжения государственной власти. Язык выражает связи между государственными органами, между последними и гражданами и гражданами между собой.

Поскольку регулирующая функция права органически связана с познавательной, а правовая норма, выражающая законодательную волю, одновременно несёт в себе определённые сведения об этой воле, сообщает известную о ней информацию, которая должна быть познана тем, кого правовая норма обязывает или управомачивает, постольку в этом случае язык выступает уже не как правовой нормой, не как средство раскрытия воли законодателя, а как мысли о правовой норме. Здесь законодатель оперирует не правовыми величинами (нормами, институтами и так далее), а действует посредством логического мышления (понятием, суждением, умозаключением). В этой части язык законодательного произведения функционально и структурно ничем не отличается от языка других научных сочинений, содержащих в себе известную сумму знаний о тех или иных явлениях природы и общества. В законодательном произведении язык выступает как бы в двуединой функции, которую можно назвать нормативно-юридической.

Функционируя в области права, язык законов как стиль речи характеризуется своими стилистическими языковыми нормами. Из всех качеств для стилистических норм языка законов наибольшее значение имеет точность. Это свойство языка законодательства вытекает как из природы самого языка, так и из специфики самого права как регулятора общественных отношений. Точность языка – это не только требование законодательного стиля, но и смысла закона. Хотя точность языка и является первоосновой в языке законов, в одном ряду с ней находится и доступность.

Известно, что одной из главнейших социальных функций права является регулирование поведения людей в обществе. Тем самым постигается целенаправленное интегрирование индивида в социальное целое, что обеспечивает существование и развитие последнего. Чтобы право было способно выполнить эту функцию, оно должно обладать формой, которая принята в культуре данного общества. В современных условиях форма права не может выступать иначе как знаковая форма, источником и воплощением которой служит определённый язык. Следовательно, проблема восприятия права или его толкования всегда опосредована текстом, от качества которого, точнее, от качества переложения на письме воли законодателя, зависит исходный момент правоприменения – понимание права. «От того, как сформирована государственная воля

в праве, во многом зависит эффективность её осуществления, её понимание исполнителями, соответствие их действий предписанием права».

Точность и доступность законодательного стиля определяет и другие его качества, например, стандартность его языковых средств. Не всегда заслуженная критика законодательного языка как сухого, шаблонного объясняется именно тем, что к нему подходят без учёта сущности права, выступающего регулятором общественных отношений, который стремится подвести всё их многообразие под определённый юридический знаменатель и стандарт. Язык права абстрагируется от индивидуальных речевых особенностей людей, а это обуславливает его формализацию, применение устойчивых речевых конструкций со строго установленными правилами. Стандартизация законодательной речи облегчает восприятие законов, способствует совершенствованию законодательной техники и не является свидетельством её бессодержательности, как иногда об этом пишут.

Стилевые характеристики норм законодательного языка находят свое выражение в его структурных уровнях, из которых в речи законодателя наибольшее значение имеет лексика. Основу словаря законодателя составляют общеупотребительные слова. Они не имеют в речи законодателя какого-либо другого значения, кроме общепринятого и делают язык законов понятным, доступным. Наряду с общеупотребительной лексикой в языке законодателя имеется юридическая лексика, которая служит для выражения специфических понятий и категорий. Именно она имеет стилистическую законодательную окраску. И наконец, законодатель довольно часто использует слова, заимствованные из других отраслей науки и техники.

Лексика законодателя терминирована, что связано с внутренней природой права. Следствием этого является отсутствие многозначности и гиперболизации языка, лирически-эмоционально окрашенных слов, переносно-фигурального употребления слов и вообще средств художественной изобразительности. Здесь всё должно быть названо своим именем: кража – кражей, сделка – сделкой, преступление – преступлением и так далее. В языке законов слова используются преимущественно в их атрибутивно-номинативном значении. Так называемый полисемантизм, столь характерный для словарного состава национального языка и доступный в искусстве, не имеет базы для своего существования в языке законодателя. Отличительной особенностью лексики в целом является их общенациональный характер. Слова, фразеологические сочетания, не вошедшие в литературный язык (диалектизмы, провинциализмы, жаргонизмы, артонизмы и так далее), не должны иметь места в словаре законодателя, так как не отвечают требованиям точности и доступности.

Проанализировав морфологическую структуру законодательной речи и правового текста, нельзя не заметить её индикативной глагольной окраски, которая с целью выражения воли законодателя не имеет прямого обращения к лицу, хотя в своём содержании содержит тот же императив. Широкое использование глаголов и образованных на их основе отглагольных существительных связано с тем, что право опосредствует волевые отношения. Законодатель стремится подчеркнуть волевой момент, законченность действия, он призывает к действию, ибо писанный закон есть словесное выражение государственной воли, которая управляет определённым образом действиями людей.

Смысл создания правовых текстов, написанных на существующем в данном обществе языке (языках), заключается в сообщении членам общества определённой информации, а её смысл – в качестве самой этой информации.

Язык закона – чрезвычайно важный фактор проведения в жизнь государственной воли. Словесная оболочка этой воли должна не только придавать закону свойство смысловой общедоступности, но и гармонизировать само содержание закона, способность превращению его в цельный и современный продукт интеллектуального труда. «В современном государстве, – писал Ф. Энгельс, – право должно не только соответствовать, не только быть его выражением, но также быть внутренне согласованным выражением, которое не опровергало бы само себя в силу внутренних противоречий».

Правовые предписания – разновидность социальной управляющей информации. Они обращены к тем, кто должен её воспринять, осмыслить, переработать и использовать. Поэтому язык как способ передачи информации должен учитывать особенности воспринимающих её субъектов, «подлаживаться» под эти особенности, иначе информация (или какая-то её часть) «не дойдёт» до адресата, потеряется или будет искажена.

Синтаксис языка права в значительной степени обуславливается логикой законодательного мышления. Стремление законодателя изложить в обобщенной форме, подчеркнуть волевой характер жизненных процессов, установить разнообразные, в особенности причинно-следственные связи между участниками правоотношений, необходимость представить все обстоятельства дела требуют развёрнутых синтаксических построений. Стремление законодателя не только изложить факты, но и дать им оценку вместе с правовыми выводами, последовательно выразить сложную систему юридических понятий с чёткими и разнообразными логическими взаимоотношениями между ними приводит к тому, что «законодательный» синтаксис тяготеет к преобладанию сложно-подчинённых предложений над сложносочинёнными, сложных над простыми, полных над неполными.

Поскольку законодательный документ стремится с предельной точностью изложить содержание той или иной жизненной ситуации, урегулированной правом, поскольку и вытекает тот преднамеренный рационализм текста и построений предложений, их известная стандартность, которую однако нельзя принимать за канонизацию отдельных выражений, хотя для законодательного стиля и характерна частая повторяемость одних и тех же оборотов. Стандартизация синтаксиса законодателя направлена на моделирование общественных отношений.

Языковые конструкции, применяемые при составлении закона, должны придавать изложению логичность, последовательность, связность, системность. Речь законодателя рассчитана в первую очередь на логическое восприятие, а не на эмоции. В ней нет художественных средств отображений действительности (метафор и других переносов значения). Напротив, язык закона стандартизован, трафаретен, в нём используются речевые клише, он сух и однообразен. Но именно эти средства обеспечивают точность законодательного языка и предельную его лаконичность.

Особое место в языке закона занимают термины, то есть слова (или сочетания слов), которые являются наименованием определённых юридических понятий. Неразрывно связанный с выработанным юридической наукой понятием, термин выступает не только как его представитель, его символ в нормативной практике, но и как средство установления объёма данного понятия, а также передачи и адекватного восприятия информации, сосредоточенной во взаимосвязанных терминах. Поэтому точные, упорядоченные терминологические системы отраслевых законов активно содействуют развитию в нужном направлении определённых групп общественных отношений, не говоря уже о том, что они служат импульсом для новых научных исследований, опирающихся на чёткие и устоявшиеся термины.

Напротив, неупорядоченная терминология, отражающая аморфность, неопределённость системы понятий, снижает информативные возможности закона, отрицательно сказывается на правоприменении, ведёт к нескончаемым бесплодным спорам в теории и на практике.

В терминологических системах процессуального закона (уголовного, гражданского, административного) нередко встречаются несоответствия термина понятию (должна ориентация термина), длинноты и неудобопроизносимости терминов (определений), пробельность (отсутствие терминов для ряда понятий) и другое. Многие терминологические ошибки связаны с нарушением правил и законов логики, неверным употреблением терминов в результате произвольных классификаций, искажением отношений между близкими понятиями. За всем этим стоят разноплановые явления, которые хорошо прослеживаются

на историческом фоне: изменения законодательства, подъёмы и спады научной мысли, смена теоретических концепций, связь и дифференциация научных дисциплин, развитие культурных, в том числе зарубежных связей, состояние лексической и стилистической системы языка и другие.

Распространёнными недостатками правовой терминологии являются синонимия и полисемия. В идеале соотнесенность термина с понятием предполагает его однозначность (моносемию). В пределах определённой терминологической системы термин должен соответствовать только одному понятию. Чем конкретнее место термина в системе, тем он точнее. Термин должен быть понятен даже вне контекста – таков критерий точности термина. Формула «один термин – одно понятие» характеризует развитую, высокоорганизованную терминологическую систему, которая должна быть отличительным признаком такого столь насыщенного информацией социального феномена, как закон.

При формировании юридических норм используются три вида терминов: общепотребляемые, специальные технические и специальные. Использование общепотребляемых слов в законе возможно только в том случае, которое они имеют в литературном языке. Например, термин «защитник» не может иметь в законе другого значения кроме общепринятого – тот, кто защищает от чего-то. Это же касается терминов «обвинитель», «свидетель», «законодательство» и других. Требование не придавать общепотребляемым словам специальный, профессиональный смысл объясняется ещё и тем, что «границы между узкоспециальными и общепонятными терминами изменчивы. Происходит передвижение части узкоспециальной лексики в общепотребительную, которая нередко уже не осознаётся как терминологическая. Этому передвижению способствует ряд причин, среди которых большую роль играет повышение общеобразовательного уровня населения, а также значение той или иной науки, отрасли хозяйства в настоящий момент, с чем связана широкая пропаганда достижений этой науки, отрасли хозяйства средствами массовой информации (печать, радио, телевидение)».

Известный учёный-лингвист Ф.П. Филин писал: «Наличие бесконечно разнообразной вариативности – богатство высоко развитого языка, позволяющего выражать массу семантических и стилистических оттенков и нюансов, важных в процессе общения. Однако это не просто богатство, математическое сложение языковых явлений. Многие из вариантов находятся не в дополнительном, а в конкурирующем отношении друг к другу, что создаёт трудности словоупотребления, выдвигает актуальные проблемы борьбы за культуру речи... В то же время совершенно очевидно, что язык состоит не из отдельных слов. Он представляет собой сложную систему, в которой слова цементируются грамматическими и лексико-семантическими отношениями, без чего немислимы

связная речь, общение между людьми, познание и перестройка мира – неперенное условие существования человеческого общества. *Только в связном тексте раскрываются все формы, значения, оттенки значений и употребления слов.* Язык в соединениях слов неистощим, как безразлична сама человеческая мысль».

Специальные технические термины, употребляемые в процессуальном законе, следует рассматривать как «инородные» и потому не подлежащие никакой переработке (смысловой или грамматической). Их значение – только то, которое они имеют в соответствующей отрасли знаний. Именно, например, трактуются термины «звукозапись», «фотографирование», «видеозапись», «слепок» или «оттиск следа», «диапозитив», «фонограмма» (ст.219 УПК РК).

Что касается специальных юридических терминов, то у них свой, особый смысл. Характеризуя рассматриваемую группу терминов, нужно различать, во-первых, юридические термины, которые заимствованы из общепринятого языка, но в законодательстве приобрели иное отличие от прежнего значения (например, «жалоба», «ходатайство», «деяние», «возбуждение», «производство», «выемка») и, во-вторых, термины, свойственные только законодательным актам (например, «подсудность», «правоспособность», «дееспособность», «иск», «административное выдворение», «кассационная инстанция», «частное определение»). Как отмечает С.С. Алексеев, специальная юридическая терминология «необходима не только потому, что сокращает изложение, но главным образом потому, что во многих случаях без них невозможно с необходимой точностью выразить мысль законодателя. Применение специальной юридической терминологии является высокой юридической культурой правотворческой и иной юридической работы».

Широко используются синтаксические способы образования терминов. Основная причина появления терминов, создаваемых из двух и более слов, – потребность выделить некое множество предметов из класса по какому-либо признаку, называемому видовым отличием.

Например, термин «допрос» обозначает процессуальное действие, предназначенное для получения «личных» (в смысле «от лица») сведений об интересующих следствие и суд обстоятельствах. Но лица, вовлекаемые в сферу судопроизводства, занимают разное процессуальное положение, у них разные права и обязанности, поэтому различается и порядок их допроса. В связи с этим из родового понятия «допрос» вычлняются все составляющие его видовые понятия: допрос подозреваемого, допрос обвиняемого (подсудимого), допрос потерпевшего, допрос свидетеля, допрос эксперта. Далее, иногда требуется подчеркнуть возраст допрашиваемого, и тогда появляется термин «допрос несовершеннолетнего свидетеля». Допрос может обрести ещё один при-

знак – порядок по счёту. В этом случае к термину прибавляется новое слово – «вторичный допрос несовершеннолетнего свидетеля». Наконец, если важно указать, где именно производится допрос, то термин ещё более усложняется – «дополнительный допрос в суде несовершеннолетнего свидетеля» (ст. ст. 214, 216, 217 УПК РК).

При этом необходимо помнить о том, что от правильного употребления термина часто зависит «узнаваемость» всей правовой нормы закона или подзаконного акта. Присутствие в действующих законах множества различных терминологических единиц, совпадающих по своему значению, вносит сумятицу в правоприменение. Кроме того, невыдержанность юридических наименований непосредственно сказывается на научных исследованиях, рождая схоластические споры. Она проникает и в среду практиков, укореняясь в их лексиконе весьма прочно и надолго, несмотря на последующие уточнения отдельных норм. Следовательно, проблема упорядочения, стандартизации терминов – главная, хотя и разумеется, и не единственная в совершенствовании языка законодательных актов.

Таким образом, законодатель при языковом выражении правовых категорий обязан стремиться к точности юридической нормы. Язык права должен быть ёмким, лаконичным и доступным. От силы и выразительности языка, которым написаны законы, указы и постановления, во многом зависит воспитательное и регулирующее значение права.

Список литературы:

1. Ушаков А.А. Очерки советской законодательной статистики. – Пермь, 1967.
2. Государственная программа правовой реформы в Республике Казахстан // Караганда. 1994. 29 марта.
3. Кудрявцев В., Лукашева Е. Государство, право, человек. – М., 1986. С. 97.
4. Пиголкин А.С. Законодательная техника и правотворчество // Научные основы советского правотворчества. – М., 1981.
5. Грязин И. Текст права (опыт методологического анализа конкурирующих теорий). – Таллин, 1983. С. 29.
6. Шебанов А.Ф. Форма советского права. – М., 1968. С. 27.
7. Иссерлин Е.М. Официально-деловой стиль. – М., 1970.
8. Маркс К., Энгельс. Ф. Соч., 2-е изд. Т. 37. С. 418.
9. Алексеев С.С. Проблемы теории права. – Свердловск, 1973. Т.2. С.155.

10. Большой юридический словарь / Под ред. А.Я. Сухарева, В.Д. Зорькина, В.Е. Крутских. – М., 1997. С. 782.
11. *Квитко И.С.* Термин в научном документе. – Львов, 1976. С. 16.
12. Современный русский язык / Под ред. Д. Э. Розенталя. – М., 1984. С. 74.
13. *Филин Ф.П.* Очерки по теории языкознания. – М., 1982. С. 102.
14. *Алексеев С.С.* Указ. раб. С. 157.

Ш. Мажитаева*Қарағанды мемлекеттік университетінің
профессоры, ф.ғ.д.*

Ахмет Байтұрсынұлының терминтүзім ұстанымдары

XX ғасырдың басында ғылымның түрлі салалары бойынша қазақ тілінде оқулықтар жазылып, қазақ баспасөзінің ел арасына ғылым-білімді кеңінен насихаттауы – ғылыми терминологияның қалыптасуына негіз болды.

XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдарға, баспадан шыққан басылымдарға қарағанда, қазақтың көрнекті зиялылары А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Сәдуақасов, Е. Омаров т.б. қазақ әліпбиін жасау, қазақ тілін мекемелердің іс қағаздарына енгізу, ұлт кадрларын даярлау мәселесіне ат салысқанын, ана тілінде оқулықтар жазып, пікір-таластар, айтыстар ұйымдастырып отырғанын көреміз.

Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының терминжасамда ұстанған принциптері терминологиялық лексиканы жалпыхалықтық тіл негізінде жасауға бағытталғандығымен ерекшеленеді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі, ағартушы-педагог, ғалым, сөз құдіретін терең түсінген тілші.

А. Байтұрсынұлының қаламынан туындаған филология терминдері сөзжасамның түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы жасалған. Бұл жерде біз ғылымның өзіміз қарастырып отырған мәселеге қатысты, яғни терминдену тәсілі арқылы жасалған бірді-екілі терминдеріне ғана тоқталмақпыз, осы кезеңде өмір сүрген айрықша тұлға ретінде оның ғылыми терминологияның қалыптастырудағы рөлін арнайы сөз етпекпіз.

Сонымен XX ғасыр басындағы терминжасам ісінде айрықша көзге түсетін тұлға – А. Байтұрсынұлы.

Нақты бір ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен, олардың өзге тілдерден аударылуымен тығыз байланысты. Қазақстанда қазақ тілінде жазылған ондай еңбектердің жарық көруі – XX ғасырдың бірінші онжылдығынан басталады, яғни қазақтың ғылыми терминологиясының туындауы да дәл осы кезеңнен басталады деуге негіз бар.

Бұл істің басында осы кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен түрлі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазған А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедов, Ж. Күдерин, Е. Омарұлы, С. Қожанұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ғ. Қараш сияқты қазақ зиялылары тұрды.

Осы аталған авторлардың әрқайсысы салалық терминологияның қалыптасуына өзіндік үлестерін қосты. Оған аттары аталған зиялылардың еңбектерінде кездесетін ғылыми атаулар куә бола алады. Соған қарамастан, олардың арасынан А. Байтұрсынұлының есімі ерекше аталады. Кезінде М. Әуезов, Е. Омарұлы, С. Сәдуақасұлы, М. Дулатов, С. Сейфуллин, Т. Шонанов сияқты қазақ зиялылары негізін қалаған Ахметтану ілімі арада сексен жылдай уақыт салып барып жалғасын тапты. А. Байтұрсынұлы ақталғаннан кейінгі он жылдан астам уақыт ішінде ұлы тұлғаның соңына қалдырған еңбектері әр түрлі қырынан зерттеле бастады. Бұл істен тілші ғалымдар да шет қалмай өз үлестерін қосуда. Р. Сыздықова, Ә. Қайдаров, Ө. Айтбаев, М. Жүсіпов, Ш. Құрманбайұлы, А. Қоңырова, т.б. ғалымдардың жариялаған еңбектері соның дәлелі.

Ахметтану ілімінің негізі «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 4 ақпандағы санында «Ахаңның 50 жылдық тойы» деген атпен жарияланған М. Әуезовтің мақаласынан бастап қаланды деуге болады. Сонымен бірге сол кезде А. Байтұрсынұлының өмірі, қызметі, тіл зерттеудегі еңбектері жайлы М. Дулатовтың, Е. Омаровтың, С. Сейфуллиннің, С. Сәдуақасовтың, Т. Шонановтың мақалалары жарық көрді.

Әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан қазақ зиялыларының көрнекті өкілдеріне «ұлтшылдар», «кенес өкіметін құруға қарсы әрекет етушілер» деген айып тағылып, оларды қуғын-сүргінге ұшыратқаннан бергі 80-жылдардың аяғына дейін аты аталмай, еңбектері дұрыс баға алмағандардың біріне қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым, ағартушы педагог, ірі қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлы жатады. Елімізде болған жариялылық, демократиялық процестерінен бергі уақыт ішінде А. Байтұрсынұлының мұрасын жан-жақты зерттеген көптеген еңбектер жарияланды. Оларға Ә. Қайдари [2], Р. Сыздықова [1], Ө. Айтбаев [3], М. Жүсіпов [4], Ш. Құрманбайұлы, Ш. Мажитаева [5], Ш. Жалмахановтардың [6] зерттеулері жатады.

Ахметтануға ерекше ат салысып жүрген тілші ғалым Р. Сыздықова ғалымның тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы және жаңашыл ағартушы, ірі көсемсөз шебері, дарынды ақын екендігін айта келіп, «А. Байтұрсынұлының ағартушылық, ғылыми еңбектерімен қатар, оның поэтикалық творчествосын, саяси-әлеуметтік көзқарастарын нақтылы, арнайы және терең зерттеу – алдағы міндет, әр сала мамандарының жұмысы» дегеніндей, бір басынан бар мамандық табылатын, халқымыздың «рухани көсемі», «ұлт мәдениетінің Хантәңірі» атанып жүрген алып тұлғаны

тереңірек таныған сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, мәдени-тарихи біліміміз де толыға түсуі үшін ғалымның әдеби-ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеудің маңызы айрықша [1, 8] деп көрсетті.

Өзге де А. Байтұрсынұлының мұрасын зерттеушілердің еңбектерінен де ғалымның қаламынан туындаған терминдер туралы айтылған пікірлерді кездестіруге болады. Алайда ғалымның бұл салаға қатысты еңбектері түбегейлі зерттеліп болды деуге әлі ертерек. Қайта ғылыми тұрғыдан ара-жігі ажыратылуға тиісті жайттардың бар екені сөзсіз.

А. Байтұрсыновтың еңбегін арнайы жинақтап, оны алғаш қазақ қауымына таныстырған ғалым Р. Сыздықованы ерекше атап айту орынды. «Ахмет Байтұрсынов» деген кітапшада автор ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ тілінің тұңғыш оқулықтарын жазып, графикасын реттеуші, сол арқылы қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы, ағартушы-ғалым, ірі мәдениет және қоғам қайраткері, тамаша публицист әрі ақын А. Байтұрсынұлының өмірін, еңбектерін алғашқылардың бірі болып талдады. Талдау барысында ғалым А. Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбектерін толық көрсетіп, былайша санамалап көрсетеді: «... тұңғыш қазақ лингвистісі өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл – құралды» жазған; үшінші – тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» жазған, төртінші – сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған». Р. Сыздықова «Ахмет Байтұрсынов» деген кітапша мен «Тіл тағылымы» деген Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі мен оқу-ағарту еңбектері жинақталып басылған кітаптарға жазған алғысөзінде ғалымның қазақ тілі грамматикасына қатысты категорияларға қазақша термин ұсынғандығын, осы күнгі қолданылып жүрген *«зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш»* деген т.б. сан алуан лингвистикалық терминдердің көбі А. Байтұрсыновтікі екендігін тұңғыш атап көрсетеді.

А. Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлін ахметтануға ерекше ат салысып жүрген ғалым-терминолог О. Айтбаев өзінің мақалалары мен «Қазақ сөзі» деген еңбегінде жан-жақты көрсетеді: «А. Байтұрсынов жасаған тіл білімі терминологиялық лексикасы мен әдебиеттану ғылымының терминдері күні бүгінге дейін рухани мұхтаждығымызды өтеп отыр. Бүгінгі үздіксіз өрістеп отырған терминологиялық процесте бұл әлі күнге теңдесі жоқ үлгі болып есептеледі». «Біздің ендігі мақсатымыз, – дейді ғалым, – А. Байтұрсыновтың көрсетіп кеткен үлгісін жаңа заман талабын ескере отырып, саналы түрде тиімді пайдалану».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің қазақ тілінде өрбуіне, зерттелуіне, оның қазірде қолданылып жүрген ғылыми терминдерінің қалыптасып дамуына үлкен үлес қосты. Оның термин алуға ұстанған принципінің дұрыстығына ол жасаған терминдердің әлі күнге дейін тілімізде қолданыс тауып жүргендігі дәлел. Ғалымның термин жасаудағы ұстанған негізгі принципі ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану, ал «Айқап» журналындағы мақалаларында *грамматика, фонетика, морфология*, т.б. халықаралық сөздерді де қолданған. Бұдан оның орыс тілі арқылы кіретін интернационалдық терминдерден бас тартпайтын принципін де байқаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері қай кезеңде болмасын құндылығын жоймайтын, уақыт талабына жауап бере алатын құнды да маңызды еңбектер болып саналады.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы болып саналады. Ол – қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру ісінің негізін салушы және жалқылау-жалпылау әдісі туралы алғашқы пікір айтушылардың бірі.

А. Байтұрсынұлының «Тіл құралы» – қазақ тілінде жазылған тұңғыш грамматика, өйткені XIX ғасырдың екінші жартысында басылып шыққан Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия», П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка», В.В. Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис», т.б. еңбектері орыс тілінде жазылған еді, сондықтан оларда қазақша лингвистикалық терминдер жасалған жоқ болатын.

А. Байтұрсынұлы лингвистикалық терминдерді түзуде негізгі екі принципті ұстанды: бірі – ана тілдің бар мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану, екіншісі – өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен әдеби тілдің дамуына керекті, жаңа ұғымды белгілеу үшін қажетті атау сөздерді алудан қашпау. Ол «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде жарияланған мақалаларында, «Оқу құралы», «Тіл – құралы», «Тіл жұмсар», «Баяншы» деген еңбектерінде тілімізде бұрыннан бар сөздерді белгілі ғылыми ұғымды білдіретін атау ретінде қолданады. Мәселен, *әріп, емле, дыбыс, ноқат, үтір, буын, әліппе, дәйекші, дауысты дыбыс, сөз, сөйлем, жұрнақ, қатаң /ұяң/ дыбыстар, зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, есімше, демеу, жалғау, одағай, атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес, рай, баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, тысықтауыш, толықтауыш* сияқты лингвистикалық терминдердің, *айшық, тармақ, шумақ, бунақ, буын* секілді әдебиеттану ғылымының, *әдіс, әдісқой, жалпылау әдісі, жалқылау әдісі, сауаттау әдісі* сияқты қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін жасаған терминдер. Жоғарыда келтірілген мысалдардан

А. Байтұрсынұлының термин жасауда қазақ тілінің ішкі байлығын молынан пайдаланғандығы бірден байқалады.

«Тіл құралдың» маңызын кезінде М. Дулатов жақсы түсініп, ерекше бағалаған: «Орысша грамматиканы, арабша наху сарфты жақсы білетін қазақ баласы жете аңғарып, ақыл таразысына салып, бір-екі рет оқып шықса, бұл кітаптың құнын білер, үстірт қарап, саулатып өте шықса, шытырман тоғайда адасқандай, асылына түсіне алмас деп шамалаймын.

«Тіл-құралдың» артықшылығы: жалпы қағидаларға сүйеніп, белгілі тәртіппен түзіліп, шылғи қазақ тілімен жазылған. Орысша, арабша наху сарфты жақсы білетіндер тез түсінеді дейтініміз, мұнда наху сарфта...һәр нәрсе қазақша аталып, қазақ тілінің табиғаты сақталып, тура мағынасы өзгертілмей, өз атымен аталған. Сөз таба алмай қиналып, мағынасы дөп келмейтін һеш нәрсе алынбаған. Мұнда қолданған сөздер алғашқы кезде біраз жат көрінуін көрінер; һәрбір жаңа нәрсе басында солай болуы белгілі. Бірақ түсіне, жаттыға, құлақ үйір бола келе жаттығы болмаса керек.

Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шыққан кітаптармен оқытамыз һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын дегенде, бұлардың бәрінің негізі «Тіл-құрал» /наху-сарф/ екенін ұмытпасқа керек. Бұл біздің оқу құралдарымыздың ең қиын, ең керекті мүшесі еді, міне бұ да көңілдегідей болып шықты».

А. Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлін көрсетуде де оның, бұл саладағы еңбектері жан-жақты қарастырылып, сондай зерттеулер нәтижелерінің негізінде тиісті қорытындылар жасалуы қажет.

Термин жасаудағы ұстанған негізгі принциптері жөнінде А. Байтұрсынұлының 1926 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтық I Түркологиялық сиезде жасаған баяндамасында анық айтылған: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды; басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып жіберу дәрежеге жеткен.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, шетел сөздерін амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды.

Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тойында (Орынборда 1924 жылы өткен сиезді айтып отыр – Ш.М.) қабылданғаны айтылады. Құрылтай /сиезд/ қарары да осы негізде болды: түрік жұрттары тілдерінің жақындығына қарай топталып бөлінсін, пән сөз топ ішіндегі жұрттардың бәріне ортақ түрде алынсын» [7].

Айта кететін жайт, 1930-жылдардың аяғынан бастап қазақ тілінің әр түрлі ғылым салаларында шеттен кірген термин сөздердің саны шамадан тыс көбейді. Бұл терминдерді қабылдағанда, орыс тіліндегі тұлғасын бұзбай алу принципі көзделінді. «Қазан төңкерісінен кейін шыққан қазақ тіліндегі 80-нен астам терминологиялық сөздіктерде шеттен кірген сөздердің саны төл сөздеріміздің санынан асып бара жатыр. Бұл, әрине, тіліміздің табиғатына, табиғи түрде дамуына нұқсан келтіргені сөзсіз. Бұл тығырықтан шығудың екі-ақ жолы бар, оның бірі – жаңа терминдерді жасауда сонау 30-жылдары қабылданған принциптің алғышартын, яғни қазақ тілінің өз мүмкіншілігін сарқа пайдалану мүмкіндігіне қарай өз сөзімізбен беру деген дұрыс талабын бірізділікпен, ерекше білгірлікпен іске асыру болса, екіншісі – қабылдаған совет-интернационалдық терминдерді /мұнда да мүмкін болғанша/ өз тіліміздің ішкі заңына бойсұндыра алу», – деп есептейді академик Ә.Т. Қайдарі [2].

Сонымен, А. Байтұрсынов – қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым.

Жалпы қазақ тіл білімінің негізін қалап қазақ терминологиясын қалыптастырудағы А. Байтұрсынұлының еңбегі зор. Ол – әртүрлі қырынан алып, жан-жақты зерттеуді қажет ететін үлкен тақырып.

Әдебиеттер:

1. *Сыздықова Р.* Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990. 303 б.
2. *Қайдарі Ә.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
3. *Айтбаев Ә.* Қазақ сөзі. – Алматы, 1999. 238 б.
4. *Құрманбайұлы Ш.* Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998. 203 б.
5. *Мажитаева Ш.* XX ғ. басындағы қазақ әдеби тілі. – Қарағанды, 2007. 234 б.
6. Ахметтану бастамалары. – Қарағанды: Болашақ баспа, 2005. 207 б.
7. *Ахмет Байтұрсынов.* Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.

Қ.Ж. Айдарбек*А. Байтұрсынұлы атындағы**Тіл білімі институты Терминология бөлімінің**бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., доцент*

А. Байтұрсынұлы терминологиялық ұстанымдарының қазіргі терминжасам талаптарымен сабақтастығы

Тілдің ұлттық сипатта қалыптасуы, ең алдымен тілдегі өзгерістермен байланысты екені баршаға мәлім. Тілдегі өзгерістер сөз мағынасының, құрылымының, қызметінің өзгеруімен сипатталады. Сөз мағынасының өзгеруі мен жаңа аталымдардың пайда болу себептерін тіл мамандары екі факторға негіздеп қарастырады: бірінші – экстралингвистикалық фактор, бұл фактор қоғамда, саяси, мәдени т.б. өзгерістерге байланысты жаңа атаулар мен сөздердің қалыптасуына әсер етеді. Екінші фактор – лингвистикалық деп аталады, яғни тілдегі бұрыннан бар сөздер мен атаулардың уақыт өте мағынасы өзгеріп басқа қызметке жұмсалуды болып табылады.

Аталған екі факторға байланысты қазақ терминологиясында екі бағыттағы терминдердің қолданысқа ену белгілерін байқауға болады. Белгілі бір ұлттың қоғамдық-саяси, мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістердің барлығы оның тілінде көрініс табады. Тілдің даму тарихын халық өмірінде болған өзгерістермен байланыстырып қарау қазіргі тіл білімінің негізгі зерттеу ұстанымы болып табылады. Сол себепті қазіргі терминжасамды қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланысты қарастырған жөн.

Әдетте термин сөздердің пайда болуын ғылым мен техника дамуымен байланыстырады. ХХ ғасырдың алғашқы кезеңі ғылым мен техниканың, экономиканың, жалпы мәдениет пен әлеуметтік өмірдің мейлінше дамуымен, сол кезде болған алуан түрлі әлеуметтік, саяси өзгерістер қоғамдық өмірге де көптеген жаңалық әкелуімен ерекшеленді. Қазақ тілі сөздік құрамында ғылым, өнеркәсіп, техникаға байланысты ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері байқала бастайды. Қазақ тілінде терминжасамның ғылыми негізде жүргізілуін ХХ ғасырдың алғашқы кезеңінен бастаған жөн деп санаймыз. Мұның өзіндік негізі бар. Профессор Ш. Құрманбайұлы алғысөзін жазып, баспаға дайындаған «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі» атты еңбегінде сол съезде алғаш рет қазақ терминологиясының ғылыми ұстанымдары жасалып, бекітілгені туралы айтылады. Олардың негізгі түйіні ең алғашқы келтірілген ұстанымында айқын көрініс тапқан: «Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатұн болсын» [1, б.105-106].

Бұл мәселе жөнінде А. Байтұрсынұлы: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер, әдебиет тілі араб,

парсы сөздерімен шұбарланса, көркем болады дегендіктен, екінші, дайын пән сөздерін ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет бөліктеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежесіне жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздейді. Тіл арасына жік түсіп айрылмас үшін жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды», – деп жазған [2, 413 б.].

Осымен байланысты «Терминология мәселелері» жинағында орын алған профессор Ш. Құрманбайұлының «1920-1930 жылдары жарық көрген терминологиялық жинақтар мен сөздіктер туралы» мақаласында бұл съездің қазақ терминологиясы үшін маңызы былайша келтірілген: **«Айрықша атап өтуді қажет ететін мәселенің бірі – тұңғыш рет қазақ терминологиясын дамытудың қағидаттары осы съезде белгіленді. Кезінде алаш зиялыларының аттарын атауға, олардың еңбектері туралы сөз қозғауға болмайтындықтан болса, олар ақталғаннан бергі кезеңде де түрлі себептермен, бірқатар тіл мамандары алғашқы терминология қағидаттары 30-жылдардың орта тұсында жасалды деп жазып жүр. Бұл пікірдің шындыққа жанаса қоймайтындығына осы съезд материалдары нақты дәлел бола алады. Терминология дамуының тұңғыш қағидаттары қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің қаулысымен бекітілген. Бұл қағидаттар съезд қаулысымен бекітіліп қана қойған жоқ, алаш зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратып, істен шеттеткен отызыншы жылдардың басына дейін олар терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алынды»** [3, б. 251-252].

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қалыптасқан түсінік бойынша, термин сөздердің пайда болуын ғылым мен техникаға байланыстырамыз. Осыған орай, қазіргі тілші-терминолог ғалымдардың пікірі бойынша ғылыми-техникалық терминологияның мағыналар жүйесі мынадай категориялардан тұрады: 1) заттық категория; 2) үдерістік категория; 3) жағдаяттық категория; 4) режимдік категория; 5) қасиеттік категория; 6) өлшемдік категория; 7) шама категориясы; 8) ғылым және оның салаларының категориясы; 9) кәсіптер мен жұмыс категориясы» [4, 10 б.]. Мұны басқаша айтқанда, «денотаттық кеңістік» (заттық) және «сигнификаттық кеңістік» (ұғымдық) деп те екіге бөліп атап көрсетуге болады.

Ал осы негіздегі терминология принциптері академик Р. Сыздықтың пайымдауынша А. Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш рет көрсетілген: «... терминология ғылым, техника, саясат сияқты қоғамның интеллекттік тіршілігіне қатысты дүние екендігін көрсете отырып, «термин» мен «ұғым» дегендердің өзара байланысына қатты назар аударады, яғни термин жасауда сөздің атаулық (номинативтік) қасиеті мен ұғымдық мәні дегендерді таниды. Айталық, техника салаларына жататын терминдердің жасалуында номинативтік бағдар, яғни заттардың атаулары бірінші орында тұрады (мысалы, машиналардың,

техникалық құрал-жабдықтардың терминдері көбінесе зат атауларынан жасалады), ал ғылыми терминологияда «ұғым» бірінші орынға шығады, мұнда термин болатын ұғымға мән беріледі, басқаша айтқанда, ғылымға қатысты терминдер заттың аты емес, ұғымның аты болуы керек. ...Термин жасаудың амал-тәсілдерін де ғалым дұрыс түйсінген: тіл білімі үшін белгілі затты емес (номинативтік бағытты емес), ғылыми ұғымды атау қажеттігін теория жүзінде болсын, интуитивті түрде болсын жақсы сезген» [5, б. 251-260].

Лингвистикалық бақылауға, әсіресе терминдер бейім келетіндігі белгілі. Бұл атаулардың жасалу үдерісін қадағалау, оларды реттеу және біріздендіру мәселелеріне қатысты зерттеулер мен практикалық іс-шаралар өткен ғасырдың 20-шы жылдарында басталған. Бірақ бұл салада істелетін шаруа әлі де болса жетерлік. Осы ретте терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуі мәселелерін зерттеушілердің біразы терминдерді реттеудің лингвистикалық негізі ретінде мынадай принциптерді ұсынады: атаулардың негізгі құрылымдық түрлерінің таңдалуын қамтамасыз етуші жүйелілік принципі; терминжасамда жалпы әдеби тіл талаптарының ескерілуіне бағытталған нормативтік принцип және эстетикалық принцип [6, 14 б.].

Бірақ практика жүзінде аталған принциптердің бәрі бірдей толық іске асырыла бермейтіндігі белгілі. Осыдан, аталған талаптарға қоса арнайы филологиялық білімі жоқ практиктерге арналған лингвистикалық тұжырымдама (негіздеме) дайындау қажеттігі туындайды. Аталмыш мәселеге осы тұрғыдан келгенде терминдік атауларға қойылатын басты талаптар ретінде элеуметтік және эстетикалық шарттар болып табылатыны сөзсіз. Өйткені терминдер қоғам өмірінің барысында пайда болып, сол қоғамда оларға саналы түрде баға беріліп айқындалады.

Терминдер ретті жасалып, жаңа терминдердің бір бөлігі ғана бірте-бірте салалық терминологиялық жүйелерден орын алады. Терминдерді біріздендіру, реттеу жұмыстарын дұрыс жүргізу үшін термин-неологизмдердің қалай және қашан жасалғанын, қазіргі терминологиялық лексиканың жүйелілік параметрлері тұрғысынан бағалау критерийлерін білу өте маңызды.

Әрине, жаңадан жасалған терминнің өміршеңдігін, ең алдымен, оның ғылыми мазмұны айқындайды. Бұл терминологиялық неологизацияның басты шарттарының бірі болып табылады, яғни жекелеген терминдерді нақты бір терминжүйеге іріктеу барысында термин-неологизмдердің ғылыми таным нысаны ретіндегі ғылыми ойлау нысаны мен ғылыми ойлау белгілерінің ажыратылмас бірлік екендігін ескеру қажет.

Терминология саласындағы неологизация құбылысы үшін саналы түрде басқарылатын фактор тән. Түрлі ғылыми және өндірістік сала мамандары өздеріне қатысты терминдер құрамын жай ғана қабылдап қоя салмай, арнаулы терминологияның терминдер жүйесі ретінде қалыптасуы мен жетілдірілуін ескерулері тиіс. Яғни, жаңа жасалымдар қатарынан тек қажеттілері ғана емес,

сонымен бірге қазіргі әдеби тіл нормалары мен талаптарына сәйкес келетін ең үздік үлгілері іріктеліп алынады.

Ғылыми-техникалық төңкеріс кезінде жаңа терминдер жасалуы, тіпті жаңа терминологиялардың пайда болуы объективті құбылыс болып саналады. Негізінен жаңа терминдерді ғылым, техника т.б. салалардағы жаңа идеяның авторы болып табылатын немесе өз саласында жаңалық жасаған, ашқан мамандар жасайды. Сондықтан да терминдерді ғылыми-өндірістік қызметтің өзгеше бір өнімі деп санауға болады. Көп жағдайда жаңа технологиялық атаулар авторларының арнайы филологиялық дайындығы болмауы, бір жағынан, терминжасамды бастапқы кезіндегі стихиялық жағдайға алып келетін болса, ал екінші жағынан, жаңадан жасалған терминді кодификациялау, стильдік нормалау кезінде тілші-терминолог мамандарды іске қосып отырады.

Осы орайда біз, кезінде *«31 томдық салалық терминологиялық сөздіктер жинағы»* айдарымен жарық көрген топтаманың қазіргі таңда қайта толықтырылуы мен өңделуі барысы жайына тоқталып кеткіміз келеді. Биылғы жылдың соңына дейін жоспарланған он томның ішінен қазіргі кезде баспаға дайын деп саналатын *«Информатика және есептеуіш техника»* саласын мысал ретінде алмақшымыз. Өйткені бұл сала терминологиялық сөздігінің дайындалуына өзіміздің де тікелей қатысымыз бар.

Әрине, айта кететін жайттардың бірі, бұл қайта жүргізіліп жатқан жұмыстың ең басты ерекшелігі, бұрын-сонды тек құрғақ әңгіме жүзінде ғана айтылып жүрген *«терминологияны сала мамандары мен тілшілер бірігіп жасауы қажет»* деген тұжырымның нақты жүзеге асырылуы болып табылады. Алайда, сала мамандары мен тілшілердің осы кезге дейін басын қосу қиындығы қиын болса, соншалықты бірігіп жұмыс жүргізу де күрделі екеніне көзіміз жетті. Себебі, көп жағдайда, «менікі дұрыс» деп тұрып алатын сала мамандарының пікірінше, тілді «қалай бұрсаң да бола береді», өйткені «тіл» барлығына «ортақ дүние». Ал, тіл де өз алдына бір ғылым саласы екені, оның да өзіндік заңдылықтары мен ережелері бары сондай маңызды емес. Мәселен, радиоэлектроника саласының мамандары *«кодировка»* терминінің қазақша баламасын *«кодалау»* тұлғасында алыпты, яғни олар үшін термин түбірі *«код»* емес *«кода»* екен және ең қызығы қазіргі оқулықтарында да осылайша қолданылып кеткен. Ең қиыны, қолданылып жүрген өзге тілді терминнің орнына қазақтың төл сөзінен жасалған терминді «өткізу» мәселесі болып табылады. Сол салаға қатысты терминнің тілдік мүмкіндіктерін қисынды дәлелдеп берген жағдайда, *«бұл термин тек бұл салада ғана қолданылмайды, ол математикада да, физикада да кездеседі. Олар не дейді?»* деп бір-біріне жалтақтайды.

Кез келген ғылым саласы объективтік әлемді танудың амал мен тәсілдері белгілі бір жиынтық түрінде көрініс табатын категориялар мен ұғымдар терминдерінен бастау алатыны белгілі. Әрбір салалық терминологияның пайда болуы мен дамуы жалпы ортақ заңдылықтарға ие болуымен қатар,

көптеген өзіндік ерекшеліктерден де тұрады. Мәселен, өткен онжылдық қазақ ақпараттық ғылымына көптеген жаңалықтар әкелуімен қатар, ғылыми-практикалық саланың өзін ғана емес, сондай-ақ ақпараттық лексиканың да өзгеруіне алып келді. Өз кезегінде, мұның ұтымды жақтарымен бірге – информатика саласының қолданыс аясының кеңейуі – бұл өзгерістер дер кезінде шешімін таппаған маңызды терминологиялық мәселелерге де негіз болды.

Егер де өткен ғасырдың соңғы жылдары жетекші ғалымдар информатика саласының терминдерімен белсенді түрде айналысқан болса, қазіргі таңда қолданысқа еніп жатқан терминдер саны қаншама көп болса да, бұл бағыттағы зерттеулердің артта қалып қойып жатқаны баршаға мәлім. Ең алдымен, терминдерді реттеу жұмысы оларды түгендеуден (инвентаризация) басталады, яғни сол білім саласында қолданылатын барлық терминдерді реттеу үшін іріктеу жүргізіледі. Түгендеу нәтижесінде тезаурус жасалады, бұл белгілі бір тәртіпшен, мысалы әлілбилік немесе тақырыптық принцип бойынша реттелетін терминдер жиынтығы болып табылады. Одан кейін барып, терминологияның нормалануы жүзеге асырылады: сөйлеу тәжірибесінде қолданылып жүрген ең ұтымды терминдердің таңдалуы және олардың сөйлеу нормасы ретінде бекітілуі.

Терминдердің қолданыс ерекшеліктеріне байланысты нормалаудың екі дәрежесі болады. Мәселен, ғылыми ойдың дамуына кедергі келтіретін тым қатаң нормалардың болған жағдайында (әсіресе, негізінен ғылыми терминологияға қатысты) нормалау үдерісі терминтаным тұрғысынан ең дұрыс болып саналатын терминдерді ұсыну формасында жүргізіледі. Нәтижесінде ұсынылатын терминдер жинақтары әзірленіп жарияланады. Ал, біз іс жүзінде терминдерді ұсынудан бұрын бірден бекітіп жіберуге тырысамыз. Соның салдарынан, алғашқы жинақта «мышь» терминінің қазақша баламасы ағылшын тіліндегідей «маус» болып кеткені белгілі (209-бет).

Ал егер терминнің бірмағыналы ғана нақты түсінігі болған жағдайда, нормалау терминдерді стандарттау түрінде іске асырылады. Бұл ретте терминдер мен анықтамаларға салалық стандарттар жасау жұмыстары жүргізіледі. Аталған құжаттарда терминология терминологиялық жүйелер ретінде беріліп, яғни терминдер атайтын ұғымдардың өзара қатынасын айқындайтын белгілі бір ретке келтірілген терминдер жиынтығы түрінде келтіріледі.

Жалпы, кез келген терминологияны тікелей нормалау жұмысының екі түрі болады. Біріншісі, терминдер мазмұнының бірмағыналылығын орнатуға бағытталған біріздендіру жұмысы және екіншісі, терминнің оңтайлы формасының таңдалуына арналған оңтайландыру ісі болып саналады. Біріздендіру жұмысының негізгі мақсаты ұғымдар жүйесі мен терминологиялық жүйе арасындағы бірмағыналық сәйкестікті қамтамасыз ету болып табылады, яғни сол салада қолданылатын ұғымға тек бір термин ғана сәйкес келуі қажет. Ал оңтайландырудың басты міндеті – аталушы ұғымның негізгі жіктемелік

белгілерін айқындайтын терминнің оңтайлы формасын іздестіру болып саналады.

Ал, нормалаудың ең бастапқы сатысы терминнің белгілі бір талаптарға сәйкес келуін зерттеуден басталады. Қазіргі терминтаным ғылымында қалыптасқан көзқарас бойынша термин таңба бірлігі ретінде үш аспектіде қарастырылуы тиіс: формасы тұрғысынан, мазмұны (мағынасы) және қолданыс ерекшеліктеріне орай. Осы тұрғыдан алғанда, терминдерге қойылатын талаптарды үш топқа бөліп қарастыруға болады: терминнің формасына, мазмұнына және оның қолданылу ерекшеліктеріне байланысты қойылатын талаптар.

Әдетте, *терминнің формасына* қойылатын талаптар төмендегідей болады: – тіл нормаларына сәйкестігі; – сөзжасамдық қабілеті, яғни сол бір терминнен неғұрлым көп туынды жасалуы; – инварианттылық, яғни терминтаным саласы үшін, терминнің басқа варианттарының жоқтығы немесе жазылуындағы түрлі нұсқалардың болмауы деп түсініледі; – түсініктілік, уәжділік; яғни термин өзінің синониміне қарағанда ұғым жайында көбірек түсінік беруі қажет; – жүйелілік, терминнің құрылымында өзі атайтын ұғымның сол саланың ұғымдық жүйесіндегі орны айқындалып тұруы қажет.

Жоғарыда аталған талаптарға қоса мыналар да жатқызылады: терминологияның біртұтастығы; терминологияның жалпымен мойындалғаны және қабылданғаны; терминологияның тұрақтылығы (бұрын қолданылып жүрген терминологиямен қатар, кейбір авторларды пікірі бойынша, мына термин оған қарағанда сәтті деп басқа терминдерді енгізе беруге болмайды).

Термин мазмұнына келесі талаптар қойылады: – термин мағынасы мен ұғымның сәйкестігі; – терминнің сол терминологиялық жүйе шеңберіндегі бірмағыналылығы. Егер де терминнің өзге салаларда басқа мағыналары болса, бұл оның информатика саласындағы бірмағыналылығына әсер етпейді; – тавтологиялық элементтерінің жоқтығы, яғни мән-мағыналық жүгі жоқ «бос» элементтердің болмауы.

Терминнің қолданыс ерекшеліктеріне байланысты талаптар қатарына мыналар жатқызылады: – қысқалық; – жалпымен қабылданғандығы мен кең таралғаны (мұны айқындау тәсілдеріне терминнің мәтіндердегі қолданыс жиілігін анықтау жатады); – айтылым ыңғайлығы мен құлаққа жағымды естілуі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қайта жасалып жатқан «Информатика және есептеуіш техника» саласына қатысты терминологиялық сөздікке төмендегідей терминдер енгізілді: «программа» – «бағдарлама», «сигнал» – «дабыл», «мышь» – «тінтуір» және т.б. Біз бұл жерде тек аталған саланың тірек терминдеріне ғана қатысты мысалдарды алып отырмыз. Әсіресе, сала маманының (т.ғ.д., профессор А.Ә. Шәріпбаевтың) «бағдарлама» терминіне қарсылық танытқанын атап айтқымыз келеді. Егер қазақ терминтаным саласы тіл білімінің бір тармағы ретінде, өзіндік зерттеу нысаны бар жалпы тілтаным жүйесінде орны бар ғылым екені рас болса, онда тіл нормаларына қайшы

келмейтін (*бағдарлама*), сөзжасамдық қабілеті жетерлік (мысалы: *программист – бағдарламашы; программирование – бағдарламалау; программатор – бағдарламалаушы, программируемый – бағдарламаланатын, программируемость – бағдарламаланушылық, программный – бағдарламалы және т.б.*), жазылуы біркелкі, түсінікті әрі уәжді, жүйелі, термин мағынасы мен ұғымның сәйкестігін қамтамасыз ететін, қазіргі таңда қолданыста бар (өйткені, орыс тілді аудитория студенттеріне «*программист*» сөзін жіктік жалғауында қойып шығындар» деген тапсырма берсеңіз, олар бірден «*мен бағдарламашымын, сен бағдарламашысың*» деп жіктейді), айтуға ыңғайлы және құлаққа жағымды естілетін терминді терминографиялық тіркеуге алуымыз заңды құбылыс болып табылады.

Сол сияқты «*сигнал*» терминінің орнына ұсынылған «*дабыл*» сөзін де біржақты түсінетін сала мамандары да жеткілікті. Бұл сөзді термин ретінде қабыл алмайтындардың негізгі айтар уәжі: «бұл сөз «*сигнал*» терминінің мағынасын толық бере алмайды» дегенге сайып келеді және дәлел ретінде мынадай мысалдар келтіреді: «*сигнал*» тек «*дыбыстық*» емес, сондай-ақ «*световой*» т.б. болуы мүмкін. Алайда, «*дабыл*» сөзінің қазақ тіліндегі «*бір нәрсенің, я қимылдың, қозғалыстың дыбысы, дауысы*» деген мағынасынан басқа «*дабыл болды*» – «*түрткі, себеп болды*» сияқты мағынасы ескерілмейді. Оның үстіне термин тұлғасы ұғымның барлық белгілерін қамти алмайтыны, уәж ретінде бір белгісі ғана алынатыны тағы бар. Сондықтан да, «*сигнализатор*» – «*дабылдатқыш*», «*сигнализация*» – «*дабылдау*», «*сигнальная кнопка*» – «*дабылды батырма*» деп алынса, сала терминологиясына да, қазақ тілінің нормасына да нұқсан келтірілмеген болар еді.

Сондай-ақ, соңғы кездері тек информатика саласында ғана емес, сонымен бірге басқа да сала терминологияларында орын алып жүрген «*сыныптау*» (*классификация*) терминіне қатысты оның тілдік тұрғыдан қате екенін дәлелдеу қажеттілігі туындайды. Себебі, бұл жердегі «*классификацияның*» «*нақты оқу жылындағы оқушылардың жасына және санына қарай топтастырылған қатары; класс*» дегенге ешбір қатысы жоқ. «*Классификация*» термині «*жіктелім*» мағынасына сәйкес келеді: «*білімнің, адам қызметінің қайсыбір саласындағы өзара байланысты ұғымдар жүйесі*».

Әрбір саланың ұғымдық аппаратының сапасы оның негізін құрайтын терминдер сапасымен анықталады. Жалпы, информатика саласына қатысты дайындалған терминологиялық сөздіктің соңғы нұсқасында тілдік тұрғыдан дұрыс жасалған терминдер қатары жетерлік, мысалы: *адаптивный – бейімді, команда – пәрмен, активизация – белсендіру, активный – белсенді, указатель – нұсқағыш, форма – пішін, архитектура системы – жүйе сәулеті, счетчик – санауыш, антенноатор – бәсеңдеткіш, доступ – қолжетім, выноска – шығартпа, вычислитель – есептеуіш, загрузчик – жүктеуіш, делитель –*

бөлгіш, сумматор – қосындылауыш, фиксация – бекітім, дерево – дарақ, дорожка – жолшық және т.б.

Дегенмен, көптеген терминдеріміз сала мамандары тарапынан қолдау таппай, терминологиялық жүйелер шеңберінен тыс қалып жатқан жағдайлар да баршылық. Өкінішке орай, мұндай терминдер қатарына мыналарды жатқызуға болады: *процесс – үдеріс, тенденция – үрдіс, механизм – тетік, рынок – нарық, объект – нысан* т.б. Алайда, бұл терминдердің қазіргі кезде қатар қолданылып жүргенін ешкім жоққа шығара алмайды, ал терминтаным тұрғысынан дәлелденген қағида бойынша табиғи бәсекелестікке өз терминімен қатар өзге тілді термин түскен жағдайда, міндетті түрде өз тілінің негізінде жасалған термин алға шығатыны заңдылық.

Сонымен, қоғамдағы өзгерістер, саяси-әлеуметтік және экономикалық қатынастардың жаңа күйге ауысуы тіршілігімізге жаңалықтар енгізіп, тілімізде жаңа термин мен атаулардың пайда болуына әсер етеді. Қазақ терминжасам ісі ұлт тілі негізінде жүргізіліп, тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерді терминдер шығармашылығында кеңінен пайдалану үрдісі байқалады. Сондай-ақ дайын А. Байтұрсынұлы жасап кеткен сөзжасамдық үлгілерге де арқа сүйей отырып, өзіндік жаңа формалар мен терминдік парадигмалардың пайда болуын атауға болады. Осы саладағы болып жатқан өзгерістерді дер кезінде есепке алып, ескеріп отыру, біздің ойымызша, жалпы тіл дамуына, әсіресе терминологиялық үдерістерге тілдік бақылау жасауға және болашақ терминжасам даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. – Алматы, 2005. – 144 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
3. Құрманбайұлы Ш. 1920-1930 жылдары жарық көрген терминологиялық жинақтар мен сөздіктер туралы // Терминология мәселелері. 1-кітап. – Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2006. – Б. 246-282.
4. Канделаки Т.Л. Семантика и мотивированность терминов. – М.: Наука, 1977. – 167 с.
5. Сыздық Р. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген тарихи жүктің бірі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде). – Алматы: Ғылым, 1999. – Б. 250-261.
6. Скворцов Л.И. Вопросы терминологии и терминотворчества в эпоху НТР // Терминология и культура речи. – М.: Наука, 1981. – С. 11-17.

*Ж.Д. Рапишева**Академик Е.А. Бөкетов атындағы**Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к.*

Мемлекеттік тілде термин жасаудың кейбір мәселелері

Мемлекеттік тілдің өзінің мәртебесіне лайық толыққанды қызмет атқарып, кеңінен қолданысқа түсу деңгейі ұлттық терминологияның дамуымен тікелей байланысты екені мәлім. Заман талабына лайық, қазақ тілінің заңдылықтарына сай терминжасам саласын қалыптастыру бүгінгі күннің күрделі әрі өзекті мәселелерінің қатарында саналады.

1995 жылдың 30 тамызында республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына сәйкес, республикада *мемлекеттік тіл қазақ тілі* болып табылады. Орыс тілі ресми түрде мемлекеттік тілмен тең дәрежеде қолданылады. Көпұлтты елімізде басқа да тілдердің қызмет етуіне құқықтық кепілдіктер берілген. Дегенмен, қазақ тілінің құқықтық мәртебесі ресми орыс тілінің, басқа тілдердің құқықтық мәртебелерінен ерекшеленеді.

«Мемлекеттік тіл» ұғымына ғылымда да әр түрлі анықтамалар берілген.

Мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесін анықтау кезінде «мемлекеттік тіл» ұғымымен қатар «ресми тіл» ұғымы кездеседі. Бұл ұғымдардың арақатынасына қатысты да әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Кейбір ғалымдар «мемлекеттік тіл» ұғымы мен «ресми тіл» ұғымын синонимдер десе, басқалары біріншісі екіншісіне қарағанда кеңірек деп есептейді. Екі ұғымның синоним ретінде қолданылатынын әлемдегі бірқатар елдердің мысалынан көруге болады.

Көптеген мемлекеттер өз аумағында қызмет ететін тілдердің мәртебесін анықтау кезінде «мемлекеттік тіл» не «ресми тіл» ұғымдарын қолданады, немесе олардың екеуін пайдаланады.

Мағынасы бір-біріне жуық ұғымдар болғанымен, мұндай екі ұғымды нақты бір тілге (немесе тілдерге) ғана қатысты синонимдік мағынада қолдануға болады. Айталық, испан тілі өз елінде мемлекеттік әрі ресми тіл болып саналады. Испанияның Конституциясында испан (кастиль) тілімен қатар өзге де тілдердің ресми түрде қолданылу мүмкіндігі қарастырылған. Ресейде де орыс тілімен қатар жергілікті мемлекеттік құрылымдарда кейбір тілдерге (мысалы, Саха Республикасында эвенк, юкагир, долган, чукот тілдеріне) ресми тіл мәртебесі берілген. Бірақ мұндай ресми тілдер мемлекеттік тіл болмайтыны анық. Демек, мемлекеттік тіл ұғымының мазмұны ресми тілге қарағанда кең әрі соңғысын қоса қамтиды дейді зерттеушілер [1, 218].

Сондықтан мемлекеттік тіл мен ресми тілдің құқықтық мәртебелері ешқашан өзара теңеспейді. Мемлекеттік тілдің мәртебесі әрқашанда бір саты биік тұрады. Ресми тіл мәртебесімен салыстырғанда, мемлекеттік тілге кең өкілеттіліктер беріліп, оның міндеттілігі жоғары, басым болып келеді. Ресми тіл мемлекет ішінде пайдаланылатын негізгі тілдердің бірі болса, оның барлық салада мемлекеттік тілмен бірдей қызмет етуі міндетті емес.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп көрсетілген [2].

Термин қалыптастыру, оны ұлт тіліндегі тілдік бірліктермен алмастыру ісіне мақсатты түрде кірісу, оны қабылдауға саналы түрде ұмтылу – қазіргі терминология жағдайында ғана емес, мемлекеттік тіл жағдайында да маңызды іс болмақ. Жақсы дамыған тілдерде ғылыми-техникалық терминологияның негізгі бөлігін сол халықтардың өз тілінде жасалған терминдер құрайды. Ендеше, қазақ тілінде де солай болуы тиіс.

Терминолог ғалым Ш. Құрманбайұлының айтуынша, кез келген ұлт тілінің, оның ғылыми терминологиясының дамуына тікелей әсер ететін ішкі және сыртқы, басқаша айтсақ, тілдік және тілден тыс (лингвистикалық және экстралингвистикалық) факторлардың болатыны белгілі. Бұл факторлардың бірін – негізгі, екіншісін – негізгі емес деп қарау қиын. Олардың әрқайсысы өзінше маңызды және олар бір-бірімен тығыз байланысты. Дегенмен, қазақ терминологиясының даму тарихына үңілетін болсақ, оның жасалуы мен қалыптасуына тілден тыс факторлар әсерінің басым болғандығын ескере отырып, мемлекеттік тілімізді термин жасауда кеңінен қолдануымыз керек дегенді айтады [3, 95].

Қоғам өмірінде болып жатқан түрлі жаңалықтар мен құбылыстарды атауда, жаңа ұғымға лайықты жаңа сөз жасауда, негізінен, қазақ тілінің өз сөз байлығы пайдаланылады. Бұндай сөздерге қазіргі тіліміздегі сөздердің терминологиялық өріске өтуі, қазақтың төл сөздеріне түрлі қосымшалар жалғау, кейбір араб, парсы, түркі сөздерінің қолданысқа қайта енгізілуі нәтижесінде пайда болған терминдік лексиканы жатқызамыз.

Көптеген тарихи жағдайларға байланысты қазақ тіліне шетел сөздерінің ауысуы орыс тілі арқылы жүзеге асты. Қазақ тілінде кездесетін ағылшын тілінен енген сөздер ғана емес, сондай-ақ француз, герман тілдерінен енген сөздер де баршылық. Олардың қазақ тіліне кіру жолдары тіл білімінде кең көлемде зерттеліп келеді. Себебі жаһандану үдерісіндегі қостілділік, көптілділік мәселесі бүгіннен басталады.

Халықаралық терминдердің тілімізге көптеп енуін мерзімді басылымдардан, басқа да ақпарат көздерінен байқаймыз. Олардың бірқатары ұлт тілінде термин жасалып жатқан кезеңде сол қалпында қазақ тіліне аударылып, қалыптасып үлгерсе, бірқатарының екі сыңары да қолданылып, үшіншілері сол шет тілінен енген нұсқасында қолданылып жүр. Олардың жазылуы туралы мәселе де әлі даулы мәселелер қатарында саналады.

Сондықтан қазақ тілінің мүмкіндіктерін барынша пайдалану әлемнің әр түкпірінен құйылып жатқан ақпарат тасқынымен қазақ қауымын қамтамасыз етер тілдік жүйе жасаудың басты элементі болып табылады. Мамандар халықаралық термин деп жүрген орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген атауларды талғамсыз тілімізге қабылдай беру ұлттық ұғымға сай терминдік атаулардың дүниетанымдық рөліне нұқсан келтіретінін айтып, бұндай терминдердің барлығы бірдей қазақшалансын деген емес, кейбіреулерін тіл заңына қарай бейімдеп қолдану қажет деген көзқарасты ұстанады. Себебі терминдік атаулар тек қолданыста ғана қалыптасады.

Зерттеу еңбектеріне сүйенсек, кез келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын екі көзі бар. Оның бірі – **ұлттық тіл**, екіншісі – **өзге халықтардың тілдері**. Алғашқысы – терминжасамның **ішкі көзі**, ал кейінгісі **сыртқы көзі** деп аталады. Бұл көздердің термин шығармашылығында пайдаланылуы – ғылым-білімнің даму деңгейіне, ұлт тілінің қоғам өмірінде алатын орнына тікелей байланысты. Бүгінгі ғаламдану жағдайында екі көздің екеуі де терминжасам үшін қажетті көздер болмақ [4, 184].

Терминология – ақпарат алмасу көзі, мамандықты менгерудегі құрал, техникалық прогресті жылдамдату тәсілі ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынаста маңызды фактор болып табылады. Терминологиядан қоғамдағы тарихи өзгерістердің кезеңдерін, себептерін, өркениеттердің тегін, тілдің мәдени, ғылыми, техникалық әлеуетін тануға болады.

XXI ғасырдың жоғары жылдамдықпен өзгеріп жатқан өмір ағысында әрбір индивид өзінің кәсіби біліктілігі арқылы, белгілі бір арнайы тілдің (ғылым саласының) иесі ретінде танылады. Бұл білім беру саласында терминдердің мәнін дұрыс түсіндіру, олардың табиғатын тану мәселесін өзектендіре түседі.

Адам қызметінің белгілі бір арнайы саласының, ғылымның көрінісі ретінде терминдер жүйесі сол білім мен ғылымның қаншалықты меңгерілгенін танытады.

Қазіргі қазақ тілінде терминдік сөздердің туу және жасалу жолдары сан алуан, соны ұғымдар мен жаңа атаулар терминдер жүйесінен орын алуда.

Қазақ тілінде термин жасау, қалыптастыру, тұрақтандыру, қалыптандыру, терминологияны жүйелеу, реттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы

ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын белгілеу сияқты ауқымды да күрделі мәселелердің шешімін табу оңай емес.

Сондықтан ұлттық терминологияны дамыту мәселелерінің дұрыс шешілуі мемлекеттік тіліміздің де дамуына тікелей әсер етеді, өз мәртебесіне сай қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Рахимова Н.Б.* Мемлекеттік тіл мәртебесінің ерекшелігі / Известия вузов. – Бишкек, 2006. – № 1-2, 2006. – Б. 216-218.
2. Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы Заң. – Астана, 1997.
3. *Құрманбайұлы Ш.* Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
4. *Құрманбайұлы Ш.* Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы, 2005. – 238 б.

Ә.О. Ыбырайым, К.Қ. Шилібек*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті***Техника ғылымдарындағы аударма мәселесі**

Қазіргі қоғамда мемлекеттік тілдің техника ғылымындағы қолданыс аясы аудармамен шектеліп тұрғаны белгілі. Ғылыми баяндамалардың, монографиялардың, диссертациялардың, есеп-берулердің, ғылыми жобалардың, өнертабыс жазбаларының көпшілігі орыс тілінде дайындалып, қазақшаға аударылып жатады. Оған себеп ғылыми мәліметтердің, дереккөздердің орыс тілінде мол болуы. Жуық арада ғылым аудармасыз мемлекеттік тілге толықтай қадам жасай алмайтыны да ащы шындық. Ендеше, мемлекет үшін сауатты, сапалы аударманың маңызы өте зор. Сауатты, сапалы аударма жасау – аударма тілінде туындаған басты мәселе.

Техникалық аудармалар сапалы болуы үшін не керек?

Біріншіден, екі тілді еркін меңгерген, ісқағаздарын екі тілде де сауатты жазатын, техникалық білімі бар аудармашылар керек. Өйткені, екі тілдің қырсырын мүлтіксіз меңгермеген, техникалық білімі жоқ адам көпке түсінікті аударма жасай алмайды. Қазіргі аудармашылар кімдер? Негізінен, журналистер, филологтар, тарихшылар, орта мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдер аудармамен көп айналысады. Алайда олардың техникалық мәтіндерді аударуға қалам тартуы қиын. Өйткені олардың техникалық білімі жоқ болғандықтан кейбір терминдерді сөзбе-сөз аударып сөйлемнің мағынасын бұзып жатады. Нәтижесінде сауатсыз аудармалар дүниеге келеді.

Не істеу керек? Мұндайда бізге терминологиялық сөздіктер көмекке келеді. Олардың сапасы қандай?

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін термин жасау саласында Қазақстанда көп іс тындырылды. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Терминологиялық комиссия құрылды, сол Терминологиялық комиссияның отырыстарында мақұлданған терминдер Терминологиялық хабаршы жинағына шығарылып келеді, әрі баспасөз беттерінде жарияланып та жүр. Десек те жаңа термин жасауда көрші елдерден әлі де кеш қалып келе жатқанымызды мойындау керек. Мәселен, Балтық бойы елдерінде ресми түрде 200 000 сөздің термині бекітіліп берілген болса, Қазақстанда бұл салада әлі де көп іс тындыру қажет. Дегенмен, бұл ретте, қазақ тілінде термин жасау мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ.

Қазіргі жұмыс орнын компьютерсіз (интернетсіз) елестету мүмкін емес. Қызметкер жұмыс барысында аударманы қалың кітаптарды немесе сөздіктерді

ақтарып отырғаннан гөрі, уақытты көп алмайтын, сапасы төмен болса да электрондық аудармаға жүгінеді.

Мұндай автоматтандырылған аударуда екі түрлі бағдарлама бар: «электрондық сөздік» және «бағдарламалық аударма». Электронды сөздіктер экранда және құжаттың ішінде бөлек сөздерді аударды. Түсініксіз сөздерді тез іздеп табудың ыңғайлы жолын тудырады. Бағдарламалық аударма компьютерге кірген кезде бір тілде кірсе шыққан кезде басқа тілде аударылып шығарылады. Электронды сөздіктер шет тілін аударатын адамдарға өте қажет, өйткені олар көп жұмыстарын сөздік арқылы істейді. Бұл сөздікті шетел тілін жақсы білегін аударма жасамай тек қана мағынасын түсіну үшін қажет етеді. Бірақта таза аударуды компьютер жасай алмайды, мәселе бөлек лексикалық терминдер компьютерде жоқ. Алайда қазір автоматтандырылған аудармалар практикада көп қолданылады. Өйткені техникалық текстер әдебиет текстеріне қарағанда айырмашылығы бар. Техникалық текстерде тіл конструкциясы көбінесе цифрлар сол үшін ғылыми және техникалық жұмыстар электрондық аударманы көп қажет етеді.

Сондықтан ғылыми еңбектердің аудармасының сапасы жоғары болуы үшін бағдарламалық аудармашыларды ысырып тастап, ғылыми сарапталған сөздіктерді қолданған жөн. Осындай сөздіктің бірі 2000 жылы «Рауан» баспасынан шыққан ғылым, мәдениет және экономика салаларының негізгі терминдерін қамтитын «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік» және 2009 жылы «Таймас» баспа үйіне Р. Құдайбергеновтің ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында шығарылған «Техникалық терминдер сөздігі».

Ғылыми-техникалық еңбектерді аудару барысында біз негізінен алғашқысын, яғни Республика Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен салалық сөздікті басшылыққа алып келдік. Бірақ соңғысы, яғни Р. Құдайбергеновтің сөздігі бүгінгі күн талабына сай құрастырылған сөздік. Бір артықшылығы ағылшын, неміс және орыс тілдеріндегі аудармалардың берілуі аударманың мазмұнын аша түскен. Бұл халықаралық терминдердің қай тілден енгенін анықтауға мүмкіндік береді. Қосымша ретінде келтірілген анықтамалық ғылыми-техникалық кестелердің ғалымдарға берер пайдасы мол. Бұл кейбір аудармашылардың халықаралық терминдерді аударуына аса сақтықтықпен бауына мүмкіндік туғызады.

Дегенмен әлі де ойласуды, бірте бірте ауыстыруды қажет ететін терминдер жетерлік. Мысалы: тонкая очистка – майда тазарту; датчик – бергіш; регулярная нагрузка – үздіксіз жүктеме (реттеулі жүктеме); регистратор – тіркеуіш (офис регистратор – тіркеу офисі); электродетонатор – электродетонатор (элек-

трдетонатор), электродрель – электрбәрбі (бәрбі деген сөзді қай қазақ түсінеді); скважина – ұңғыма деп аударма берілген, ал опорная скважинаны тіректі оқпан деп аударма жасаған. Ал қазақша сөздікте оқпанды ствол деп аудармасын берген.

Сонымен қатар сөздің мағынасын толық ашып тұратын, бірақ тілге жатық емес аудармалардан қашпауымыз керек, қайта жиі қолданып қолданысқа еніп кетуіне мүмкіндік туғызу қажет.

Қорыта айтқанда, ғылыми-техникалық әдебиет және ғылыми мәтіннің аудармаларына деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Сондықтан аударма мәселесіне айрықша көңіл бөлген жөн. Әрбір термин сала мамандарының сүзгісінен өтсе ғана, аударманың сәтті шығуына алаңдаушылық тумас еді.

Ал қазақ тілінің жайына келетін болсақ, қазақтың әрбір азаматы, қай салада болмасын қазақ тілінде ойланып, қазақ тілінде жаза білуі тиіс, өйткені Елбасы айтқандай «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік тіл: бүгін мен болашағы. – Жинақ, Астана, 1998 жыл.
2. Құдайбергенов Р. Техникалық терминдер сөздігі. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2009. – 616 б. Қазақша, орысша, немісше, ағылшынша.
3. Терминологиялық хабаршы, № 3, Астана, 2002 жыл.

ҰСЫНЫСТАР

Бұл айдармен Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған ақпараттық коммуникациялық технологиялары терминдерінің мемлекеттік тілде түсіндірме сөздігі (орысша, ағылшынша терминдердің аудармасымен) мамандар талқысына ұсынылып отыр.

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің
салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған
ақпараттық коммуникациялық технологиялары терминдерінің
мемлекеттік тілде түсіндірме сөздігі
(орысша, ағылшынша терминдердің аудармасымен)**

Terms of Information and communication technology in English language	Термины по информационным и коммуникационным технологиям на русском языке	Қазақ тілінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бойынша терминдер	Қазақ тіліндегі түсіндірмелер
Abnormal end	Аварийное завершение	Апаттық аяқталу	Өрі қарай жалғастыруға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туғанда бағдарламаның орындалу барысын тоқтатуы. Мұндай жағдайларға машинаның жаңылысуы, бағдарламадағы өрескел қателер және т.б. жатады. Тоқтату мақсаттары: апаттық жағдайлар туралы дерек алу, есепте қолданылған ресурстарды босату, есептеу жүйесінің жұмыс қабілетін сақтау, басқа мәселелерді шешуді жалғастыру.
Abnormal stop	Аварийный останов	Апаттық тоқтау	Есептеу жүйесінің, компьютер жұмысының автоматтық тоқтауы.
Abnormal termination	Аварийное прекращение	Апаттық тоқтату	Үдерісті оның орындалып бітуіне жетпей тоқтату.
Abonent	Абонент	Абонент	1. Шалғай орналасқан абоненттік пункттен деректер өңдеу жүйесіне қатынас құра алатын компьютерді пайдаланушы адам; 2. Есептеу жүйесінің қызметін пайдалануға құқығы бар адам (адамдар тобы, ұйымдар).
Abonent of a network	Абонент сети	Тор абоненті	Торға қосылған компьютер немесе басқа құрылғы.
Abonent system	Абонентская система	Абоненттік жүйе	Пайдаланушының қолданбалы үдерістерін орындайтын жүйе.

Abrial model	Модель Абриаля	Абриал моделі	Деректердің екілік моделінің бір түрі; процедуралық емес логикалық байланымдар мен жалпылық кванторы бар логикалық айтылымдардың алгоритмдік аудармасы пайдаланылады.
Absolute address	Абсолютный адрес	Абсолют адрес	1. Компьютердің жадындағы базалық адреске сілтеме жасамастан деректердің тұрған орнын тікелей анықтайтын адрес; 2. Microsoft Office Excel бағдарламалық жүйесінде әрбір ұяшықтың өзгермейтін адресін де осылай атайды, өзгермейтін абсолют адрестің белгісі кестедегі бағана атының немесе жол нөмірінің алдындағы \$ таңбасы болып саналады. А.а. атауында бағана (тік жол); атының және жол нөмірінің алдында \$ символы жазылады (\$B\$4, \$C\$2...)
Absolute assembler	Абсолютный ассемблер	Абсолюттік ассемблер	Бағдарламаны абсолюттік кодта туындататын ассемблер.
Absolute code	Абсолютный код	Абсолют код	Амалдың абсолют адрестері мен абсолют кодтарын пайдаланатын машиналық код.
Absolute loader	Абсолютный загрузчик	Абсолютті жүктеуіш	Объектілік (абсолюттік машиналық кодтағы) модулі негізгі жадқа белгіленген адресстермен орналастыратын, бірақ адресстер баптауын орындамайтын жүктеуіш.
Absolute module	Абсолютный модуль	Абсолют модуль	Компьютердің, бірыңғай жүйесінің DOC амалдық жүйесінде байланыс редакторы өндеген және орындауға дайын бағдарлама; бағдарламаны аударып, түрлендіру кезеңінде байланыс редакторы өндеген әрі орындауға дайын тұрған машиналық кодтағы бағдарлама.
Absolute path	Абсолютный маршрут	Абсолют маршрут	Дискінің түпкі каталогінде орналасқан нақты файлға сілтеме жасау немесе соның орнын (адресін) символ тіркестерімен көрсету.

Absolute program	Абсолютная программа	Абсолют бағдарлама	Абсолют модуль; абсолюттік адресі пайдаланып жазылған машиналық бағдарлама.
Absolute team	Абсолютная команда	Абсолюттік пәрмен	Барлық адрестері абсолюттік түрде болатын компьютер пәрмені.
Absolute time lag	Абсолютный интервал времени	Уақыттың абсолюттік аралығы	Бағдарламаның орындалуының басы мен соңы арасындағы айырмаға тең уақыт аралығы. Оған орындалу уақыты, сонымен бірге бағдарлама басқаруды жоғалтқан уақыт та кіреді.
Abstract automat	Абстрактный автомат	Абстракты автомат	Автоматтың үш жиынтықты (кірістік сигналдарды, қалып-күйлер және шығыстық сигналдарды) және екі орындық функцияны көрсетуі арқылы анықталатын математикалық үлгі. Өтпе функциясы алғашқы екі жиынтықты екіншісіне, ал шығыстық функциясы аталған жиынтықтарды үшіншісіне бейнелейді.
Abstract data type	Абстрактный тип данных	Абстракты деректер типі	Деректердің ұсынылуына немесе амалдың орындалуына қатыссыз, тек қана деректердің қасиеттері мен оларға пайдаланылатын амалдар анықталатын деректер типі.
Abstract information	Реферативная информация	Рефераттық ақпарат	Құжаттардың қорытынды мазмұны мен қажетті тізімді ұсынатын ақпарат.
Abstract structure of the data	Абстрактная структура данных	Деректердің дерексіздік құрылымы	Қызметі бойынша, яғни онымен амалдар орындалатын тапсырма арқылы анықталған деректер құрылымы. Мұндай құрылым оны жүзеге асыру тәсіліне тәуелсіз болады.
Abstract symbol	Абстрактный символ	Абстракты символ	Элементарлық құрылымалық объект, абстракты әліпби элементі.
Abstract synthesis	Абстрактный синтез	Абстрактылық синтез	Абстрактылық автоматтарды синтездеу.
Abstract system	Абстрактная система	Абстрактылық жүйе	Есептеу жүйесіндегі біртектес объектілер жиыны мен олардың адрестері жиынының арасындағы сәйкестікті тағайындайтын үдеріс.

Abstraction	Абстракция	Абстракция	Жеке мақсатқа қатысты ақпаратқа жұмылдырылған және басқа ақпаратты ескермейтін көзқарас.
Abstraction of data	Абстракция данных	Деректер абстракциясы	Деректердің типтері мен байланысқан қызметтік сипаттамаларын анықтау есебінен және ұсыну детальдарын ескерместен деректердің айтарлықтай сипаттамаларын ерекшелеу үдерісі.
Acceptance testing	Приемно-сдаточные испытания	Қабылдау-өткізу сынауы	Жүйені тұтынуға беру кезінде әзірлеушіні қатыстыра отырып сынау. Ол осы жүйенің жарамдылығын тексеруге арналған.
Access	Доступ	Жетілім	1. Сұратым бойынша деректерді алу мүмкіндігі; деректерді тандау тәсілдерінің сипаттамасы; 2. Сақтау құрылғысымен және онда орналасқан файлдармен деректерді жазу немесе оқу үшін байланыс орнау процедурасы.
Access according to the schedule	Доступ по расписанию	Кестемен жетілім	Пайдаланушының жүйемен жұмысын алдын ала белгіленген белгілі бір уақыт аралығында ұйымдастыру.
Access bit	Бит управления доступа	Жетілімді басқару биті	Қорғау кілтімен салыстырылатын жад кілтінің көп биттерінің бірі. Бұл битті жетілім кезінде тиісті жад блогын қорғауды ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.
Access code	Код доступа	Жетілім коды	Қашық орналасқан компьютермен жетілім үшін қолданылатын бірегей символдар комбинациясы. Тор жүйесінде немесе жедел қызмет көрсетуде (online service) жетілім коды қызметін тұтынушының өз аты (user name) мен құпиясөзі (password) атқарады.
Access control	Контроль доступа	Жетілімді бақылау	Бағдарламалардың немесе үдерістердің құрылғыларға, бағдарламаларға және есептеу жүйесінің деректеріне жетілімін анықтау және шектеу.
Access cycle	Цикл доступа к памяти	Жадқа жетілім циклі	Компьютер жедел жадынан дерек оқу мерзімінің ең аз аралығы немесе екі дерек оқу әрекетінің арасындағы ең аз уақыт аралығы.

Access identifier	Идентификатор доступа	Жетілім айқындаушы	Жетілім субъектісінің немесе объектісінің бірегей таңбасы.
Access index	Индекс доступа	Жетілім индексі	Деректер агрегациясы кілттерінің мәндері мен осы агрегациялардың немесе олар жататын жад аймақтары адрестерінің мәндері арасындағы сәйкестікті жасақтайтын деректер жиынтығы. Ол деректер агрегациясына қатынау жылдамдығын жоғарылату мақсатында қажет.
Access method	Метод доступа	Жетілім әдісі	1. Компьютер жады мен енгізу/шығару құрылғыларының арасында деректер жеткізуді ұйымдастыру тәсілі; 2. Келесі кезекте қай жұмыс станса (немесе дербес компьютер) есептеу торын пайдалана алатынын анықтайтын тәсіл (ережелер жинағы). Мысалы, CSMA/CD (Carrier Sense, Multiple Access with Collision Detection) қақтығыс ізделініп-табылатын және тасығышты тексеретін (тыңдайтын) көптік жетілім әдісі. Бұл әдіс кезінде бірнеше жұмыс станса (көптік жетілім) жеткізу ортасына қағынас құру үшін олар осы ортада жеткізу үзілісі болғанша оны бақылайды (тасығышты тексеру). Одан кейін деректер тасымалдана бастайды және онымен қатарласа жеткізу әрекеттері тексеріледі (қақтығысты табу). Әрбір жұмыс станса (өзінше) желі бос деп санап, хабар жеткізуге тырысады. Егер қақтығыс болып қалса, онда белгілі бір уақыт өткен соң хабар жеткізуге қайтадан әрекет жасайды. Ж.э. ең көп тараған әдістер қатарына жатады және Ethernet сияқты есептеу торларында қолданылады. 3. Деректер жинағының физикалық жазбасына жетілімнің берілген түрі орындалатын құралдар мен келісімдердің жиынтығы. Кезекпен жетілім әдісі болып бөлінеді.

Access method routine	Программа метода доступа	Жетілім әдісі бағдарламасы	Негізгі жад пен сыртқы жад немесе енгізу/шығару құрылғысының арасында алмасу үдерісін орындауды жақсартатын жүйелік бағдарлама; жетілім әдісі бағдарламасын орындайды.
Access mode	Режим доступа	Жетілім режимі	Файлдан жазбаны таңдау немесе оны файлға жүктеу тәсілі. Ол деректерді ұйымдастыру тәсіліне және сақтаушы құрылғы типіне байланысты.
Access path	Маршрут доступа	Жетілім маршруты	1. Файлға жетілімге арналған оның сыртқы каталогтары атауларының тізбектей жазылуы. Амалдық жүйе пайдаланатын дискідегі файлдардың орнын анықтайтын каталогтар тізбегі десе де болады. Деректері жинақтаушы дискілердің логикалық атауларынан және өзара сатылы түрде байланысқан бағынышты каталогтар атауларының тізбегінен тұрады; 2. Қолданбалы бағдарламаларда кейбір амалдарды орындағанда деректер базасындағы ақпараттарды қарап отыруға болатын жазбалар тізбегі; 3. Деректерді жеткізу желісінде – желінің кез келген екі торабының арасындағы жетілім жолы.
Access time	Время доступа	Жетілім уақыты	Дербес компьютердің жадынан (басқа құрылғылардан) деректерді алуға сұратым келген сәт пен сол деректерді пайдалануды бастау сәті аралығындағы уақыт. Құрылғылардың типіне байланысты жетілім уақыты микросекундтан (оперативті жад) минутқа дейінгі (магниттік таспа) аралықта болады.
Access to information	Доступ к информации	Ақпаратқа жетілім	Ақпаратпен танысу, оны өңдеу (көшірмесін алу, жою немесе мағынасына тимей ақпаратқа өзгеріс енгізу).
Access to network	Доступ к сети	Торға жетілім	Басқа жұмыс стансаларымен ақпарат алмасу үшін стансаның деректер жеткізу ортасымен әрекеттесуі. Торға жетілім әдістері кездейсоқ және детерминалды болып екіге бөлінеді.

Account	Бюджет	Бюджет	Білгілі бір уақыт аралығында компьютерде жұмыс істеуші (жұмыс істеушілер тобы) пайдалана алатын компьютер ресурстарының көлемі.
Account information	Учетная информация	Есепке алу ақпараты	Белгілі бір уақыт кезеңіндегі фирма қызметін сипаттайтын ақпарат. Оның негізінде жоспарлық ақпарат түзіледі, фирманың шаруашылық әрекеттері талданады, жұмыстарды тиімді басқаруға байланысты шешімдер қабылданады және т.б. Практикада тіркелу ақпаратына бухгалтерлік есеп алу, статистикалық ақпарат және жедел есеп алу ақпараты жатады.
Accounting machine	Счетно-аналитическая машина	Есепті-аналитикалық машина	Деректерді пернеден енгізуге, оларды өңдеу мен нәтижелерін кесте түрінде беруге арналған құрылғы.
Accounting management	Управление учетом	Есепке алуды басқару	Тиісті мүмкіндікті ұсыну және төлемді дұрыс есептеу мақсатымен әр түрлі желілік ресурстарға жеке және топтық жетілімді үйлестіру үдерісі. Желілік басқарудың бес категориясының бірі.
Accounting of data	Учет данных	Деректерді есепке алу	Жинаудан, нормалаудан, жадқа жазудан және ақпаратқа мезгіл-мезгіл түзету енгізуден тұратын ақпараттық жүйенің негізгі қызметтерінің бірі.
Accumulating adder	Накапливающий сумматор	Жинақтауыш қосындылауыш	Жинақтауыш регистр түріндегі қосындылауыш; бастапқы қосылғыштар және тасымал (кіріс сигналдары ретінде) кірмеге бірінен соң бірі берілетін сұлба. Сигналдар берілісі біткеннен кейін оның шығысында нәтиже сақталып қалады. Бұндай қосындылауышта қосу нәтижесі жиналатын жад болады.
Accumulation method	Метод накопления	Жинақтау әдісі	Виртуал машина мен компьютердің сәйкес нақты құрылғысы арасына аралық буынды енгізуден тұратын және бірлік жазбалар құрылғыларын моделдеу үшін виртуал машиналар жүйесінде пайдаланылатын әдіс. Мұндай буын ретінде жинақтау файлы алынады.

Accumulator	Накопитель	Жинақтауыш	1. Ақпараттарды жинақтайтын регистрлер тобы; 2. Деректерді жазып сақтауға арналған компьютердің сыртқы жады; 3. Деректер базасын басқару жүйесінде жазбаларды орналастыру мен сақтауға арналған деректер базасының негізгі бөлігі; жалпы деректер базасын да осылай атай береді.
Acoustic modem	Акустический модем	Акустикалық модем	Цифрлық сигналдарды сөздік ауқымдағы дыбыстық сигналдарға және керісінше түрлендіретін модем.
Action frame	Окно действий	Әрекеттер терезесі	Бағдарламаның 1-ден артық элементтерін бірдей ететін атау.
Action media	Операционная медиа	Амалдық медиа	DVI (Digital Video Interactive) технологиясында пайдаланылатын Intel корпорациясы өнімдерінің тобы. Құрамына видеокескіндер мен дыбыстық сигналдарды тіркеу, өңдеу, қайта ойнату үшін ISA- және MCA-тақшалары кіреді.
Action of protection of information	Мероприятия по защите информации	Ақпарат қорғау шаралары	Ақпарат қорғау тәсілдері мен құралдарын әзірлеуге және (немесе) практикада пайдалануға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы.
Activate block	Активизированный блок	Белсендірілген блок	Жад бөлінген және басқару тапсырылған бағдарламалық блок.
Activation	Активизация	Белсендіру	Бағдарламаны негізгі жадқа жүктеу арқылы оны жұмыс істейтін күйге келтіру.
Activation function	Функция активности	Белсенділік функциясы	Желінің кірістік мәндеріне және оның ағымдағы күйіне тәуелді нейрондық желінің шығыстық мәндерін есептейтін функция. Бұл функция мәндерінің белсенділігі үздіксіз шамалармен де, үздікті шамалармен де берілуі мүмкін.
Active abonent	Активный абонент	Белсенді абонент	Берілген сәтте компьютермен байланысы бар, яғни абоненттік пунктте жұмыс істеп отырған тұтынушы.

Active cell	Активная ячейка	Белсенді ұяшық	Электрондық кесте бағдарламасында пайдаланушының таңдап алған ұяшығы. Бұл торға деректерді енгізуге болады және онда мәтінді редакциялауға, пішімдеуді өзгертуге болады. Белсенді ұяшық қосымша жарықталумен ерекшеленеді, ал оның координаттары (бағана мен жол) арнайы алаңға шығарылады.
Active data object	Активный объект данных	Белсенді деректер объектісі	Деректердің кез келген түріне қолжетім беретін Microsoft технологиясы.
Active directory	Активный каталог	Белсенді каталог	Әрбір дискілік жинақтаушыға амалдық жүйе арқылы қызмет ететін каталог. Оған іс-әрекеттер нақты каталогтың арнайы бұйрықтарынсыз тапсырылады.
Active disk	Активный диск	Белсенді диск	Осы сәтте өзгерту жұмыс істеп отырған магниттік дискі.
Active disk unit	Активный накопитель	Белсенді жинақтауыш	1. Компьютерде жұмыс істеп отырған адам сол сәтте деректер оқуға/жазуға болатын магниттік дискідегі жинақтауыш; 2. Нақты уақыт сәтінде жүйенің және пайдаланушының қолы жететін иілгіш магниттік дискідегі жинақтауыш.
Active document	Активный документ	Белсенді құжат	Компьютерде жұмыс істеп отырған адам сол сәтте деректер оқуға/жазуға болатын жедел жадтағы белсенді құжат.
Active file	Активный файл	Белсенді файл	Екі панелді файлдық менеджер. Оның мынадай негізгі мүмкіншіліктері бар: файлдар мен қапшықтарды көшірмелеу, жылжыту, қайта атау, жасау, өшіру, сұрыптау және файл атрибуттарымен жұмыс жасау.
Active line	Активная линия	Белсенді желі	Осы берілген сәтте ақпаратты жеткізуге ашық байланыс желісі.
Active movie	Активное видео	Белсенді видео	Веб-серверден веб-клиентке жіберілетін видеоның ағымдық жіберілуінің веб-технологиясы.

Active page	Активная страница	Белсенді бет	Windows жүйесіндегі қолданбалы бағдарламаларды басқаруға арналған экран бетінің ең үстінде орналасып, жұмыс істеуге дайын тұрған парақ.
Active panel	Активная панель	Белсенді панель	Осы сәтте экранда белсенді қалыпта жұмыс істеп тұрған тақта.
Active program	Активная программа	Белсендік бағдарлама	Негізгі жаққа жүктелген бағдарлама.
Active record	Активная запись	Белсенді жазба	Деректер базасымен жұмыс істеу барысында бағдарламаны орындауға немесе тұтынушының сұратым үдерісіне қатынасатын файл жазбасы. Қатынас жасалмайтын жазба белсенді болып саналмайды.
Active redundancy	Активная избыточность	Белсенді артықтық	1. Ақпаратты жеткізу дұрыстығын бақылау мақсатында бос кодтық орындарды немесе кодтық үйлестірулерді пайдалану; 2. Нәтиже алу мақсатында немесе оның ақиқаттығын бақылау мақсатында барлық техникалық құралдар бір мезгілде пайдаланылатын резервтеу әдісі.
Active server Pages – ASP	Активные серверные страницы	Белсенді серверлік беттер	Бағдарламалық модульдерді веб-бетке қосуға мүмкіндік беретін, HTML-беттерді динамикалық форматтауға арналған технология.
Active star	Активная звезда	Белсенді жұлдыз	Орталық компьютер желісінің барлық хабарламаларын өңдейтін компьютер желісінің жұлдыз тәрізді топологиясы. Мұнда коммутация желі орталығының функцияларының бірі ғана болып табылады.
Active station	Активная станция	Белсенді станса	Осы мезетте торға хабарлар жеткізуге және тордан хабар алуға рұқсат етілген станса.
Active storage	Активное запоминающее устройство	Белсенді сақтауыш құрылғы	Орталық процессордың басқаруында тұрған сақтауыш құрылғы.
Active task	Активная задача	Белсенді есеп	Дәл қазір процессорда тұрған есеп.

Active variable	Активная переменная	Белсенді айнымалы	Айнымалыға қатынау кезінде шақырылатын жалғастырылған процедурасы бар айнымалы.
Active window	Активное окно	Белсенді терезе	Windows терезелерінің берілген экранда көрініп, өз құжатымызды басқаруға арналған элементтері көрініп жұмыс істеп тұрған ең үстіңгі терезесі.
Active X	Актив X	Актив X	Бағдарламалық компоненттердің, оларды жасаған тілдерге тәуелсіз, желілік ортамен бірігіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін Microsoft технологиясы.
Activity indicator	Индикатор активности	Белсенділік индикаторы	Құрылғының күйінің жарықтық индикаторы (қосылған/қосылмаған).
Activity loading	Оптимизация размещения файлов	Файлдарды орналастыруды оңтайландыру	Файлдың дискіге орналасуын ұйымдастыру әдісі, тым жиі пайдаланылатын жазбалар өте жылдам жүктелетіндей етіп көшіріліп жазылуы тиіс.
Activity ratio	Коэффициент активности	Белсенділік коэффициенті	Деректер базасында пайдаланылатын жазбалар санының жалпы жазбалар санына қатынасы.
Actual information	Актуальная информация	Өзекті ақпарат	Өзгерген жұмыс жағдайларында өз маңызын жоғалтпайтын ақпарат, яғни зерттелу аймағында объектінің күйін кез келген сәтте дәлме-дәл бейнелейтін ақпараттар жиыны.
Actual stale	Актуальное состояние	Өзекті күй	Нәлдік саланың ұсынылатын объектілерінің күйін дәл бейнелейтін деректердің күйі.
Ada	Ада	Ада	Нақты уақыт режимінде қолдануға бейімделген жоғары деңгейлі бағдарламалау тілі; ол бағдарламалар жұмысының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ете алады.
Adaptability	Адаптируемость	Бейімделгіштік	Модемнің немесе басқа телекоммуникациялық құрылғылардың телефон желісінің өзгеруі негізінде дерек жөнелту жылдамдығының өзгеруіне қарай тез бейімделу.

Adaptation	Адаптация	Бейімделу	Техникалық жүйенің сыртқы орта жағдайларының өзгеруіне байланысты ол туралы ақпарат жинау және оны пайдалану арқылы өз күйлерін (жұмыс істеу алгоритмін, параметрін, құрылымын) өзгертуі.
Adapter	Адаптер	Бейімдеуіш	1. Дербес компьютердің жүйелік құрын деректерді әр түрлі тәсілмен бейнелейтін шалғай құрылғылармен сигналдарды сәйкестендіре отырып байланыстыру үшін дербес компьютерге орнатылған тақша. Ол бір жүйе құрамында немесе қатар жұмыс атқаратын бірнеше жүйенің әр түрлі бөліктерінің жұмысын бір-бірімен сәйкестендіруге арналған аралық құрылғы; 2. Шалғай құрылғы контроллерінің қызметін орындайтын сұлба. Ол алмалы-салмалы электрондық тақшада немесе тікелей дербес компьютердің аналық тақшасына орналастырылады; 3. Есептеу торларында абоненттік жүйелер протоколдарының физикалық және арналық деңгейлері жұмысын жүзеге асыратын стансаның бір түрі; 4. Процессордың шалғай құрылғылармен байланысын (деректер алмасуды) жүзеге асыратын арнайы құрылғы. Графикалық бейімдеуіш-мониторды процессормен байланыстыратын қосқышы бар арнайы тақша, оны бейнекарта (видеокарта) деп те атайды.
Adaptive channel allocation	Адаптивное распределение каналов	Арналарды адаптивті үлестіру	Арналарды ауыстырып қосу құрылғысы.
Adaptive routing	Адаптивная маршрутизация	Адаптивті маршруттау	Есептеу торындағы өзгерістерді ескере отырып, ондағы ақпаратты жеткізудің ең тиімді жолын таңдау. Бейімді маршруттау төңіректі, орталықтандырылған, үлестірілген және аралас бағдарлау болып бөлінеді.

Adaptive support	Адаптивное сопровождение	Адаптивті сүйемелдеу	Өзгерген ортада бағдарламалық камтаманы сүйемелдеу.
Adaptive system of automatic control	Адаптивная система автоматического управления	Автоматтық басқарудың бейімделген жүйесі	Басқарудың сапасын жетілдіру мақсатымен жұмыс үдерісінде өзінің параметрлерін өзгертетін автоматтық басқару жүйесі.
Adder	Сумматор	Қосындылауыш	1. Компьютердің кірісіне берілетін және санаудың кейбір жүйесінде кодтармен ұсынылған сандардың қосындысын табуға арналған компьютердің торабы; 2. Екі санның цифрлық кодтарын қосуға арналған қызметтік бөлшек. Қ-тың әрбір разрядының шығысында қосынды және келесі жоғары разрядқа тасымал мәні анықталады.
Addition bit	Дополнительный бит	Қосымша бит	Белгілі бір мақсатпен деректер сөзіне үстемеленетін бит (мысалы, кодтау үшін, жиынтығын бақылау үшін және т.б.).
Address	Адрес	Адрес	Құрылғыны немесе жад ұяшығын белгілейтін сан. Символ немесе символдар тобы. Мысалы, 1. Ақпарат элементінің компьютер жадында орналасқан орнын көрсететін цифрлардан тұратын немесе цифр мен әріп араласқан белгі; 2. Пәрменнің деректер орналасқан орынды немесе деректердің өзін анықтайтын кез келген бөлігі; 3. Есептеу торабының жұмыс стансасынан немесе есептеу торабы арқылы тасымалданып жатқан деректер дестесін нақты анықтайтын сандар жиыны; 4. Компьютердің жедел жадына деректер жазу/оқу үшін қолданылатын оның кез келген ұяшығының нөмірі; 5. Байланыс торларындағы электрондық пошта немесе интернет деректерінің (хабарламаларының) адресі.

Address book	Адресная книга	Адрестік кітап	Электрондық пошта бағдарламаларымен байланысын үзбейтін абоненттердің пошталық реквизиттері бар деректер базасы (тізім).
Address bus	Адресная шина	Адрестік құрсым	Жад адресін жеткізуге бөлінген жалпы құрсымның бөлігі немесе енгізу/шығару порты.
Address field	Адресное поле	Адрестік өріс	1. Операнд адресі орналасатын пәрмендегі өріс; 2. Деректерді жеткізуде деректер көзі немесе деректер қабылдауыш үшін бөлінген деректер блогының бөлігі.
Address indexing	Индексирование адреса	Адресі индексстеу	Адрес индексін ескеретін атқарушы адресі есептеуіш жүйе.
Address map	Отображение адреса	Адресі бейнелеу	Логикалық адресі физикалық адрес арқылы бейнелеу.
Address mapper	Преобразователь адреса	Адресі түрлендіргіш	Процессор адресінің сигналдарын сұрыптай отырып басқа түрге түрлендіруге арналған сұлба.
Address mark	Адресный маркер	Адрес маркері	Сектор адресі жазбасының басын көрсететін дискі жолындағы код немесе физикалық тамға.
Address modification	Модификация адреса	Адрес жетілдірімі	Адрестік тұрақтыны (адрес жетілдірушіні) үстемелеу арқылы бағдарламада қарастырылған адресі түрлендіру.
Address modifier	Модификатор адреса	Адрес жетілдіруші	Адресі түрлендіру/жетілдіру мақсатында алғашқы адреске қосылатын тұрақты сөз тіркесі; алғашқы адресі өзгерту мақсатында оған үстемеленетін адресі тұрақты.
Address of data	Адрес данных	Деректер адресі	Деректер орналасқан жад өрісінің адресі.
Address of data source	Адрес источника данных	Деректер көзінің адресі	Деректер жіберілетін жад аймағының немесе құрылғының адресі.
Address parameter	Адресный параметр	Адресі параметр	Өз мәніне адресі тұрақтыны иемденген параметр.

Address parity	Адресное соотношение	Адрестік ара қатынас	Сол жағында адрестік жақшаға алынған шамалардың тізімі көрсетілген, ал оң жағында осы шамалардың адрестерінің мәндері көрсетілген теңдік.
Address reference	Адресная ссылка	Адрестік сілтеме	Нұсқағыш ретінде адрес пайдаланылатын сілтеме.
Address register	Регистр адреса	Адрес регистрі	1. Сақтау құрылғысындағы немесе басқару құрылғысының пәрмендер регистріндегі керек деректерді табуда қажет адресің шарттаңбасын сақтауға арналған регистр; 2. Адрес-терді уақытша сақтауға арналған процессордың ішкі деректер тіркеуіш регистрі.
Address Resolution protocol – ARP	Протокол разрешения адресов	Адрестік шешудің протоколы	IP дестесі үшін IP-адрес-терді MAC адреске (MAC address) өзгертуді қамтамасыз ететін TCP-IP тобының протоколы.
Address separator	Разделитель адресов	Адрес-терді бөліктегіш	Сұрыптау сигналдарындағы әр түрлі адрес-терді бөлетін сигнал.
Address sorting	Адресная сортировка	Адрес-тік сұрыптау	Белгілердің берілген тізбегіне сәйкес деректер адрес-терінің жаңа тізбегі (адрес-тер файлы) қалыптасатын деректерді реттеу. Ол сол деректердің өзінің орналасу ретін өзгертпейді.
Address space	Адресное пространство	Адрес-тік кеңістік	1. Жалпы жағдайда микропроцессор қатынас құра алатын жедел жад ұяшықтарының жиынтығы. Көбінесе компьютердің А.к-гі деп микропроцессор пайдалана алатын жедел жад көлемін айтады. Сондай-ақ адрес-тік кеңістік деп берілген үдеріс үшін алдын ала бекітілген (ерекше жағдайларға қарай) жад бөлігін де айтады; 2. Машиналық адрес-ті пайдаланып қатынауға болатын жад ұяшықтарының жиынтығы. Ұяшықтар саны 2-ге тең, мұндағы n-адрес разрядтарының саны.

Address stop	Останов по адресу	Адрес бойынша тоқтау	Пәрмендер адресі есептегіші мәнінің белгілі бір регистр мәніне сәйкес келген жағдайдағы орталық процессордың тоқтауы.
Address storage	Адресное запоминающее устройство	Адрестік сақтауыш құрылғы	Жадтың әрбір ұяшығына оның жадта тұрған орнын анықтайтын адрестелінген және осы адрес бойынша ұяшыққа қатынау жүзеге асырылатын сақтауыш құрылғы.
Address track	Адресная дорожка	Адрестік жолшық	Басқа жолшықтарда жазбалардың адрестері жазылған жолшық.
Address translation	Трансляция адреса	Адресі трансляциялау	1. Белгілі бір ереже бойынша бір тілден екінші тілге мағынасын көп өзгертпей аудару; 2. Бағдарламалау тілдерінің бірінде берілген бағдарламаны оған эквивалентті басқа тілдегі бағдарламаға түрлендіру.
Addressable point	Адресуемая точка	Адрестелетін нүкте	Машиналық графикада координаттарымен анықтала алатын құрылғы кеңістігінің нүктесі.
Addressed memory	Адресуемая память	Адрестелетін жад	Орталық процессор қатынай алатын жад. Оның мөлшері 2^n -ді құрайды, n -машиналық адресінің разрядтар саны. Адрестелетін жад компьютердің нақты физикалық жадынан көп те, аз да болуы мүмкін.
Addressee	Адресат	Адресат	1. Деректерді қабылдап алатын бағдарлама немесе құрылғы; 2. DOS файлдық пәрмендерінде (copy, move, rename) жөнелтілетін, түрлендірілген файлдар барып орналасатын каталог аты, әдетте, пәрмен параметрлерінің екіншісі болып тұрады.
Addressing	Адресация, адресность	Адрестеу, адрестілік	Есептеу жүйесіндегі біртектес объектілер жиыны мен олардың адрестері жиынының арасындағы сәйкестікті тағайындайтын үдеріс. Пәрменнің адрестік бөлігіндегі анық көрсетілетін адресстер саны.

Addressing character	Символ адресации	Адресеу символы	Хабарды қабылдауға тиісті терминалды таңдау мен дайындау үшін байланыс арнасы бойынша берілетін символ.
Addressing direct with indexing	Адресация прямая с индексированием	Индекстеулі төте адресеу	Операндтың орындалатын адресі жылжыту мөлшері мен индекстік регистрдің мәндерінің қосындысына тең болатын адресеу. Бұл адресеуді берілген кестенің керек элементтерін табу үшін пайдаланған қолайлы. Мұндай жағдайда жылжыту мөлшері кестенің басын, ал индекстік регистрдің мәні оның элементін көрсетеді.
Addressing error	Ошибка адресации	Адресеу қатесі	Деректерді теріс адресеуден тұратын және бағдарламаны үзуге итермелейтін қате.
Addressing function	Функция адресации	Адресеу функциясы	Жүйенің белгілі бір құрауыштары арқылы жүзеге асырылатын функция. Ол жадтағы кеңістікке үйлестірілген, жадтың осы кеңістігінде көптеген адресер анықталған, яғни адрес бойынша тек бір ғана ішкі аймақты бөледі де, осы аймақта белгілі бір амал жүзеге асырылады.
Addressing mode	Режим адресации	Адресеу режимі	1. Пәрмендерде адресі көрсету тәсілі мен жад ұяшықтарына жетілім тетіктері. 2. Кіші компьютерлер жүйесінде пәрменмен алдын ала жазылған әрекетті орындау үшін операндыны таңдау мақсатымен регистрді пайдалану тәртібін анықтайтын режим. 3. Адресі есептеу алгоритмі.
Addressing on base	Адресация по базе	База бойынша адресеу	Операндтың атқарылатын адресі жылжыту (ығыстыру) база көрсеткішінің мәндерінің қосындысына тең болуы.
Addressless system of commands	Безадресная система команд	Пәрмендердің адрессіз жүйесі	Амал берілген операндтардың нақты емес анықтамасын қарастыратын компьютердің пәрмендер жинағы.
Adjusted program module	Настраиваемый программный модуль	Бапталатын бағдарламалық модуль	Аударуды басқаратын операторы бар Ада тіліндегі десте немесе бағдарлама.

Adjusting assembler	Настраивающий ассемблер	Баптаушы ассемблер	Сыйымды кодты қалыптастыратын ассемблер.
Adjusting loader	Настраивающий загрузчик	Баптаушы жүктегіш	Сыйымды кодты жедел жадта оқитын және код орналасатын жадтың нақты саласында адресі баптайтын жүктегіш.
Administration management domain	Административная область управления	Басқарудың әкімшілік аймағы	Электрондық поштада телекоммуникациялық оператордың басқаруында болатын басқару аймағы.
Advanced interactive video – AIV system	Усовершенствованная интерактивная видеосистема	Жетілдірілген интербелсенді видеожүйе	Компьютер деректері түрінде жазылған видеосигналдарды, цифрлар түрінде жазылған әр түрлі ақпараттар мен дыбыстық сигналдарды бір видеодискіде сақтай алатын LVROM әдісін пайдаланушы жүйе.
Advanced Research Project Agency Network – arpanet	Сеть управления перспективных исследовательских программ	Перспективті зерттеулік бағдарламаларды басқару торы	70-ші жылдардың басында ұйымдастырылған, дестелері коммутацияланған желі қазіргі интернет үлгісі болды және ол 1990 жылдың маусымында таратылды.
Advanced Researched Perspective Agency network – Arpanet	Сеть агентства перспективных исследований	Перспективті зерттеулер агенттігінің торы	Интернет торының пайда болуына себепші болған, АҚШ Қорғаныс министрлігінің Болашағы бар зерттеулер агенттігі жасап шығарған компьютер желісі.
Advanced streaming format – asf	Расширенный потоковый формат	Кеңейтілген ағымдық формат	Мультимедияның ағымдық пішімі. Windows Media-ға арнап Microsoft жасаған.
Afferent branch	Центростремительная ветвь	Центрге бағытталған тармақ	Деректерді пішімдеу мен енгізуге байланысты бағдарламаның блок-сұлбасының бөлігі.
Aging of the information	Старение информации	Ақпараттың ескіруі	Ақпараттың пәндік салада өзі бейнелейтін күйдің уақыт өте келе өзгеруіне байланысты практикалық құндылығынан айырылуы.

Agreement by default	Соглашение по умолчанию	Үндемей келісу	Егер пайдаланушы нақты түрде талап қоймаса, онда әрбір бағдарлама (немесе аппараттық құрылғы) қандай да бір міндетті атқарудың нақты нұсқасын өзі тағайындайды. Үнсіз келісім тек компьютерлік технологияға ғана тән, математикада оның аналогы жоқ.
Alarm system	Аварийная сигнализация	Апатты сигнал беру	Ақаулық бар жерді іздестіру үшін торларында қолданылатын әдіс; станса тұрақты істен шығудың пайда болғандығын анықтаған кезде, мысалы, белгілі бір уақыт аралығында кадрлар алмаған кезде, ол алдыңғы стансадан сол тектес кадр алмайынша, апаттық сигналдарды бере бастайды. Станса сигналдық кадрды алысымен оны әрі қарай сақина бойынша жібереді. Нәтижесінде сигналдық кадрларды тек бір ғана станса алмайды. Бұл сақина тұтастығының бұзылуы тікелей осы стансаның алдында болғандығын білдіреді.
Algebra of logic	Алгебра логики	Логика алгебрасы	Айтылымдық тұрақты және айнымалы шамалардан, логикалық байламның символдарынан құралған формулалар арқылы анықталатын логикалық заңдарды зерттейтін математикалық логиканың бөлімі. Шындық айтылым «1» саны, ал жалғандық – «0» саны арқылы белгіленеді. Осындай екі мәні ғана бола алатын функцияларды зерттеу логика алгебрасының тақырыбы болып табылады.
Algebraic comparison	Алгебраическое сравнение	Алгебралық салыстыру	Екі операндтың да арифметикалық мәні бар болатын салыстыру амалының түрі.
Algebraic language	Алгебраический язык	Алгебралық тіл	« $Y=x+5$ » тәрізді алгебралық өрнектер кіретін сөйлемдерді құрастыру мүмкіндігі бар бағдарламалау тілі.

Algorithm	Алгоритм	Алгоритм	Орта азиялық математик әл-Хорезми есімінің латынша айтылуы бойынша біртіндеп орындалған кезде белгілі бір мәселені немесе мәселелердің белгілі бір тобына кіретін кез келген мәселені шешуге мүмкіндік беретін бір мәнді нұсқаулардың шекті тізбегі. Тағайындалған ережелерге сүйене отырып, теңдеулер көмегімен есептер шығаруды білдіреді. А-нің жалпылық, түсініктілік, дәлдік, дискреттілік және нәтижелік (шектілік) деп аталатын негізгі қасиеттері болады; берілген тапсырманы орындауға арналған амалдар мен іс-әрекеттер тізбегінің реттеліп жазылуы немесе белгілі бір мәселелерді шешу жолында алғашқы деректерден нәтиже алу үшін орындалуға тиісті әрекеттердің алдын ала анықталған нақты тізбегі; мәселені амалдардың шектеулі санымен шешуді анықтайтын жарлықтар жиыны.
Algorithm and program library	Библиотека алгоритмов и программ	Алгоритмдер мен бағдарламалар дерекханасы	Алуан түрлі мақсаттағы мәселелерді шешуге арналған алгоритмдер мен бағдарламалардың белгілі бір тәсілмен ұйымдастырылған жиынтығы. Оны жеке 1 адамдар да, ұжымдар да пайдалана алады; жекелей және ұжымдық пайдалануға арналған алуан түрлі міндетті атқаратын алгоритмдер мен бағдарламалардың белгілі бір тәртіппен реттелген жиынтығы.
Algorithm error	Ошибка алгоритма	Алгоритмнің қатесі	Нақты үдерістің мәселесін шешу алгоритмінің немесе математикалық моделдің барабар болмауы салдарынан туындайтын қате. Әдетте, транслятормен байқалмайды, тек бағдарламаны орындау кезінде байқалады.
Algorithm flexibility	Гибкость алгоритма	Алгоритм икемділігі	1. Алгоритмнің кірістік деректер өзгергенде, есептің мазмұнын өзгертпей жұмыс істеу қасиеті; 2. Шешілетін мәселе өзгерместен кірістік ақпараттың өзгерісіне алгоритмнің бейімделу мүмкіндігімен анықталатын алгоритм қасиеті.

Algorithm flowchart	Блок-схема алгоритма	Алгоритмнің блок-сұлбасы	Ескертулері көрсетілген бейнесызбалық белгілер түрінде берілген компьютерге арналған бағдарламаның немесе есеп шешу алгоритмінің шартты кескіні. Ол бағдарламаның (есептің) құрылымын және ақпарат өңдеу үдерісінің жалпы тізбектілігін анықтауға арналған.
Algorithm of branching structure	Алгоритм разветвляющейся структуры	Тармақталатын құрылым алгоритмі	Логикалық шарттың орындалуына байланысты есептеу үдерісі тармақтың бірін таңдау бойынша жүргізілуі тиіс, яғни есептеу қолдануға болатын екі формуланың (мүмкіндіктің) бірімен іске асады.
Algorithm of linear structure	Алгоритм линейной структуры	Сызықтық құрылым алгоритмі	Тармақталу мен қайталану әрекеттері жоқ бір сызық бойына орналасқан алгоритм түрі. Барлық әрекеттер тізбектеліп бірінен кейін бірі алгоритм сұлбасында берілген табиғи реттілікпен орындалатын алгоритм құрылымы.
Algorithm optimization	Оптимизация алгоритмов	Алгоритмдерді оңтайлау	Алгоритмдерді эквивалентті түрде түрлендіру арқылы алгоритмдер мен есептеу үдерістерінің сипаттамасын жетілдіру.
Algorithmic access	Алгоритмический доступ	Алгоритмдік жетілім	Адресі қандайда бір алгоритм бойынша есептеуге негізделген жетілім.
Algorithmic language	Алгоритмический язык	Алгоритмдік тіл	Әріптердің, символдар мен аталымдардың синтаксистік құрылым арқылы байланысқан және мәселелер шешу алгоритмін белгілі ережелер бойынша бейнелеуге мүмкіндік беретін жиынтығы. Компьютер сәулетінен тәуелсіз түрде нақты алгоритм құрылымын жазуға бейімделген бағдарламалау тілі. А.т-дің құрамына жай әріптерден басқа сандар, шамалар мен функциялардың белгілері, амалдардың таңбалары, жақшалар және осы сияқты басқа да математикалық белгілер кіреді. Алгоритмдік тілде жазылған жазбалар арнаулы бағдарламалар арқылы нақты компьютердің машиналық тіліне аударылады.

Algorithmic model	Алгоритмическая модель	Алгоритмдік модел	Жүйенің жұмыс істеуін сипаттайтын алгоритмдер кешені.
Algorithmic product	Алгоритмическое изделие	Алгоритмдік бұйым	Алгоритмдер мен бағдарламалар қорында тіркелген және пайдалануға дайын алгоритм.
Algorithmic redundancy	Алгоритмическая избыточность	Алгоритмдік артықтық	Мәселені шешу алгоритміне қосылған, жойылуы нәтижеге әсер етпейтін қосымша құралдар. Ол нәтижелердің ақиқаттығын арттыруға пайдаланылады.
Algorithmic reliability	Алгоритмическая надежность	Алгоритмдік сенімділік	Жұмыс істеу жағдайлары өзгерген кезде алгоритмнің (бағдарламаның) өз міндеттерін орындау қабілеті.
Algorithmic structure of the computer	Алгоритмическая структура компьютера	Компьютердің алгоритмдік құрылымы	Компьютерде сөздермен және ақпараттың тым ірі бірліктерімен амалдар деңгейінде ақпаратты өңдеу үдерісін бейнелейтін қызметтік түрлендіргіштердің жүйесі. Компьютердің алгоритмдік құрылымын әбден толық сипаттау жеке сөздермен амал орындайтын блоктардан құралған машинаның сұлбасына сәйкес келеді. Компьютердің алгоритмдік құрылымын сипаттаудың әбден нақтыланатын деңгейі жиымдармен және мәселелермен орындалатын амалдар деңгейінде ақпараттың негізгі қызметтік түрлендіргіштерімен анықталатын компьютердің сәулеті болып саналады.
Algorithmization	Алгоритмизация	Алгоритмдеу	1. Есеп (мәселе) шешудің бір кезеңі. Бұл кезде есептің шарты және соңғы нәтижеге қойылатын талаптар негізінде алгоритм құрылады; 2. Ақпараттанудың алгоритм құру-жасау әдістері мен тәсілдерін және олардың қасиеттерін зерттейтін бөлімі.
Allocated channel	Выделенный канал	Еншіленген арна	Белгілі бір абонентке (еншісіне) бөлініп берілген арна.

Allocated line	Выделенная линия	Еншіленген желі	Коммутацияланбайтын, тұрақты қосылған, пайдаланушыға жеке қолдануға берілген желі. Екі абоненттің арасындағы тікелей байланыс жасауға арналған.
Allocated variable	Распределенная переменная	Үлестірілген айнымалы	Негізгі жадта тұрақты түрде аймақ бөлінетін айнымалы.
Allocation	Распределение	Үлестіру	Жеке тапсырмаға ресурстарды тіркеп қою үдерісі; компьютер ресурстарын үлестіру, бөліп беру. Мысалы, жедел жадты бірнеше бағдарламалар арасында бөлу.
Allocation table	Таблица распределения	Үлестіру кестесі	Есептеу жүйелері ресурстарының сипаттамаларынан және олардың үдерістер немесе бағдарламалар арасында бөлінуі жайлы деректерден тұратын кесте.
Allow	Разрешение	Рұқсат беру	Кейбір құрылғыны белсендіру. Егер бірнеше құрылғы өзара параллель жалғастырылса, онда ішінара белсендіру, бөлінген желі бойынша белгілі бір сигналды немесе құр бойынша сигналдар үйлесімін ажырату әрекеті арқылы жүзеге асады. Мұндай рұқсаттың нәтижесінде таңдап алынған құрылғы келесі сигналдарды алатын күйге ауыстырылады.
Allowing ability of monitor	Разрешающая способность монитора	Монитордың ажырату қабілеттілігі	Бейнемониторлар, әдетте, мәтіндік және графиктік режимде жұмыс істей алады. Мәтіндік режимде монитор экранында таңбалық генератормен қалыптастырылатын ASCII-нің кеңейтілген жинағының символдары тұрады (жалған графиканың символдарын пайдалану арқылы құрастырылған карапайым суреттер, гистограммалар, жиектер болуы мүмкін). Графиктік режимде экранда жеке мозаикалық элементтерден пиксельдерден қалыптастырылған айтарлықтай күрделі кескіндер және қаріптері мен мөлшері әр түрлі әріштердің жазбалары шығарылады. М.а.қ. бәрінен бұрын графиктік режим үшін аса қажет және ол пиксельдің мөлшерімен байланысты.

Alpha-channel	Альфа-канал	Альфа-арна	Графикалық файлмен бірге сақталатын және бейненің мөлдір облысын беретін суреттің мөлдірлігінің RGB арна-бүркемеге қосымша.
Alpha-testing	Альфа-тестирование	Альфа-тестілеу	Арнайы жасалған тапсырмалар арқылы даяр бағдарламалық өнімді тестілеу.
Alphabet	Алфавит	Әліпби	1. Тілде оның құрылмасын жазу үшін пайдаланылатын белгілі бір тәртіп бойынша орналасқан таңбалар жиынтығы; 2. Есептеу жүйесінде пайдаланылатын барлық символдар жиынтығы; 3. Әліпбилі ақпаратты кодтау үшін пайдаланылатын таңбалардың шектеулі жиынтығы. Қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерде пайдаланылатын әліпби мысалдары ретінде мыналарды атап өтуге болады: Z3, әліпбиі-орыс әліпбиінің 32 әрпі және бос орын; Zm әліпбиі-ASCII және ААК-8 (КОИ-8) стандарттық кодтарға кіретін символдар; бинарлық әліпби- $Z2 = \{0,1\}$; сегіздік әліпби немесе он алтылық әліпби; Есептегіш техникада берілген жиында өзгермейтін болып қабылданған, берілген тілде кез келген хабарды құрастыруға болатын символдардың (әріп, цифр және басқа шартты таңбалар) жиынтығы.
Alphabetic character set	Буквенный кодовый набор	Әріптік-кодтық жинақ	Әліпбидің таңбасы, әріп.
Alphabetic code	Буквенный код	Әріптік код	Әріптен немесе әліпби әріптерінің үйлесімінен тұратын индекс.
Alphabetic coding	Буквенное кодирование	Әріптік кодтау	Арнаулы әліпбиі тек қана әріптерден және (немесе) латын әліпбиі әріптерінің тізбегінен тұратын код.
Alphabetic data	Буквенные данные	Әріптік деректер	Әліпби әріптері мен кетіктен тұратын деректер.
Alphabetic index	Буквенный индекс	Әріптік индекс	Тек қана берілген әліпбидің әріптерінен тұратын тізбек.

Alphabetic item	Буквенный элемент	Әріптік элемент	Кобол тілінде-әріптік деректерді сипаттауға арналған үлгі.
Alphabetic sample	Буквенный образец	Әріптік үлгі	Әліпбидің әріптері мен бос орыннан құрастырылған деректер.
Alphabetic string	Буквенная строка	Әріптік жол	Сөз дыбыстарын жеткізу үшін басқа таңбалармен үйлесімде қолданылатын әліпби таңбасы.
Alphanumeric character	Буквенно-цифровой знак	Әріптік-цифрлық таңба	Әріп немесе цифр. N әріптен тұратын әліпбидің кез келген әрпі немесе 0-9 ондық таңбалардың кез келген цифры.
Alphanumeric character set	Буквенно-цифровой кодовый набор	Әріптік-цифрлық кодтық жинақ	Кодтау комбинациясы әріптерден, цифрлардан және кейбір әліпбидің басқа да таңбаларынан құрастырылатын деректерді кодтау.
Alphanumeric code	Алфавитно-цифровой код	Әліпбилік-цифрлық код	Әріптердің, цифрлардың және арнаулы символдардың кодтарынан тұратын таңбалар жинағы.
Alphanumeric coding	Буквенно-цифровое кодирование	Әріптік-цифрлық кодтау	Әріптерге жататын және басқару элементтері мен арнайы литерлер кіруі мүмкін, бірақ цифрлар кірмейтін кодтық жинақ.
Alphanumeric data	Алфавитно-цифровые данные	Әліпбилік-цифрлық деректер	Цифрлық және әліпбилік символдардан тұратын деректер.
Alphanumeric display	Алфавитно-цифровой дисплей	Әліпбилік-цифрлық дисплей	Әліпбилік-цифрлық (әріптер, сандар және т.б.) таңбалардан тұратын деректерді енгізуге және шығарылатын деректерді бейнелеу үшін экранды басқаруға арналған пернетақтасы бар енгізу/шығару құрылғысы (дисплей).

Alphanumeric keyboard	Буквенно-цифровая клавиатура	Әріптік-цифрлық пернетақта	Солдан оңға қарай байт бойынша орындалатын екі әріптік-цифрлық өрістің ішіндегісін салыстыру (бірінші байт біріншімен, екінші байт екіншімен және т.б.). Бұл үдеріс-салыстыру амалымен берілген қатынастың жалғандығы анықталғанша («=>» жағдайы үшін салыстыру-бірінші сәйкессіздікке дейін) немесе жолдардағы-операндтардағы салыстыру біткенше жалғасады.
Alphanumeric picture	Буквенно-цифровой	Әріптік-цифрлық	Әріптік-цифрлық (мәтіндік) деректерді редакциялауға арналған үлгі.
Alphanumeric printer	Алфавитно-цифровой принтер	Әріптік-цифрлық принтер	Әліпбилік-цифрлық ақпаратты баспаға жолма-жол шығаратын құрылғы.
Alphanumeric symbol	Буквенно-цифровой символ	Әріптік-цифрлық символ	Символдық ақпараттарды, яғни әріп, сан және басқа таңбаларды енгізуге арналған сыртқы құрылғының (дисплейдің, басу машинкасының, перфокарта дайындайтын құрылғының) пернетақтасының бөлігі.
Alternate key	Альтернативный ключ	Балама кілт	Бастапқы кілт ретінде көрсетілмеген деректер базасындағы іздегірү кілті.
Alternate route	Альтернативный маршрут	Балама маршрут	Есептеу торларында негізгі бағдар істен шыққан кезде деректерді тағайындалған орынға жеткізуге пайдаланылатын маршрут; амалдық жүйеде-егер файл ағымдағы каталогтан табылмаса, онда оны іздегіретін бағдар.
Auxiliary car of a database	Вспомогательная машина базы данных	Деректер базасының көмекші машинасы	Деректер базасын басқару жүйесінің барлық міндеттерін немесе оның бөлігін орындау үшін дербес процессор түрінде есептеу ресурстарын бөлуге негізделген деректер базасының машинасы.
Auxiliary device	Вспомогательное устройство	Көмекші құрылғы	1. Ұқсас құрылғылар тобынан балама ретінде таңдалатын құрылғы; 2. Көмекші міндет атқаратын құрылғы.
Auxiliary symbol	Вспомогательный символ	Қосалқы символ	1. Рекурсивті саналатын жиынды беру кезіндегі негізгі алфавитке жалғастырылған символ; 2. Туындаушы грамматиканы анықтау кезіндегі қосалқы әліпбидің элементі.
Available machine time	Доступное машинное время	Қол жетерлік машиналық уақыт	Компьютердің өзінің функционалдық қызметіне пайдалану мерзіміндегі уақыт. Оған жұмыс уақыты мен тапсырманы күту (бос жұмыс істеп тұру) уақыты кіреді, бірақ оған қызмет көрсету уақыты кірмейді.
Available mode	Доступное состояние	Қолайлы қалып-күй	Деректер базасын басқару жүйесіне ашық әрі басқа үдерістермен дербес пайдалану қалып күйінде тұрмайтын жеке жазбаның немесе деректер базасы аймағының қалып-күйі.
Available time	Время вычисления	Санау уақыты	Орталық процессордың бағдарламада қарастырылған арифметикалық және логикалық амалдардың орындалуына кеткен уақыты.

Avatar	Аватар	Аватар	Ойындарда немесе онлайн чат-форумдарында қолданушыны айқындайтын, (өзгермелі) анимацияланған немесе статикалық, екі немесе үш өлшемді кейіпкер.
Average calculating time	Среднее время вычисления	Есептеудің орташа уақыты	Процессордың өнімділік сипаттамасы. Аралас амалдардың түрін өңдеу кезінде амалдарының орындалуының орташа статистикалық уақытымен анықталады.
Aggray of documents	Массив документов	Құжаттар жиымы	Құжаттар туралы қысқа деректерді немесе құжаттардың өзін сақтайтын құжаттық ақпараттық-іздістіру жүйелерінің ақпараттық қорының негізгі бөлігі.
Babbage machine	Машина Бэббиджа	Бэббидж машинасы	Қазіргі замандағы компьютердің болашақ үлгісі болған (1820-1849 жылдары Ч. Бэббидж құрастырған) механикалық есептеу құрылғыларының жалпы атауы.
Back code	Обратный код	Кері код	1. Берілген екілік саннан барлық нөлдерді бірлікпен, ал барлық бірліктерді нөлмен алмастыру арқылы алынады; 2. Тура кодты разряд-разряд бойынша терістеу арқылы алынған код.
Back-end interface	Внутренний интерфейс	Ішкі интерфейс	Жүйенің ішкі құрауышы бар интерфейс, мысалы, бас компьютердегі қарым-қатынастық процессор интерфейсi, арнайы процессорлы компьютер.
Back space character	Знак возврата	Қайтару таңбасы	Басу механизмінің немесе дисплей экранындағы меңзердің бір позицияға кері жылжуын басқаратын символ.

Backbone network	Базовая сеть	Базалық тор	<p>1. Компьютер желісінің деректерді жеткізуді қамтамасыз ететін құрауыштары; 2. Деректерді жеткізу бойынша желінің қалған бөлігіне қызмет ететін көп деңгейлі үлестірілген желінің базалық тораптарының жиынтығы. Б.ж., әдетте, өткізу қабілеті жоғары кең арналы арнамен және диагностикамен басқарудың арнайы жабдығымен жалғастырылған дестелер, хабарлар немесе арналар қатынастарының мамандандырылған тораптарынан тұрады. Б.ж-ге қойылатын өте маңызды талап – олардың сенімділігі жоғары деңгейде болу керек. Осы жағдайға байланысты олар, әдетте, біртекті (шын мәнінде бір типті) процессорлардан түзіледі және желінің басқа бөліктері біртектіліктің жоғары дәрежесінде әрі басқарудың үлестірілген жүйесінде болса да, орталықтандырылған түрде басқарылады. Басқарудың орталықтандырылған жүйесі қолданылған жағдайда, егер негізгі жүйе тоқтап қалатын болса, онда басқаруды өзіне алуға дайын қосалқы жүйе болады. Б.ж-лерді құрастыру кезінде желінің белгілі бір жұмыстық параметрлерін, мысалы, орташа кідірісін, арналардың бағасын және т.б. азайту мақсатында графиктің моделдерін (ақпараттық алмасу ағынын) талдау әдісі пайдаланылады. Б.ж-лердің өзі де көп деңгейлі құрылымға ие бола алады.</p>
Backdoor	Черный вход	Қосымша кіріс	<p>Кездейсоқ немесе жоспарланған түрдегі жүйенің әлсіз орны. Хабардар адам «жасырын есік» арқылы жүйеге оңай қолжетімдік ала алады.</p>
Background	Фон	Фон	<p>Жұмыс істеп тұрған белсенді терезе сыртындағы аймақ; оған экран және басқа қолданбалы бағдарламалар терезелері мен файлдар (қапшықтар) белгішелері де жатады.</p>

Background and operative monitor	Фоново-оперативный монитор	Фонды-оперативті монитор	Екі тапсырманы-фонды және оперативті-бір мезгілде орындауды жасақтайтын микрокомпьютердің амалдық жүйелеріндегі басқарушы бағдарламалардың топтамасы. Оперативті тапсырма орындалмаған кезде басқаруды фонды тапсырма алады.
Background color	Цвет фона	Фон түсі	Дисплей экранындағы таңба орналасатын орынның, яғни таңба орны нүктелерінің түсі. Бұл нүктелер таңбаларға қызметін атқарады.
Background job	Фоновое задание	Фондық тапсырма	Тікелей дестелік енгізу құрылғысы немесе қашық терминал арқылы дестелік өндеудің кезегіне енгізілетін артықшылығы төмен тапсырма.
Background mode	Фоновый режим	Фондық режим	1. Жұмыс істеуші адамның назарын аудармай-ақ, бағдарламаның өз тапсырмасын әрі қарай орындау режимі. Фондық режимдегі жиі кездесетін жұмыстарға электрондық кесте есептерін қайталап есептеу, құжаттарды баспаға шығару және модем арқылы файлдарды жөнелту және т.б. жатады; 2. Бағдарламалауда бетінде тұрған терезе фоны түсінен өзгеше, экранның артқы жағында тұрған терезе фонының түсі бағдарламалардың фондық режимі деп аталады. Фон түсінің графиктік және мәтіндік амалдар кезіндегі терезенің түсіне немесе экранның түсіне сәйкестену режимі фонның режимі деп аталады.
Background program	Фоновая программа	Фондық бағдарлама	Көп бағдарламалы режимде артықшылығы ең төменгі дәрежелі бағдарлама. Бұл бағдарлама процессор одан артықшылық дәрежесі жоғары бағдарламалардан босаған кезде ғана жұмыс істейді. Бағдарламаның шығарымдары терминалда көрінбейді және онымен әрекеттесуге мүмкіндік тудырмайтын режим.

Background work	Фоновая работа	Фондық жұмыс	Басымдылығы төмен тапсырмаларды өңдеу.
Backlink	Обратная ссылка	Кері сілтеме	Басқа сайттан сіздің сайтыңызға сілтеме. Кері сілтемелер сараланған сілтеме негізі болып табылады, онда сайттың беделдігі оған сілтеме жасаған сайттардың беделдігінен тәуелді болып табылады.
Backspace key	Клавиша backspace	Backspace пернесі	Басқан кезде нұсқағыш көрсеткен орында орналасқан таңбаны өшіретін және нұсқағышты солға бір орын жылжытатын перне. Backspace сөзі жазылып немесе ← таңбасы жазылған перне.
Backtracking	Откат	Шегіну	1. Соңғы бақылау нүктесіне қайта оралу; 2. Бағдарламалаудың диалогтық редакторлары мен жүйелерінде – алдыңғы пәрменнің (бірнеше пәрменнің) орындалу нәтижесін болдырмайтын және өңделетін айнымалының немесе мәтіннің күйін қалпына келтіретін әрекет.
Backus-Naur notation	Нотация Бэкуса-Наура	Бэкус-Наур нотациясы	Есептеу техникасында қолданылатын Д. Бэкус және П. Наур ұсынған бағдарламалау тілдерінің синтаксисін сипаттаудың метатілдік құралдары.
Backus notation character	Знак нотации Бэкуса	Бэкус уағызының таңбасы	Тіл құрастырым синтаксисін сипаттау, сөйлемдерін құрастыру үшін Бэкус нотациясында қолданылатын «:=» («анықтама бойынша») символы.
Bad break	Ошибочный знак переноса	Тасымалдаудың қате таңбасы	Ішбөлімдері, таусылмас мәзірлері бар мәзір жүйесі. Ол мензерді бөлім позициясына қойғанда автоматты түрде ашылады.
Bad sectors	Дефектные сектора	Ақаулы секторлар	Деректер жазу үшін пайдалануға болмайтын дискіні пішімдеу немесе тексеру кезінде жарамсыздығы белгілі болған дискі бетінің ақаулы секторлары.

Bad track	Дорожка дефектная	Ақаулы жолшық	Қатты немесе иілгіш дискінің бетіндегі ақауы бар, дерек жазуға болмайтын сақина тәрізді дөңгелек жолсызығы. Дискінің бүйір беті радиустары әр түрлі дөңгелектер арқылы сақиналарға бөлінеді, ал олар дерек жазарда белгілі бір қашықтықтар бойынша жүргізілген радиустар арқылы секторларға бөлінеді. Файлдарды орналастыру кестесінде мұндай секторы бар сақина пайдалануға жарамсыз деп белгіленеді. Егер дискінің нөмірі нөлге сәйкес жолсызығы ақаулы болса, онда бұндай дискі жалпы жарамсыз болады.
Ban	Бан	Бан	Пайдаланушының форумға, чатқа және т.б. өз хабарламасын жіберуі.
Bandwidth	Ширина полосы	Жолақ ені	Байланыс арнасы тасымалдай алатын сигнал жиіліктерінің ауқымы. Ол осы арна арқылы жеткізілетін ең жоғарғы және ең төменгі жиіліктердің арасындағы айырмашылықпен анықталып, герцпен (Гц) өлшенеді. Егер арна цифрлы деректерді жеткізуге пайдаланылатын болса, онда оның өткізу қабілеті бір секундта өткізілетін биттер санымен (бит/с) өрнектеледі.
Banner	Баннер	Баннер	Жарнамалық мақсаттардағы веб-беттерге орналасатын статикалық сурет немесе анимацияланған сурет. Әдетте бұл сурет, жарнама жасалатын сайтқа немесе жарнама жасалатын тауар немесе қызмет туралы толық ақпарат беретін бетке әкелетін, сілтеме болып табылады. Сонымен бірге «баннер» сөзі интернетте жарнама белгісі ретінде жиі қолданылады. Баннерлер жарнамалық желілерде қолданылатын негізгі жарнамалық құралдар болып табылады.

Banner ad	Рекламный баннер	Жарнамалық баннер	Жарнама орналасқан веб-беттің бөлігі және жарнамаланатын сайтқа гиперсілтеме рөлін атқарады.
Barrows	Барроуз	Барроуз	1. Жекелей электрондық жабдықтар жасайтын америкалық фирма; 2. Сериялары 5000, 6000, 7000 болып келетін Барроуз фирмасы компьютерлерінің ортақ атауы. Оларға жадты стек бойынша ұйымдастыру, пәрмендер бөлігі қызметін ірілендіру, тэтардың дамыған жүйесі, деректер типін динамикалық анықтағанға дейінгі бейімдеу тән.
Base	База	База	1. Негізгі, тіректі деректер немесе элементтер; 2. Санау жүйесінің негізі; 3. База регистріне жүктелетін әрі салыстырмалы адрестердің (ығысулардың) саналу басы ретінде пайдаланылатын жад адресі. Атқарушы адрес = база + ығысу.
Base address	Базовый адрес	Базалық адрес	1. Адрестелетін деректердің белгілі бір жиынтығы үшін тұрақты атқарушы адрестің аддитивті бөлігі; 2. Салыстырмалы адрестерді санаудың бастапқы нүктесі; 3. Деректер блогында салыстырмалы түрде басқа адрестер көрсетілетін адрес. Жадқа деректерді сақтау кезінде адресті осы блокта орналасқан қандай да бір адреске қатысты көрсету қолайлы болады. Бұл жағдай адрестеуді қысқартуға мүмкіндік береді. Өйткені базалық адреске салыстырмалы түрде онша көп емес санды қосуды немесе одан алып тастауды талап етеді; 4. Компьютердің жедел жадындағы атқарылу адресінің тұрақты бөлігі. Салыстырмалы түрде базаны ілгері-кейін ығыстыру арқылы атқарылу адресі анықталады.
Base and displacement	База-смещение	База-ығыстыру	Жүп сан: база және ығыстыру түрінде адресті ұсыну тәсілі. Нақты адрес бұл жағдайда осы сандардың қосындысына тең болады.

Base block	Базовый блок	Базалық блок	Дербес компьютердің базалық пішін үйлесімінің негізгі бөлігі.
Base computer	Базовый компьютер	Базалық компьютер	Электрондық есептеуіш машиналар тобындағы негізгі, алғашқы компьютер. Осы топқа жататын машиналардың қалғандарының барлығы базалық компьютердің дамуынан пайда болған.
Base configuration	Базовая конфигурация	Базалық конфигурация	Компьютердің техникалық құралдарының жұмыс істеуге қажет ең аз көлемдегі негізгі бөлігі.
Base data	Базовые данные	Базалық деректер	ПЛ/1 тілінде – деректерді қайталап анықтау кезінде алғашқы деректер ретінде пайдаланылатын деректер.
Base element	Базовый элемент	Базалық элемент	Күрделі қызметтік сұлбаларды құру кезінде негізге алынатын логикалық элемент.
Base font	Базовый шрифт	Базалық қаріп	Іске қосқан кезде мәтіндік процессор бағдарламасы жұмыс істейтін қаріп. Оны басқа қаріпке ауыстыруға болады.
Base instruction system	Базовая система команд	Пәрмендердің базалық жүйесі	Компьютердің берілген типінде қарастырылған пәрмендердің стандартты толық жинағы.
Base language	Базовый язык	Базалық тіл	1. Біртекті компьютерлерге ортақ машиналық тіл; 2. Дербес тілі бар мәліметтерді басқару жүйесіндегі бағдарламалау тілі.
Base linkage	Базовая связь	Базалық байланыс	Есептеу торларында қайталап пайдаланылатын және әр уақытта ережелердің сол бір ғана жинағына негізделетін байланыс.
Base memory	Базовая память	Базалық жад	Нақтырежім бағдарламалары мен DOS амалдық жүйесі қатынас құра алатын (сыйымдылығы 640 Кбайт) жад. MDA бейнеадаптері бар жүйелерде оның жоғарғы шекарасы 704 Кбайтқа дейін жылжытылады.

Base operation of relation algebra	Базовая операция реляционной алгебры	Реляциялық алгебраның базалық амалы	Оның басқа амалы арқылы өрнектелетін, туынды болып табылмайтын, жазба құжаттық алгебраның негізгі амалы. Біріктіру, айырма, декарт көбейтіндісі, қатынастардың проекциясы мен сұрыптауы базалық амалдарға жатады.
Base page	Базовая страница	Базалық бет	Компьютерлердің кейбір сәулетінде – қалғандарына қарағанда басқа беттен қатынасу оңай болатын жедел жадтың бірінші беті.
Base processor	Базовый процессор	Базалық процессор	Процессорлар тобындағы негізгі, алғашқы процессор.
Base register	Базовый регистр	Базалық регистр	Базалық адреске арналған регистр.
Base register table	Таблица базовых регистров	Базалық регистрлер кестесі	Бағдарламада USING пәрмендерімен жарияланған базалық регистрлер мен адресстер нөмірлерінен тұратын ассемблер кестесі.
Base software	Базовое программное обеспечение	Базалық бағдарламалық қамтама	Дербес компьютермен бірге келетін, амалдық жүйе мен стандартты бағдарламаларды қамтитын бағдарламалық құралдардың негізгі жинағы.
Base status	Базовое состояние	Базалық күй	Басқарылатын стансаның ақпараттық өрісі бар кадрларды қабылдай және бере алатын қалып-күйі.
Base structure	Базовая структура	Базалық құрылым	Құрылымдық бағдарламалау әдісіндегі: қолданудағы, таңдаудағы, қайталаудағы негізгі құрылым.
Base style	Базовый стиль	Базалық стиль	Құжаттың барлық қалған стилі тәуелді болатын стиль. Мысалы, «дағдылы» үлгі көмегімен даярланған құжаттарда барлық стиль «дағдылы» стиліне негізделген. Егер құжатта базалық стиль атрибуты өзгерсе, онда осы өзгеріс базалық стильге тәуелді барлық стильге тарайды.
Base table	Базовая таблица	Базалық кесте	Ұяшықтарында ақпарат сақталатын деректер базасының алғашқы кестесі, деректер құрылымы.

Base thesaurus	Базовый тезаурус	Базалық тезаурус	Қандай да бір саланың тек қана негізгі лексикасы мен өте айқын парадигмалық қатыстарын қамтитын және қысқа тақырыпты тезаурустарды құрастыру кезінде негіз ретінде пайдалануға арналған тезаурус.
Base type	Базовый тип	Базалық тип	1. Егер ол туынды типті анықтауда біреу ғана болып саналса, онда ол құрастырушы тип; 2. Деректер типінің бағдарламалау типіне құрамдасқан мәні жоқ құраушылар немесе нұсқалар.
Based address	Базируемый адрес	Базаланатын адрес	Базалық адрес пен ығысу арқылы өрнектелетін адрес.
Basic	Бейсик	Бейсик	Қазіргі кезде кеңінен пайдаланылатын, қарапайым синтаксисі мен шағын көлемді ережелері бар жоғары деңгейлі, диалогтық режимде жұмыс істеуге арналған бағдарламалау тілі. Ол бағдарламалауды алғаш рет үйренушілер үшін оқыту мақсатында пайдаланылатын интерпретаторы (аудару бағдарламасы) жеке дискіде де жазыла беретін қарапайым бағдарламалау тілі болып табылады. 1965 ж. АҚШ-та студенттерге бағдарламалау негіздерін үйрету мақсатында әзірленген тілдің атауы мынадай ағылшын сөздерінің қысқартылуынан алынған: «beginner's all-purpose symbolic instruction code» – бастаушыларға арналған шартты нұсқаулардан тұратын кең мақсатты тіл. Б. тілі алғашқыда оқытуға арнап жасалғанымен, оның көптеген нұсқалары қазіргі кезде оқуда, ғылымда, өндірісті басқаруда пайдаланылады. Б. тілі кеңінен қолданылатын жоғары деңгейлі тілдердің қатарына жатады. Қазіргі уақытта оның көптеген жетілдірілген нұсқалары бар.

Basic access method	Базисный метод доступа	Жетілімнің базистік әдісі	Негізгі және сыртқы жад арасында деректер алмасу әдісі. Мұнда алмасудың әрбір процедурасы орындалатын бағдарламадағы енгізу/шығарудың сәйкес оператормен шақырылады. Амалдық жүйе автоматты түрде тежеуді, тежеуді алып тастауды, алдын ала буферлеуді және алмасу амалдарын өңдеу және синхрондауды жасақтай алмайды.
Basic authentication	Базовая аутентификация	Базалық аутентификация	Веб-клиентке құрамдасқан аутентификация механизмі арқылы алынған, пайдаланушы аты мен құпия сөзін веб-сервермен тексеру әдісі. Базалық аутентификация кезінде пайдаланушы аты және оның құпиясөзі әрбір сұратым сайын жұмыс сеансы барысында ашық түрде беріледі, сондықтан зиянкес бұл ақпаратты, дестелердің желілік анализаторын қолдана отырып, ұстап қала алады. Аутентификацияның осы түрі, коммерциялық-бағалы ақпаратты нақты қорғау қажет болған жағдайда, қолданылмауы керек.
Basic buffering	Базисная буферизация	Базистік буферлеу	Буферлеу тәсілі. Бұл тәсіл өңдеуші бағдарламадан сұратым келгенге дейін енгізу/шығару амалының іске қосылмайтындығы туралы қағидаға негізделген.
Basic control mode	Основной режим управления	Басқарудың негізгі режимі	Бағдарламаны орындау режимі; процессормен басқарудың кеңейтілген құралдары пайдаланылмайды.
Basic direct access method	Базисный прямой метод доступа	Жетілімнің базистік төте әдісі	Жетілімнің ашық файлдарды дайындау мен өңдеуді жасақтайтын базистік әдісі. Бұл әдістің негізіне физикалық жазбаларды – блоктарды тікелей немесе салыстырмалы адресіне жатады.

Basic element	Базисный элемент	Базистік элемент	Өте қарапайым түрлерге жіктеуге болмайтын элемент. Бұл атау, мысалы, супервизор арқылы әрекеттердің сұралатын үдерісіне байланысты, әсіресе р (күту) және v (сигнал) амалдарын пайдалануда қолданылады.
Basic elements of the computer	Основные элементы компьютера	Компьютердің негізгі элементтері	Ақпаратты түрлендіруді орындайтын қарапайым электрондық сұлбалар. Элементтердің негізгі үш түрі атап көрсетіледі: логикалық элементтер-сигналдарды логикалық түрлендіру, мысалы, терістеуіш, дизъюнктор, конъюнктор; сақтайтын элементтер-ақпарат сақтау қызметін атқарады. Сақтайтын элементтер ретінде триггер, магниттік беттің белгілі бір аймақтары және т.б. қолданылады; көмекші элементтер-сигналдарды физикалық түрлендіру (сигналдарды күшейту, сигналдар деңгейін біркелкілеу және осылар сияқты басқа да функцияларды орындау) үшін керек. Логикалық және сақтайтын элементтердің жұмыс істеуін жасақтау үшін қолданылады.
Basic fixed area	Базисная фиксированная область	Базистік бекітілген аймақ	Ядролық амалдық жүйені орналас-тыруға арналған негізгі жадтың үлес-тірілмеген аймағы.
Basic index sequential access method	Базисный индексно-последовательный метод доступа	Жетілімнің базистік индексті-тізбекті әдісі	Индексті-тізбекті түрде ұйымдастырылған дерекке жетілімнің базистік әдісі. Яғни символикалық атауларды пайдаланып, ұзындығы айнымалы үлкен жазбалармен жұмыс істеуді жасақтайтын әдіс.

Basic input/output system – BIOS	Базовая система ввода/вывода	Базалық енгізу/шығару жүйесі	Үйлесімді компьютерлердің тұрақты жадында жазылып қойылған бағдарламалар жинағы. Бұл бағдарламалар компьютердің жұмыс істеуге дайындығын тексеруге (мысалы, машинаны электр қоректендіру көзіне қосу кезінде оның жадының, басқа құрылғыларының жұмысын тексеруге және амалдық жүйенің енгізу/шығарумен байланысты қарапайым қызметтерін орындауға) арналған. Құрамына амалдық жүйенің жүктемелеушіні шақыратын бағдарлама кіреді.
Basic monitor	Базисный монитор	Базистік монитор	Амалдық жүйенің резиденттік (тұрақты) бөлігі.
Basic partitioned access method	Базисный библиотечный метод доступа	Жетілімнің базистік дерекханалық әдісі	Дерекханалық ұйымдастырылған деректерге жетілімнің базистік әдісі. Яғни символикалық атауларды пайдаланып, ұзындығы айнымалы үлкен жазбалармен жұмыс істеуді жасақтайтын әдіс.
Basic programming	Базисное программирование	Базистік бағдарламалау	Амалдық жүйені пайдаланбастан бағдарламаларды орындауды қарастыратын машиналық кодтарда есептеу үдерісін бағдарламалау.
Basic real constant	Базисная вещественная константа	Базистік нақты тұрақты	Фортран тілінде – ондық нүктесі бар ондық цифрлардың тізбегі. Мұндай тұрақтыны орналастыру үшін компьютер жадында байт бөлінеді.
Basic schema of data processing	Базисная схема обработки данных	Деректерді өңдеудің базистік сұлбасы	Жалқыдан жалпы қорытынды шығаруды, қайталауды және рекурсияны пайдалануға негізделген деректерді өңдеу алгоритмі.
Basic sequential access method	Базисный последовательный метод доступа	Жетілімнің базистік тізбекті әдісі	Тізбекті және төте жетілім құрылғыларына орналастырылған тізбекті файлдарды әзірлеу мен өңдеуді жасақтайтын жетілімнің базистік әдісі. Әдіс жазбаларды тек қана тізбекті өңдеуге рұқсат етеді.

Basic symbol	Базисный символ	Базистік символ	1. Жүйемен немесе бағдарламамен танылатын әліпби таңбасы; 2. Сипілінде – әрбір нақты процессормен орындалуға тиісті символ.
Basic telecommunication access method	Базисный телекоммуникационный метод доступа	Жетілімнің базистік телекоммуникациялық әдісі	Жетілімнің алыстағы терминалдармен деректер алмасуды жасақтайтын базистік әдісі. Жазбаларға тосқауыл қоюды, тосқауылды алуды және бағдарламаның енгізу/шығару амалдарымен жұмысын үйлестіруді арнайы пәрмендердің көмегімен бағдарламашы атқарады.
Basic way of access	Базисный способ доступа	Жетілімнің базистік тәсілі	Физикалық жазбалар деңгейінде деректерге жетілім тәсілі.
Basis	Базис	Базис	Кейбір жиынның ең аз ішжиыны. Ол белгілі бір амалдарды қолданғанда жиынның барлық элементін қалыптастырады.
Basis web	Базисная сеть	Базистік топ	Жалғыз ғана Шеффер функцияларынан тұратын буль функцияларының толық жүйесінің базисі.
Basket	Корзина	Қоржын	Жойылатын файлдарды сақтау функциясына сәйкес келетін экрандық таңбаша. Себет арқылы жойылған файлдарды бұрынғы қалпына келтіруге немесе кейбір файлдың жойылуын қайтымсыз етуге болады.
Batch processing	Пакетная обработка	Дестелік өңдеу	Өңдеу үдерісі кезінде пайдаланушы оған әсер ете алмайтындай күні бұрын жинақталған деректерді өңдеу немесе тапсырмаларды орындау; дестеге біріктіріліп, содан кейін өңделетін тапсырмаларды өңдеу.
Batched job	Пакетированное задание	Дестеленген тапсырма	Компьютерге енгізу үшін басқа тапсырмалармен біртұтас дестеге топтастырылған тапсырма.
Battery-powered computer	Компьютер с батарейным питанием	Батареядан қоректенетін компьютер	Негізгі қоректену жүйесі ретінде электрлік батареялар пайдаланылатын компьютер.

Baud	Бод	Бод	Байланыс арналарындағы ақпарат жеткізу жылдамдығының өлшем бірлігі; бір секундта жөнелтілетін сигналдық элементтер мөлшерімен анықталады. Телефон аппаратын ойлап тапқан француз өнертапқышы Бодтың құрметіне аталған. Модемдер арасындағы деректерді жеткізу жылдамдығының шамасын білдіретін бит/сек бірлігінің эквиваленті ретінде жиі пайдаланылады, бірақ әрбір сигналдық элемент бір биттен тұрғанда ғана 1 бод 1 бит/с-қа тең болады (1 бод = 1бит/с; 1 Кбод =103 бит/с; 1 Мбод =106 бит/с). Әдетте, жоғары жылдамдықты модемдерде бір сигналдық элемент бірнеше биттен тұрады. Мысалы, V.22bis және V.32 модемдерінде 4 битті бір сигналмен, ал V.32 bis-те-6 битті, V.34-те-9 битті де бір сигналмен жібереді.
Bayonet connector	Байонетный коннектор	Байонеттік коннектор	Коаксиальдық кәбілдерді жалғастыруға және оларды желілік бейімдеуішпен, қабылдағыш-таратқыштармен және басқа да желілік элементтермен қосуға қолданылады.
Benchmark	Бенчмарк	Бенчмарк	Есептеу торының тезәрекеттігін анықтауға пайдаланылатын стандартты бағдарлама. Әдетте, ол кейбір тапсырмалар қоспасын құрамына енгізеді.
Benchmark model	Бенчмарк-модель	Бенчмарк-модел	Компьютерді мүмкіндігінше пайдалану моделі. Оның негізінде есептеу торының өнімділігі салыстырылады және бағаланады.
Benchmark problem	Бенчмарк-задача	Бенчмарк-мәселе	Есептеу торының сипатын бағалауға арналған мәселе.
Benchmark study	Бенчмарк-оценка	Бенчмарк-баға	1. Есептеуіш жүйені таңдау мақсатымен берілген оның мүмкіндіктерінің салыстырмалы бағасы; 2. Бенчмарк негізінде бағалау.

Beta-testing	Бета-тестирование	Бета-тестілеу	Бағдарламалық өнімді келешек өзгертулерге тегін таратып, нақтылы тапсырмалармен тестілеу. Бағдарламалаудағы табылған қателер мен ескертулер жайлы хабарлайды.
Biased exponent	Характеристика числа с плавающей точкой	Жылжымалы нүктелі санның сипаттамасы	m мантиссасындағы нүктенің орнына тәуелді mEr түрінде ұсынылған жылжымалы нүктесі бар p санының реті.
Biased integer	Смещённое целое	Ығыстырылған бүтін	Кейбір базалық мәнге қатысты ығысумен ұсынылған бүтін айнымалы (мысалы, 525-тен 600-ге дейінгі сандар 0-ден 75-ке дейінгі сандармен ұсынылады).
Bid	Захват	Иемдену	Келешекте деректерді жіберу мақсатымен компьютердің немесе терминалдың байланыс торабын иемдену әрекеті.
Bidirectional bus	Двунаправленная шина	Екі бағытты құрсым	Сигналдардың екі бағытта да жеткізілуін қамтамасыз ететін құрсым.
Bidirectional flow	Двунаправленный поток	Қосбағыттық ағын	Бір ғана жалғастырушы желі бойынша екі бағытта жөнелтілетін хабарлар ағыны.
Bifurcating algorithm	Разветвляющийся алгоритм	Тармақталған алгоритм	1. Алгоритмнің толық емес пішімінде берілген шартқа байланысты кейбір әрекеттер орындалмауы мүмкін; 2. Алгоритмнің толық пішімінде берілген шартқа байланысты әрекеттердің біріншісін немесе басқасын орындайды.
Binary	Бинарный	Бинарлы	Көп жағдайда файлдарға немесе протоколдарға ақпараттардың толық берілуі үшін барлық 8 битті (7 битті мәтіндік файлдардан және протоколдардан ерекшелігі) пайдалану тиімді. Барлық пайдаланылатын файлдар, арнайы бағдарламалар арқылы дайындалған графика, дыбыстар мен файлдар (мысалы, деректер базасы немесе электрондық кесте) желі арқылы жеткізілуге тиісті болса, онда олар екілікте болып табылады.

Binary addition	Двойное сложение	Екілік қосу	$0+0=0, 0+1=1, 1+1=10, 1+0=1$ ережесі бойынша орындалатын екілік санау жүйесінде ұсынылған сандарды қосу. Ол компьютердегі арифметикалық амалдардың негізі болып саналады.
Binary arithmetic	Двоичная арифметика	Екілік арифметика	Екілік санау жүйесінде берілген сандар арифметикасы.
Binary character	Бинарный знак	Екілік таңба	Екілік цифр.
Binary character set	Двоичный кодовый набор	Екілік кодтық жинақ	Екі элементтен тұратын және нақты ережелер бойынша кодтауға қажетті барлық элементтерді қамтитын ақырлы жиын.
Binary code	Двоичный код	Екілік код	Тек екі таңбадан (әдетте, 0 және 1) тұратын шарттаңбалар жиынтығы.
Binary code for exchange of information	Двоичный код для обмена информацией	Деректер алмастыруға арналған екілік код	Әліпбилік-цифрлық деректерді машина ішілік бейнелеуге арналған қалыпты екілік шарттаңба.
Binary code program	Программа в двоичном коде	Екілік кодтағы бағдарлама	Тек қана машиналық пәрмендер мен тұрақтылардан тұратын орындауға жарамды бағдарламалық модул.
Binary-coded decimal – BCD	Двоично-десятичное представление	Екілік-ондық елестету	Санның әрбір ондық цифрының екілік кодпен бейнеленіп жазылуы. Мысалы, 47 саны 01000111 түрінде жазылады, мұндағы 0100, 0111 сәйкес 4 және 7-нің екілік кодтары.
Binary-coded decimal transformation	Двоично-десятичное преобразование	Екілік-ондық түрлендіру	Сандарды санаудың екілік жүйесінен санаудың ондық жүйесіне ауыстыру.
Binary coded representation	Двоичное представление	Екілік ұсыну	Ақпаратты екілік кодта ұсыну. Деректерді компьютер жадына ұсынудың негізгі тәсілі болып саналады.
Binary counter	Двоичный счетчик	Екілік санауыш	Өзінің шығысындағы импульс тізбегін шығыс өткізгіштеріндегі сәйкес сигналдар тізбегіне түрлендіретін тізбек.

Binary counting system	Двоичная система счисления	Екілік санау жүйесі	1 мен 0 сандарын ғана пайдаланатын, негізі 2 болып келетін санау жүйесі. Деректерді компьютер жадына өрнектеуде кеңінен пайдаланылады.
Binary data	Двоичные данные	Екілік деректер	1. Машиналық форматтағы деректер; 2. Екілік кодта берілген деректер; 3. Мәндері екілік санау жүйесіндегі сандар болып келетін деректер.
Binary decimal code	Двоично-десятичный код	Екілік-ондық код	Ондық санау жүйесінде берілген деректердің әрбір цифрын, ондық нүктесін немесе санның таңбасын бірдей мөлшерлі (әдетте, төртке тең) екілік тізбектер арқылы көрсететін шарттаңба.
Binary digit	Двоичный разряд	Екілік разряд	1. Ақпарат мөлшерінің бірлігі; 2. Жад көлемінің бірлігі; 3. Санаудың екілік жүйесінің цифрлары – 0 мен 1.
Binary file	Двоичный файл	Екілік файл	Компьютерде пайдаланылатын символдардың стандартты жинағымен шектелмеген кодтары бар файл; ASCII-де пайдаланатын мәндерге кірмейтін сандық мәндерді пайдаланатын екілік кодтардан тұратын деректер файлы. Екілік файлдарды қолдануда бір разрядында өткен қателік сол файлды түгелдей пайдалану мүмкіндігін жояды.
Binary form of submission of information	Двоичная форма представления информации	Ақпараттық көрсетімнің екілік пішімі	Кез келген деректерді (ақпаратты) тек екі символ 0 және 1 тізбегі арқылы бейнелеу коды.
Binary model	Бинарная модель	Бинарлық модел	Әрбір қатынастағы атрибуты жұп болатын деректердің реляциялық моделі.
Binary notation system	Двоичная система счисления	Санаудың екілік жүйесі	0 мен 1 сандарын пайдаланатын, белгіленген негізі бар позициялық жүйе.
Binary operation	Двухместная операция	Бинарлы амал	Екі операндпен орындалатын амал, оған +, -, *, / тәрізді арифметикалық амалдар жатады.

Binary operator	Бинарный оператор	Бинарлық оператор	Арифметикалық (+, -, *, /) немесе логикалық (^, v) өрнектегі екі операндты байланыстыратын амал символы.
Binary relation	Бинарное отношение	Бинарлық қатынас	Деректердің хабарламалық моделдерінде атрибуттарының саны 2-ге тең қатынас.
Binary request	Бинарный запрос	Бинарлық сұратым	Іздестіру нышандарының саны екіге тең, көп аспектілі сұратым.
Bind character	Знак присваивания	Теліну таңбасы	Бағдарламалау тілдерінде – меншіктеу операторын жазуда қолданылатын таңба.
Binding offset	Отступ для связи	Байламға арналған шегініс	Мәтінді шығару кезінде беттерді бекітуге немесе байластыруға қалдырылатын өріс. Кейбір мәтіндік процессорлар қалыпты өрістен басқа байлауға шегіністі қарастырады. Сонымен бірге шегіністің оң немесе сол жақта тұратыны көрсетілуі тиіс.
Biological cybernetics	Биологическая кибернетика	Биологиялық кибернетика	Биологиялық жүйелерді зерттеу мен моделдеу мәселелерін қарастыратын кибернетика тарауы.
Bionics	Бионика	Бионика	Техникалық құрылғылар мен жүйелерге (мысалы, жасанды зияткер жүйелеріне) тірі табиғаттың принциптерін, қасиеттерін, міндеттері мен құрылымдарын қолдану тұрғысындағы қолданбалы ғылым.
Bit	Бит	Бит	Компьютердегі ең кішкене ақпарат бірлігі, 0 немесе 1 мәндерін қабылдай алады.
Bit and lower case constant	Битовая строчная константа	Биттік-жолдық тұрақты	ПЛ/1 тілінде – өзі биттік жол ретінде ұсынылатын тұрақты.
Bit card	Битовая карта	Биттік карта	Арнайы түрде берілген және компьютер жадында немесе сыртқы құрылғыда сақталатын графикалық құрылғыдағы кескін бейнесі.

Bit configuration	Битовая конфигурация	Биттік конфигурация	Деректерді жеке биттердің жиынтығы ішінде ұсыну.
Bit grid	Разрядная сетка	Разрядтық тор	Машиналық жарты сөзді, сөзді және қос сөзді ұсыну үшін негізгі жадқа жазылған разрядтар тобы; компьютерде санды бейнелеу үшін қолданылатын разрядтар саны.
Bit map	Битовый массив	Биттік жиым	Әрбір элементіне жадтың бір немесе бірнеше разряды сәйкес келетін деректерді ұсыну. Бұл разрядтардың адресі элемент нөмірімен анықталады, ал мәні деректердің элементінің күйін (мысалы, жад блогының күйін, кескін нүктесінің түсін) сипаттайды.
Bit map – BMP	Битовое отображение	Бит бейне	Нүктеге түсетін 1, 4, 8 және 24 бит қаныққан түсті қолдайтын, Microsoft корпорациясы орнатқан Windows жүйесінде графикалық файлдарды жасаудың стандартты пішімі (бір нүктеге 4, 8 және 24 разрядтан). BMP форматында қысу ескерілмеген.
Bit mapping	Битовое отображение	Биттік бейнелеу	Екілік разрядтың көмегімен екі объектінің өзара тәуелділігін көрсету тәсілі: 1 – байланыс бар, 0 – байланыс жоқ. Биттік жолдар мен матрицалар кеңінен пайдаланылады.
Bit matrix	Битовая матрица	Биттік матрица	1. Әрбір элементі 0 және 1 мәнін қабылдайтын матрица; екі атрибут байланысын компьютер жадында бейнелейтін тәсілдердің бірі; 2. Әрбір элементі 0 немесе 1-ге тең болатын екі өлшемді жиым.
Bit per second	Бит в секунды	Бір секундтағы бит	Ақпаратты жеткізу жылдамдығының өлшем бірлігі.
Bit-slice microprocessor	Секционный микропроцессор	Секциялық микропроцессор	Әрқайсысының арифметикалық-логикалық құрылғысы мен бірнеше регистрі бар біртегіс 2, 4 және 8-разрядтық микропроцессорлық интегралдық сұлбаларды жалғастыру негізінде алынған микропроцессор.

Bit stream	Двоичный поток	Екілік ағын	Байланыс желісі бойынша берілетін екілік цифрлардың үзіліссіз тізбегі.
Bit string	Битовая строка	Биттік жол	1. Биттер тізбекшесі; 2. Екілік нөлдер мен бірлердің тізбегі. Компьютер жадында цифрлардың әрқайсысы бір биттің орнын алады.
Bit switch	Двоичный переключатель	Екілік айырақосқыш	Бір екілік разрядтан тұратын және екі күйі (қосу/ағыту, иә/жоқ) бар логикалық айырақосқыш.
Bits comparison	Битовое сравнение	Биттік салыстыру	Биттік жолдар болып саналатын операндтармен орындалатын салыстыру амалы.
Bits per second – bps	Бит в одну секунду	Бір секундтағы бит	Деректерді жеткізу жылдамдығы шамасын көрсететін өлшем бірлігі. Интернет арқылы деректерді жіберудің жылдамдығын сипаттайтын термин.
Blank character	Знак пробела	Бос орын таңбасы	Сөйлем және деректер элементтерінің арасын ажырату үшін қолданылатын «_» символы
Blinking	Мигание	Жыпылықтау	Бір немесе бірнеше элемент кескінінің жарықтылығын немесе түсін көзбен көру үшін мезгіл-мезгіл өзгертіп отыру.
Block	Блок	Блок	1. Белгілі бір қызметті орындайтын өзара байланысты құрылғы элементтерінің жиынтығы; 2. Дерек жинақтауыштардағы физикалық жазбалардың деректер блогы; 3. Құжаттардың таңдап алынған біртұтас бөлігі. Мысалы, өңделуге тиіс мәтін блогы (мәтін редакторларында); деректері көшіруге, ығыстыруға, буферге қиып алуға дайындалған қатар орналасқан торлар жиыны (кестелік процессорларда); 4. Бағдарламадағы операторлар жиыны; бағдарлама блогы деп те айтылады; 5. Байланыс арнасы бойынша жіберілетін деректер жиынтығы; 6. Экрандағы пиксельдердің (өңделуге тиіс нүктелердің) тіктөртбұрышты аумағы; 7. Жадтың көршілес орында-

рында немесе шалғай құрылғылардың сақтауыш құрылғысында жазылған сөз, таңба немесе жазбалар сияқты ақпараттық бірліктің жинағы болғандықтан, Б-ты сыртқы сақтауыш құрылғы мен жедел жад арасында деректер алмасу іске асырылатын ақпараттың жеке үлестері деп қарастыруға болады. Б-ты жеткізуге бір пәрмен пайдаланылады. Б-дың ұзындығы тұрақты немесе айнымалы болып келеді. Магниттік таспаға жазылған деректер ағыны деректерге қатынауға, әсіресе, қателіктерді жоюға қолайлы бөлу үшін блоктарға жіктеледі. Мұндай блоктың баламасы дискідегі сектор болып саналады. Б-тар арнайы блокаралық аралықтармен бөлінеді. Сонымен бірге бірімен-бірі жалғасатын блоктардың шекарасын тіркеуге жазбаның ішжүйесі магниттік таспаға, компьютерге кедергі келтірмейтін, басқарудың арнайы сигналын жасайды. Бір томның, тіпті болмағанда файлдың шегінде Б-тар бірдей болып келеді. Файлдың шекарасы Б. арқылы өткен жағдайда блоктың қалған бөлігі толтырғыш деп аталатын арнайы символдармен толтырылады. Б-тың ұзындығын таңдау көп жағдайда қателерді өңдеуді басқарудың қолайлылығымен байланысты. Б. аралығының ең аз ұзындығы, пайдаланылатын таспа пішімінің стандартымен анықталады, ал ең үлкен ұзындығы, әдетте, реттелмейді. Бос таспаның өте ұзын бөлігі (әдетте, 7,5 м-ге жуық) қандай да бір деректердің томда жоқтығын білдіреді. Таспаны үнемдеу үшін ең аз мәнге жуық аралықтар пайдаланылады, бірақ кейбір жағдайларда олар, мысалы, қателерді түзетуге немесе файлды редакциялауға орын қалдыру үшін ұзартылады.

			Әдетте ішжүйелерде магниттік таспаға жазуды, деректерді Б-тарға бөлуді бас компьютер орындайды. Алайда жүгірмелі таспа құндағының базасындағы кейбір буферленген ішжүйелер компьютерден деректердің үздіксіз ағынын қабылдап, оны өз бетімен Б-тарға жіктей алады. Бұл жағдайда ол Б-тарды көбінесе ішкі Б-тар деп атайды. Б-тарға бөлу процедурасы компьютер үшін еш кедергісіз болады. Мұндай ішжүйелерде аралық Б. аралығы өте қысқа немесе тіпті болмауы да мүмкін.
Block check	Контроль блоков	Блоктарды бақылау	Әрбір деректер блогы құрылымының тағайындалған ережеге сәйкестігін тексеру үшін пайдаланылатын қателерді өңдеу процедурасының бөлігі.
Block code	Блочный код	Блоктық код	Бір амалда декодер кірісіне таңбалардың белгіленген саны (мысалы, k) келетін, ал шығысында бірнеше таңбалардан (мысалы, n) тұратын кодтық сөз түрленетін, қателері байқалған немесе түзетілген код. Бұл код кейде n,k-коды, яғни ұзындығы k блок пен ұзындығы n кодтық сөз деп аталады. Декодер бір амалда n таңба қабылдайды да, k таңба береді. Қашанда кодтық сөз кірістік сөзден ұзындау, өйткені бір мезгілде қабылданатын сөз онша ұзын емес. Кодтық сөз іс жүзінде тиісті ұзындықтағы сөздер жиынынан таңдау арқылы қалыптасады, атап айтсақ, таңдау тәсілі кодқа қандай да бір нақты қасиет береді.
Block concept	Блочный принцип	Блоктық принцип	Әзірленетін сұлбаның барлық түйіндерінің орындалуы белгілі бір стандартты қызметті орындайтын және аяқталған конструктивтік атқаруы бар элементтер жинағымен жасақталатын құрастыру принципі.

Block device	Блоковое устройство	Блоктық құрылғы	Деректер блогымен жұмыс істейтін құрылғы. Мысалы, дискжетек 256 байттағы блоктарға біріктірілген деректермен әрекеттесе алады, тіпті берілетін ақпарат бір немесе екі байтқа сыятын болса да 256 байттағы блокқа беріледі.
Block diagram	Структурная схема	Құрылымдық сұлба	Үдерістерді, ұйымдастыру, талдау немесе мәселені шешу тәсілдерін графикалық ұсыну. Мұнда амалдар, деректер ағыны, құрылғылар үшін арнайы графикалық белгілеулер пайдаланылады.
Block diagram of system of automatic control	Структурная схема системы автоматического управления	Автоматтық басқару жүйесінің құрылымдық сұлбасы	Жүйені автоматтық басқаруды өзара байланысқан динамикалық буындардан тұратын сұлба түрінде ұсыну; буындардың әрқайсысы өзінің берілістік қызметімен сипатталады.
Block encryption	Блочное шифрование	Блоктық шифрлеу	Шифрлеу тәсілі. Бұл тәсілді пайдаланғанда әрбір берілетін блок бір-біріне тәуелсіз түрде шифрленеді.
Block exchange	Блочный обмен	Блоктық алмасу	Компьютердің негізгі жад пен сыртқы сақтауыш құрылғылар арасында деректер алмасу тәсілі. Блоктық алмасу кезінде деректердің орын ауыстыруы физикалық жазбалардың блоктарымен жүзеге асырылады.
Block fragment	Блочный фрагмент	Блоктық үзінді	Жол бөліктерін біріктіретін, жиынтығы тіктөртбұрышты құрайтын үзінді.
Block key	Клавиша блокировки	Құрсаулау пернесі	Регистрді белгілерімен бірге ауыстыру пернесі. Бұл пернені ұстап тұрудың қажеті жоқ.
Block loading	Блочная загрузка	Блоктық жүктеу	Жадты бөлу және деректерді енгізу блок бойынша жүзеге асырылатын жүктеу түрі.
Block mark	Маркер блока	Блок маркері	1. Ұзындығы айнымалы блоктарды өңдеу кезінде деректер блогының соңын көрсететін шартбелгі; 2. Таспалық тамға мен файлдың деректер блогының шектеушісі болып саналатын магниттік таспадағы қызметтік блок.

Block mode	Режим блокировки	Құрсаулау режимі	Есептеу торларында терминал мен мақсатты бағдарлама арасындағы байланыс тек хабарды жеткізу мен жауап алу уақытында ғана тағайындалатын режим.
Block-multiplex mode	Блок-мультиплексный режим	Блоктық-мультиплекстік режим	Тезрекетті (сұрыптайтын немесе блоктық-мультиплекстік) арнаның жұмыс режимі. Бұл режимде құрылғыны және деректер іздестіруді басқару мультиплекстік режимде, ал жеткізу дара өрістік блоктық режимде жүзеге асырылады.
Block-multiplexer channel	Блок-мультиплексный канал	Блок-мультиплекстік арна	Бірнеше сыртқы құрылғыдан деректерді ауыспалы түрде жеткізуге рұқсат беретін немесе бір құрылғысы бар бірнеше алмасу процедурасына арналған енгізу/шығару арнасы. Бұл жағдайда мультиплекстеу байт бойынша емес, блок бойынша жүзеге асырылады.
Block nesting	Вложение блока	Блокті ішке салу	Бағдарламалық блокты басқа блоктың ішінде сипаттау.
Block number	Номер блока	Блоктың нөмірі	Тасуыштағы физикалық жазбаның нөмірі. Цилиндр нөмірінен, жолшықтың және жолшықтағы жазбалар нөмірінен тұрады.
Block of acceptance of the decision	Блок принятия решения	Шешім қабылдау блогы	Бағдарламаның блок-сұлбадағы шартты өту кескіні.
Block of command processing	Блок обработки команд	Пәрмендерді өңдеу блогы	Пәрмендерді тізбектік таңдауды, дестелер ашуды, адресі өзгертуді операндтар таңдауды, яғни арифметикалық құрылғыларда амалды орындауға дайындық жасауды жүзеге асыратын компьютерлердің бірыңғай жүйесінің құрылғысы.
Block of initial loading	Блок начальной загрузки	Бастапқы жүктеу блогы	MS DOS амалдық жүйесі құрамындағы әрбір жүйелік дискінің бірінші секторында тұратын қысқа (512 байттай) басқару бағдарламасы.

МАЗМУНЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының шешімі	4
ҚР Әділет министрлігі жанындағы салалық терминологиялық комиссиясының ұсынған сөздері мен сөз тіркестері	5
<i>Ж.Х. Қосанов.</i> Экологиялық терминдерді құқық салаларында біріздендіру	8
<i>М. Ахметов.</i> Соттық медицина саласындағы кейбір терминдерді біріздендіру мәселесі	13
<i>И.В. Щепалин.</i> Специфика юридических терминов	16
<i>Ш. Мажитаева.</i> Ахмет Байтұрсынұлының терминтүзім ұстанымдары	26
<i>Қ.Ж. Айдарбек.</i> А. Байтұрсынұлы терминологиялық ұстанымдарының қазіргі терминжасам талаптарымен сабақтастығы	32
<i>Ж.Д. Рапишева</i> Мемлекеттік тілде термин жасаудың кейбір мәселелері	40
<i>Ә.О. Ыбырайым, К.Қ. Шілібек.</i> Техника ғылымдарындағы аударма мәселесі	44
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған ақпараттық коммуникациялық технологиялары терминдерінің мемлекеттік тілде түсіндірме сөздігі (орысша, ағылшынша терминдердің аудармасымен)	48

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

2012 жыл

№ 4 (42)

Бас редакторы – Шерубай Құрманбайұлы
Бас редактордың орынбасары – Ербол Әбдірәсілов
Жауапты хатшылар – Гүлжанат Азанбаева
Мадияр Мамбетов

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Тіл комитеті

Астана қаласы, Есілдің сол жағалауы,
Министрліктер үйі, «А» блогы, 15-кіреберіс, 2-қабат
Тел.: 8 (7172) 74-05-02, 74-05-03, 74-04-98

Теруге берілген күні 24.11.2012 ж. Басуға қол қойылған күні 28.11.2012 ж.
Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$. Көлемі 8,0 баспа табақ. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 70/6800.
«ІС-Сервис» ЖШС-нде басылды. 010000, Астана қаласы.